

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ

БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ

қараша айы 2020 жыл | № 11 (14)

Білім беретін, ғылыми,
танымдық, жарнамалық басылым

МББ аты: «БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналы

МББ тілі: қазақша, орысша, ағылшынша

Шығу жиілігі: айына 1 рет Тарату аумағы: Қазақстан Республикасы

Меншік иесі: «Қаламгер ТЕН» ЖШС Алматы қаласы Бас редакторы: Нагиев И. Б.

Негізгі тақырыптық бағыты: білім беретін, ғылыми, танымдық, жарнамалық

«БІЛІМ ЖОЛЫ НҰРЛЫ ЖОЛ» журналына жарияланған ақпараттардың

авторлық құқы ақпарат авторына тиесілі, редакция жауапты емес.

Жарияланған ақпарат авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Журнал ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінің Ақпарат комитетінде тіркелген.

Куәлік № KZ37VPY00015077. Нұр-Сұлтан қаласы. 19.09.2019 жыл

Тапсырыс: 562 Таралымы: 3000 дана.

Журнал «Қаламгер ТЕН» ЖШС баспаханасында басылды.

Алматы қаласы – 2020 жыл Телефон: 8 777 055 0590

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

КАЙРАЛАПОВА КУАНЫШ БАЙДРАХМАНОВНА

Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы «№ 1 мектеп-гимназиясы» КММ
Физика пәнінің мұғалімі

Қазақстан Республикасында білім берудің жаңа жүйесі дайындалып, әлемдік білім беру кеңістігіне енудің батыл қадамдары жасалында. Бұл педагогика теориясы мен оқу - тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім беру парадигмасы /үлгісі/ өзгерді, білім берудің жаңа мазмұны пайда болды. Оқу үрдісіне жаппай жаңа педагогикалық технологияның түрлері енгізілуде. Оқу - тәрбие үрдісіне жаңа педагогикалық технологияларды ендірудің алғашқы шарты: мұғалімдердің инновациялық іс - әрекетін қалыптастыру болып табылады. Жаңа педагогикалық технологияны меңгерген әрбір мұғалім өз сабағын нәтижелі даму жағынан көрсете алады. Отанымыздың келешегі, тәуелсіздігіміздің тірегі - жас буынды заманның ағымнан қалыспайтын, осы заманғы технологияларды жетік меңгерген, жан - жақты білімдар азамат етіп тәрбиелеу аса маңызды басымдықтардың бірі. Ұжымдағы жұмысты жаңа бағытта басқарудағы мақсат – шығармашылық ізденісте мұғалімдердің қатарын толықтырып білім беру оқыту жүйесін және әдістемесін заман ағымына, талабына сай жүргізу.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына арналған “ Қазақстан экономикалық, әлеуметтік және саяси жедел жаңарту жолында” атты Жолдауында “XXI ғасырда білім деңгейін дамыта алмаған ел тығырыққа тірелетіні анық” деп айтқандай, білім беру үрдісін әлемдік стандарт деңгейіне жеткізу үшін жаңа сипаттағы педагогикалық мамандар қорын даярлау қажет екендігін баса айтқаны мәлім.

Мектептегі мұғалімдердің қазіргі заман талабына қарай, әр мұғалімдер өзінің педагогикалық білімдерін жетілдіре отырып жаңа формацияға сай негізделген инновациялық технологияларды пайдаланып сабақтарды өткізу, тиімді сабақ болуы тиіс.

Білім беру жүйесіндегі ізгіліктерінендіру, дифференциялау және жекелей ықпал ету, интеллектілікті көтеру, шығармашылық бастамалары білім мекемесінде жоғарғы деңгейде қалануы тиіс. Себебі мұғалім шығармашылығы арқылы оқушы шығармашылығы мен қоғамдық өмірдегі белсенділіктері қалыптасады. Жас мамандарға, мұғалімдерге жаңашылдықтан, өзгерістен қорықпауға бағыт берілуі керек. Осылай дайындықтан өткен маман қызметке белсене араласуы, одан рахат табуы ғажап емес. Осы жағдайда нәтижеге бағдарланған білім беруде педагогті дамытудың басты көзі жасанды түрде міндеттелген « әдістемелік жұмыс», «тәжірибені енгізу» емес, нақты оқу - тәрбие үдерісіндегі және оны болжау мен ұйымдастырудағы біріккен қызмет болуы тиіс. Яғни тек іздеп, шығармашылықпен ойлай білетін педагог қауым ғана оқушылардың танымдық қызметін белсендіруге жол таба біледі

Қазақстан мектептерінде білім беру мен тәрбиені жаңаша жүргізуде төмендегідей жұмыстар жүргізілсе.

- мектеп құрылымын мазмұнына сәйкес жаңарту

- оқытудың жаңа инновациялық технологияларын ендіру.

- мектеп басқаруда, педагогикалық әдістемелік жұмыстарды ғылыми негізінде жүргізу, оның сапалық деңгейін көтеру.

Білім беру мазмұның жаңарту мен қатар, оқытудың жаңа әдіс - тәсілдердің әр - алуан құралдарын қолдану - бүгінгі күннің көкейтесті мәселесі. Жаңа білім беру жүйесі, жаңа талапқа сай педагогикалық технологияларды оқу - тәрбие процесінде пайдалану арқылы қалыптасады.

Қазақстан Республикасы Білім Заңының баптарында: «Білім жүйесінің басты міндеті - ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтар, ғылым мен практика жетістіктері негізінде жеке адамды қалыптастыруға, дамытуға және кәсіби шеберлігін шыңдауға бағытталған білім алу үшін қажетті жағдайлар жасау»- делінген.

Тұлғалар қызметін қалыптастырудың негізгі бағыты - педагогикалық инновацияны дамыту. Білім берудің мақсаты – әр түрлі деңгейдегі білім беру әрекеттерінің жоспарланған нәтижесіне жету. Бұл жерде біздің мектепке керегі мектеп деңгейі. Мектеп деңгейіндегі мақсат мектептің белгілі баспалдақтары бойынша көзделген білім нәтижесіне жету. Кәсіби білім мен өмірге пайдалы біліктілік пен дағдыларды қабылдау, белгілі кәсіптік пен әлеуметтік мақсатқа жету, өмірде өзінің лайықты орнын табу. Жалпы алғанда кез - келген салада білікті маман болып қалыптасуы үшін жағдай жасау.

Бұқаралық мектеп жағдайындағы қазақстандық білім беру жүйесінде оның « білімдік» үлгісін, оның мақсатты, мазмұнды және іскерлік сипаттамасын іске асырушы дәстүрлі түрі басым. Мұндай мектептің негізгі мақсаты - мәдени мінез - құлықты игеру, білім алуды жоғарғы оқу орнында жалғастыруға дайындау. Қазақстанда бұрынғыша жалпы қабылданған сынып - сабақ жүйесі бойынша жұмыс істеп келеді.

Әлемдік білім беру тәжірибесі дамуының осы заманғы үрдісі инновациялық режимдегі білім беру процесін ұйымдастыруда алға қойып отыр.

→ мектептерде бірлесіп жұмыс істеуді жүзеге асыру. Әдістемелік бірлестік жұмысты жандыра отырып мұғалімдердің бірлескен топтық жұмысы арқылы жұмысты дұрыс жолға қоюға болады.

→ білім жүйесі әлемдік деңгейге жеткізу үшін, ашық түрде білім беру, сын тұрғысынан ойлау, диалогтық оқыту, кері байланыс, білім беруді ақпараттандыру мен оқыту әдістемелерін оңтайландыру, рефлексивті ойлау технологиясын қарқынды пайдаланып сабақ өткізу.

білім беру ісінің барлық деңгейінің мазмұнын жаңарту мысалы (сабақ жоспарларын) және замана талаптарына сай дайындау сапасын жоғарлату;

→ әлемдік білім кеңістігіне шоғырлану және тұлға мен қоғамның білімге негізделген қажеттілігін қанағаттандыру үшін көп деңгейлі үздіксіз білім берудің ұлттық үлгісін модернизациялау мақсатында білім беру ісін, ғылым мен өндірісті ұштастыра жүргізу.

→ ата - аналардың балалардың оқыту мен тәрбиелеуге белсенді қатысуын қамтамасыз ету, мектеп өміріне жиі араластыру.

ТУҒАН ЖЕРІМ - АЛТЫН БЕСІГІМ

Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті

Журналистика және саясаттану факультеті

Туған жер қасиетті де, киелі ұғым. Атамекенінен қадірін алшақ кетіп, жыраққа шықпаған жанның түсінуі екіталай. Туған деген ұғымды жеке алып қарағанның өзінде қаншама мағына жатыр. Құрметке ие емес, қарапайым дүниені туған сөзіне сыйдыру мүмкін емес.

Адамның туып өскен, кіндік қаны тамған жері өзіне қашан да ыстық, қасиетті. Шексіз құдіретке ие туған өлке - адам жанының емшісі. Топырағы жанға шипа, ауасы жанға дәру. Небір ұлы тұлға, құрметті азаматтардың ауыл топырағына аунап өскені бізге белгілі. Ауыл қашанда қадірлі.

Ауыл десе бірден қарапайым адамдар мен мейірімге толы жүздер елестейді. Мейірімділікпен тығыз байланысқан ауыл өмірінің қызығы мен шыжығы мол. Әрдайым бір-біріне қол ұшын беруге дайын тұратын ауыл тұрғындары адалдықтың нышаны тәрізді. Туған жерді жыр жолына қоспаған ақын-жазушыны кездестірмедім деп айта алмаймыз. Осыдан-ақ атамекеннің қасиетін түсінуге болатын шығар. Барлық киелі ұғымдардың барлығы туған жер ұғымына сыйғызу мүмкін емес.

Адамзат баласы өмірге келген сәтінен бастап, мектеп табалдырығын алғаш аттаған уақыты әрқашанда ыстық. Ал, ол оқиғалардың барлығы атамекенде орын алады.

Туған жерім Қазақстан деп жай айта салуға болмайды. Елім деп ерекше мақтан тұтатын жанның бойын әрдайым қуаныш сезімі баурайды. Бұл дүниеде қаншама жанды кездестіреміз. Соның ішінде елім деп еңіреген небір азаматтарды кездестірсек, енді бірде халқына ешбір жаны ашымайтын, өзінің қамын ойлайтын азаматтар мен азаматшаларды кездестіреміз. Ондай тұлғалар Отанының өркендеуіне емес, керісінше құлдырауына жол ашады. Еліміздің таза ауасын жұтып, кең байтақ жеріне орналасқандықтан әрбір жан туған жерінің қамын ойласа екен деймін.

Ал, қазір мен өзімнің туған өлкем - Қаратал ауылы жайлы айтқым келіп тұр.

Солтүстік Қазақстан облысы, Уәлиханов ауданына қарасты кішігірім ауыл ондағы әрбір тұрғанның ыстық мекені. Сілеті өзенінің жағасында бой көтерген ауылымздың табиғаты жанға сая деп мақтана айта аламын. Ауылымызды қоршай аққан өзендер табиғатына одан әрі көрік беріп тұрғандай. 60 шақты үй орналасқан шағын ауыл небір гұлама, ұлы азаматтардың кіндік қаны тамған жер. Қанжығалы ұрпақтарының бір өлкеде жиналып, бір үйдің балаларындай күн кешуі көпке өнеге. Базаргелді балалары деген атқа ие Қаратал ауылының халқы адалдық пен адамдықтың символы.

Кіндік қаным тамған жер мен үшін әрқашанда киелі, құдіретті. Себебі, тек мен емес, ата-анамның, ата-бабамның кіндік қаны тамған жер.

Туған жер - әрқашанда адам үшін бірінші орында тұратын баға жетпес қазына.

ІС-ТӘЖІРИБЕНІ ҚОЛДАНУ БАРЫСЫНДА САБАҚТА ДИАЛОГТІК ОҚУ МЕН ЖАҢА ӘДІС – ТӘСІЛДЕРДІҢ МАҢЫЗДЫ РӨЛІ

*Түркістан облысы, Ордабасы ауданы, Б.Төлебаев атындағы ЖОМ
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Тоқаболат Айсұлу Үсентайқызы*

Тізбектелген сабақтар топтамасындағы өзімнің 3 б сыныбында өткізген 2-ші сабағым көктем айлары атты тақырыпта болды. Алдымен оқушылармен жылы көңілді қарым қатынас сәтін жүргізіп, оқушылардың сабаққа қатысын тексеріп алдым. Оқушыларды көктем айларына байланысты үш топқа бөліп, оқушылардың бар көңілін сабаққа аудару мақсатында кіріспе жүргізіп, топ ережесімен таныстырдым. Бүгінгі сабақта бағалау смайликтер жинау арқылы жүргізілетінін ескерттім. Үй тапсырмасы оқушылардың сөздік қорын байыту үшін, сөздік сұралды.

Жыл мезгілі көктем туралы білгендерін еске түсіріп төрт шумақтан тұратын тақпақтар айтты. Жаңа сабақтың тақырыбын ашу үшін, «Мозговой штурм» миға шабуыл әдісі сұрақ жауап арқылы жүргізіліп, оқушылар жаңа сабақ тақырыбын айқындап, сабақ мақсаттарымен критерилермен танысты. Оқушылар сурет арқылы жұмыс жасап, оқылым дағдысын жүзеге асыру барысында «Оқылым аядамасы» арқылы жүргізіп, көктемнің үш айы март, апрель, май (наурыз, сәуір, мамыр) айларында болатын табиғат құбылыстарымен танысты.

Топтық жұмыс «Кім жылдам» әдісі арқылы көрсетілген суреттермен жұмыс барлық оқушыларды қамту арқылы жүргізілді. Кейбір дарынды оқушылар бірден үш тілге аударды (орыс, қазақ, ағылшын тілі). Оқушылар сынып бойынша «Штопанье дыр» әдісі арқылы перфокарта қағаздарымен жұмыс жүргізілді. Үш топқа үш түрлі тапса берілді. Оқушылардың шығармашылық қабілетін арттыру барысында жұмбақтар шешу тапсырмасы орындалды. Жұптық жұмыс кеспе қағазы арқылы «Өзің білсең басқаға көмектес» әдісі арқылы оқушылар алдымен тапсырманы өз бетінше орындап, кейін бір-бірін тақтадан тексерді. Сергіту сәті орындалды. Сабақты қорыту барысында оқушылар берілген «мақал-мәтелді жалғастыр» әдісі арқылы топпен бірігіп орындады. Көктем мезгілінде не үшін егістікте жұмыс көп болатынын оқушылар түсіндіріп берді. Рефлексия кезінде оқушылар өз көңіл күйлерінің жақсы, көтеріңкі, сабақтың түсінікті, ұғымды болғанын күлімдеген күн арқылы, ал сабақ түсініксіз қызықсыз болса бұлт арқылы көрсетті. Бірақ бұлт көтерген оқушы болмады.

Оқушыларды өздерінің жинаған смайликтері арқылы бағаладым. Үй тапсырмасы оқушылардың сурет салуға деген құштарлығын арттыру мақсатында көктем мезгілін бейнелеу болды. Салған суретке қарап, 3-4 сөйлем құрады. Тізбектелген сабақтар топтамасындағы өткен 3-ші сабағым С празником Наурыз болды. Бұл сабақ салт дәстүрді дәріптейтін, көңіл күйді көтеретін тақырып болғасын сабақ көңілді басталды. Алдымен оқушылармен амандасып, мерекемен құттықтау арқылы басталды.

Топқа бөлуде түрлі-түсті конфеттер болды. Сабаққа деген құштарлығымызды Наурыз! Наурыз! енін айтумен басталды. Мерекеге орай сабақты бағалау тәтті конфеттер болды. Оқушылар топ ережесімен танысып алды. Үй тапсырмасы «Мақалды жалғастыр» әдісі арқылы оқушылар мақал мәтелдер айтты. Жаңа сабақ тақырыбын ашу үшін, оқушыларға мереке деген не екені, Қазақстанда қандай мерекелер бар екені Наурыз айындағы ең үлкен мереке жаңа жыл туралы мағлұмат беруден басталып,

Наурыз мерекесі туралы видеоролик көрсетілді. Оқушылар мәтінді оқымас бұрын сөздікпен жұмыс жүргізілді. Топтық жұмысы «Ия немесе жоқ» әдісі арқылы берілген суреттерге қарап әңгіме жүргізілді. Оқылым дағдысы «Чтение по цепочке» әдісі арқылы оқылды. Жаңа сөздерді есте сақтау үшін жұптық жұмыс «Мен бастаймын сен аяқта» әдісі арқылы жүргізілді. Оқушылар өз бетінше өзіндік жұмысын орындап, көршісін тексерді. Топтық жұмыс «Обычай и традиции» жүргізіліп, оқушылар плакатқа берілген сөздерді «Соединии линии» әдісі арқылы сызып көрсетті.

Сергіту сәті мерекеге орай Кара жорға биі болды. Оқушылар сабақты қорытындылай келе берілген бірнеше сұрақтарға жауап беріп, тақтада берілген Кроссворд тапсырмасын шешті. Рефлексия кезеңін қызғалдақ гүлінің үш түрлі түсі арқылы жазды. Қызыл қызғалдақ – өте жақсы көңіл күй, Сары қызғалдақ - орташа көңіл күйді, көк қызғалдақ - көңілсіз күйді білдірді. Үй тапсырмасына «Наурыз - день равноденствия» тақырыбына эссе жазу болды. Осы төменде өтілген сабақтар барысында менің байқағаным оқушылар диалогтік қарым-қатынаста болды. Диалог орнатудың тиімді және тиімсіз жақтары, көшбасшылардың рөлі, жұмыстың өнімділігі, қызықты өтуі үшін топты қалай ұйымдастыру керектігін жалпы психологиялық жақсы ахуал орнатуда не маңызды екендігі туралы пайдалы көптеген мәліметтер алдым.

Оқушылардың топтық жұмыс кезіндегі белсенділігі, баяндамашы ретінде өз жұмыстарын қорғауы, қойылған сұрақтарға тосылмай жауап беруі, менің өткізген үш тізбектелген сабақ барысында көрініс тапты. Оқушылар қалай оқу керектігін үйренді. Алдағы уақытта өз бетімен білім алу, өз ойларын айқын, еркін жеткізу керектігін түсінді. Өздері оқу дағдысын қалыптастыру жауапкершілігін өз мойындарына алу керектігін, өз бетінше іздену керектігін түсінді. Іс- тәжірибені қолдану барысында сабақта диалогтік оқу мен жаңа әдіс – тәсілдердің маңызды рөл атқаратынын байқадым. Егерде барлық сабақтарда мүмкіндігінше бағдарламаның 7 модулін кіріктіріп өтсе, оқушылардың өмір сүру қағидалары мен салт – дәстүрдің насихатталуы, оқушылардың өз бетінше білім алуы, ізденуі, сөз қорының молайуы, сабаққа деген ынтасының артатыны айдан анық байқалды. Қорытындылай келе Александр диалог түрінде білім беру оқушыларды ынталандыру және дамыту үшін мүмкіндік береді деп санайды. (МАН 29 бет). Мерсер өз еңбектерінде диалог сабақта оқушылардың қызығушылығын тар олардың білім деңгейінің өсуіне үлес қосатындығын атап көрсетеді. (МАН 38 бет). Осы жайлар шын мәнінде өз іс-тәжірибемде байқалды.

Выготский когнитивті даму оқушылардың жақын арада даму аймағында жұмыс істесе, жақсартындығын айтты. Бұл Жада баланың өзі орындай алмайтын тапсырманы біреудің көмегімен орындауға мүмкіндік береді. Бұл өзімнің іс-тәжірибемде анық байқалды. Бұрын белсенділік танытпайтын білсе де білмейтіндей кейіп танытатын, тыныш отыра беретін оқушының қызықты әдіс-тәсілдерді кеңінен қолдану барысында оның пәнге деген қызығушылығы артып, белсенді болақ бастап, диалогтік оқыту кезінде рөлдік ойындарға белсенділік танытып, рөлдерді сомдады.

«Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей, мұғалімнің міндеті- оқушы бойында жасырынып жатқан талантты, мүмкіндікті ашу. Кез-келген бала оқу әрекетінде өмір бойы жинақтаған тәжірибесін меңгеріп, шығармашылық іс әрекеттерін дамытып, өз идеяларын жүзеге асыруға әрекет ету керек.

Білім берудің ұлттық модуліне көшкен қазіргі мектепке ойшыл, зерттеуші, практикалық үйлестіруді шебер меңгерген педагог-психолог педагогикалық диагностика қоя білетін іскер мұғалім қажет. Кембридж бағдарламасының ең бір ерекшелігі білімді оқушыларды « жақсы», «жаман», «нашар» деп бөлмей оқушылардың оқып үйренуіне, сапалы білім алуына, өздерін ортада тең сезінулеріне жағдай жасау.

Бұрынғы оқушы тындаушы, орындаушы болса, ал қазіргі оқушы өздігінен ізденетін, шығармашыл жан-жақты дамыған жеке тұлға болып өсуіне ерекше мән беруіміз керек. Осыдан жан –жақты дамыған көзі ашық көкірегі ояу, білімді, ұлтымыздың дінін, ата заңын, салт дәстүрін ұстанатын, елі, жерім деп аянбай жан-тәнімен тер төгетін патриот азамат, азаматшаны өзін-өзі басқаратын тұлғаны тәрбиелеп, оқыту үшін оқытудың жаңа тиімді әдіс-тәсілдері қажет. Мен өз сабақтарымда сапар Ақмарал апайдан мүмкіндігінше үйренген оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін 7 модульді кіргізуге әрекет жасадым. Соның нәтижесінде көптеген оң өзгерістерді байқадым. Оқушылардың сөз қорының молайғандығын, көшбасшылыққа деген ұмтылыстарының артқандығын, топта бірлесуді, ортақ пікір шығаруды, достарына көмек көрсетуді, білгендерін білмегендермен бөлісуді, пікірлесуді, бір-бірінің айтқан ойларын жинақтап салалауды, ақпараттық коммуникативтік технологиялармен жұмыс жасауды, рөлдік ойындарды қымтырылмай қысылмай сомдауды, өз ойларын ортаға салып, өз пікірлерін айтуды үйренді. Барлық оқушылардың белсенділіктері артып, үлгерімі төмен оқушылардың сабаққа, білім алуға деген құштарлығы артып, алдыңғы қатарлы оқушылар қатарына қосылды. Әр сабақты осылай 7 модульдің тиімді тұстарын өз тәжірибемізде кеңінен кіріктіріп, дәріс берсек оқушылардың сындарлы білім алуға деген құштарлығы арта түсері хақ. Оқыту мен оқудағы жаңа тиімді әдіс-тәсілдер мұғалімге күнделікті тың ойлар әкеледі.

Егеменді еліміздің тірегі – білімді ұрпақ. Өз ұрпағының білімді, тәрбиелі, өнегелі өнерлі, еңбексүйгіш, абзал патриот азамат болып, өсуі үшін халық педагогикасының негізгі мақсатын шығармашылық пен оқу-тәрбие үрдісіне тиімді пайдалану әрбір ұстаздың міндеті болып табылады. Оқушыға тек дайын дүниені бергеннен гөрі, түрлі бағыттаушы сұрақтармен, қилы жағдаяттар, әдіс-тәсілдер арқылы бағыт-бағдар беріп, талаптандырып іздендірсе, сенім артса, олардың нәтижелі білім алып, жұмыс жасауға, маңызды білім алуға деген ынта жігері артады.

Мұғалім міндеті дұрыс бағыт-бағдар беріп, тәжірибелі ұйымдастыра білу. Сонда ғана оқушы өз бетімен ізденуге, еңбектенуге талпынып, көп нәрсені үйренеді. Алдағы уақытта өзіме міндеттермен мақсаттар жүктеп, тәлім алушы курсынан алған білімімді шыңдап, өз тәжірибемде кеңінен қолданамын деген сенімдемін.

Алдағы мақсат-міндеттерім.

- Оқушылардың пәнге деген қызығушылықтарын арта түсіру.
- Топтық жұмысты үнемі қолдану.
- 7 модульді дұрыс әрі тиімді қолдану.
- Әріптестемен тәжірибе алмасу.
- Кері байланысты үнемі орнату.
- Оқушылардың іс-әрекетін бақылау және талдау.
- Оқытуда белгілі бір нәтижеге қол жеткізу.

Алдағы уақытта бағдарламаның 7 модулін басшылыққа ала отырып, осы бағдарлама аясында өз білімімізді толықтыра отырып, сабақтарымды қызықты да шығармашылыққа толы, оқушы зейінін сабаққа аударып, қызығушылығын, ынтасын арттыратындай, нәтижесінде сапалы білім саналы тәрбие алып, еліне адал қызмет ететін шәкірттерді тәрбиелеп шығарамын деген сенімдемін.

Білімді ұрпақ етіп жетілдіру ұстаздардың қолында. Сол жауапкершілікті ақылды ой-санамен түсініп, әр сабағымда жаңалық ашуға ұмтылып, жаңа технологияны пайдаланып, оқушы қызығушылығын арттыру әрбір ұстаздың міндетім деп білемін.

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Ағылшын тілі пәні мұғалімі Ділданова Надира Көмекқызы*

Сабақты жүргізген ағылшын тілінің мұғалімі Ділданова Надира Көмекқызының рефлексиясы.

4 «в» сыныбында диалогтық оқыту тақырыбында зерттеу бойынша ағылшын тілі пәнінен «Жеке бас гигиенасы» тақырыбында сабақ өттім. Сабақты шығармашылық топпен ұйымдаса отырып сабақ жоспарын жасадық. Бұл менің жоспарлы бірінші сабағым.

Мақсатым ағылшын тілі сабағында диалогтық оқыту қабілетін арттыру, оқыту мен оқудағы түрлі тәсілдерді қолданып оқушыларымның білім деңгейін көтеру, оқу және айтылым дағдысын қалыптастыру болғандықтан, сабақтың әрбір сәтін мұқият талқылаудан өткізіп, тапсырма орындау, терең түсіндіру үшін сабақ берудің түрлі тәсілдерін қолдандым.

Сабақтың алғашқы сәтінен- ақ оқушылардың қызығушылығы басым болды. Сыныпта ынтымақтастық атмосферасын орнатып, сәлемдесіп, оқушылардың тілін сындыру үшін ағылшын тілінде әріптiркестердiң дыбысталуын қайталадық. Үй тапсырмасын сұрау барысында шеңбер құрап ашықхатта берiлген сұрақтарға жауап бердi. Әр хаттың тапсырмасы әртүрлі, сөздік, сөзтіркесі, сөйлем түрлерін аударма жасады. Әрине сөздік жаттаған оқушы белсене жауап берді, әріптiркестердi басым көпшiлiгi дұрыс оқыды, аудармадан кейбiрi қателiк жiбердi. А және Б деңгейлi оқушылардан толық жауап алдым. С деңгейдегi оқушылар сөздік жаттамағандықтан оқыса да, аударма жасап беруден қателесті.



Ал жаңа сабағымда диалогтық байланыс орнату үшін бірнеше сұрақтар қойдым. Сұраққа жауап таба отырып тақырыптың «Жеке бас гигиенасы» екенін ашып алдық.

Сабақтың келесі кезеңінде жаңа сөздермен таныстырып, қайталатып, айтылуын үйретіп пысықтадым. Ол үшін аудиотыңдалымнан мәтінді тындап бүгінгі жаңа сөздерді, әріптiркестердi қайта айтып бердi. Осы орайда

С деңгейдегі оқушыларға топта айтқызып, жұптық және жеке жұмыс жасау арқылы есте сақтау қабілетін «о» әрпінің ашық буында ұзақ дыбысталуын есінде қалдыру үшін жұмыс жасадым.

Ал болымсыз сөйлем құрастыруда өткен шаққа өзгерту кезінде қателіктер жіберді. Осы сәтте диалогтық оқытуды қолданып болымды сөйлемді болымсыз сөйлемге айналдырып жұптық жұмыс жасады. Бұрыс етістікті табу қиындық туғызды, бұл мәселені шешу үшін тек көбейту кесте жаттағандай бұрыс етістікті жаттап алу керек. Джектің жақсы және жаман қасиеттерін жазып қорғады. А және Б деңгейдегі оқушылар өз ойларын сөйлеммен айтып жатты. Ал С деңгейдегі оқушы тек постердегі жазбаны оқып қана берді.

Осы тапсырмада мардымды жауап ала алмаған соң диалогқа түсіп сұрақтар қойдым, жауап беруге тырысты. Сабақ соңында оқушылардың суммативтік бағасын шығара отырып, стикерге барлық сынып бойынша көңіл-күйлерін жазу арқылы смайликтерге орналастырғыздым.

Сабақтың сәтті тұстары:

1. Оқушылардың тапсырмаларды өз дәрежесінде орындай алуы.
2. Топтық жұмысқа белсене атсалысуы. А деңгейлі оқушылардың көшбасшылық қабілеті шыңдалды.
3. Тақырып мазмұнын жақсы түсіне алды.

Сабақтың сәтсіз тұстары:

4. С деңгейлі оқушылардың енжарлық танытуы.
5. Постермен жұмыс жасауда балалардың тіл байлықтарының аз, біршама балалар өз ойларын жеткізуде қиналып тұрды.

Болашаққа болжам:

6. Оқу дағдысын қалыптастыру, диалог құрастыру үшін деңгейлік кеспе қағаздармен жұмыс жасау.

Ауызша және жазбаша сөйлеу тілі

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Логопед-дефектолог: Байзах Үміт Әзімбекқызы*

Диагностикалық және ұйымдастырушылық бағыт.

Мақсаты: Ауызша және жазбаша сөйлеу тілінде бұзылысы бар балаларды анықтау.

2018 жылдың 16 – 25 шы қазан аралығында бастауыш сынып оқушыларының 1 – 4 сынып бастапқы логопедиялық тексеру жүргізілді. Тексеру нәтижелерін сараптай отырып, логопедиялық бөлімге 15 оқушы тіркелді. Соның ішінде 1 оқушы басқа мектепке ауысты. Сәуір айында бір оқушы ПМПК сараптамасынан өтіп тіркеуге алынды.

Сөйлеу тілінің барлық компоненттерін тексерудің нәтижесінде оқушылардың сөйлеу тілінің жалпы бұзылуы, сөйлеу тілінің фонетика – фонематикалық есту қабілетінің дамымауы, фонетикалық бұзылыстар, тұтықпа және сөйлеу тілінің жүйелі бұзылысы түрлері кездесті.

- 1. Фонетико – фонематикалық тілінің бұзылуы
- Дизартрия
- Тұтықпа
- Сөйлеу тілінің жалпы бұзылысы III деңгейі күрделі дислалия
- Фонетико – фонематика қосымша күрделі дислалия

Логопедиялық бөлімге тіркелген оқушыларға топтық және жеке сабақтар жүргізілді. Жүргізілген сабақтар күнтізбелік жоспарға сәйкестендіріліп, оқушылардың жеке даму жоспарына тіркеліп отырды. Оқушылардың сабағы аптасына 2 – 3 рет сабақ кестесі нәтижесінде құрылды. Сонымен қатар 2018 – 2019 оқу жылында дефектолог – логопед көмегін қажет ететін балалар тізімі мен сөйлеу тілінің бұзылыстары бар балаларға арналған түзету дамыту жұмысының жоспары құрылып логопед көмегін қажет ететін балалар анықталып олардың ата – аналарымен түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Жылдың соңында диагностикалық тексеру жүргізіліп, логопедиялық бөлімге тіркелген оқушылармен жүргізілген жұмыс сарапталып талдау жасалынды.

Қалыпты сөйлеу тілі деңгейінде 1-4 сынып аралығындағы 10 оқушы меңгеріп, логопедиялық бөлім есебінен шығарылды.

Түзету – дамыту бағыты бойынша байланыстырып сөйлеу тілін дамыту, есте сақтауы мен қабылдауын дамыту, сөздік қорын дамыту, фонематикалық қабылдауын дамыту мен тілдік анализ бен синтезді жетілдіру, ұсақ моторика мен қол – саусақ моторикасын дамыту, артикуляциялық моториканы, психологиялық қызметтердің құрлымдармен жұмыс, ойлау қабілеттерін дамыту және т.б. бойынша топтық және жеке сабақтар

жүргізілді. Балалардың жас ерекшеліктеріне және сөйлеу тілі бұзылыстарына сәйкес коррекциялық бағдарламалар жасалып, әр бір баламен жеке жүйестік жұмыстар жүргізілді. Әр сыныптан жас ерекшелігі әр түрлі жолдама алынып келгеннен бастап қойылған диагнозы бойынша сабақ өтілді. Оқушыларға сабақ кестелері қойылып жұмыс жоспарымен жүргізілді.

2019 – 2020 оқу жылында ПМПК қорытындысы бойынша логопедиялық жеке сабаққа 15 бала тіркелді.

Қорытынды: Логопедтің көмегін қажет ететін балалардың көрсеткіші оқу жылының басына қарағанда жақсарды. Балаларға әлі де түзету жұмыстары жалғасады.

* * * * *

Қарым-қатынас жасай білу - үлкен өнер. (психологиялық тренинг)

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Педагог-психолог Култаева Толкын*

Мақсаты: Қатысушылардың позитивтік көңіл-күйін көтеру, жүйке жүйесін демалдыру, бір-біріне деген құндылық, сергектік, адамгершілік қатынасын қалыптастыру және ұжымды біріктіру эмоционалды көңіл - күйлерін көтеру, кәсіби шеберліктерін арттыру және топтасып жұмыс істеуді дамыту.

Қажетті құралдар: тренинг ережесі ,нақыл сөздер, маркер, ақ парақ, түрлі-түсті қарындаштар, музыка.

Тренинг ережесі:

- Тыңдай білу
- Белсенді қатысу
- Сөзді бөлмеу
- Күлімсіреу
- Сын айтпау
- Уақытқа бағыну

Мұғалімге қатал болған жақсы. Мейірімді болған одан да жақсы. (халық даналығы)
Баланы мейіріммен меңгере алмаған адам қаталдықпен де бағындыра алмайды. (А.П. Чехов)

Армысыздар, құрметті қонақтар!

Психолог: Бүгінгі «Қарым-қатынас жасай білу-үлкен өнер» атты тренингке қош келдіңіздер!

Әрбір адам - өмірге келген қонақ. Өмір өте мәнді, мағыналы өтуі үшін адамдардың бір бірімен сыйластыққа болғанына не жетсін?! Олай болса, бүгінгі тренингіміз осы қарым –қатынас жасай білу –үлкен өнер екенін кеңінен ұғынуға мүмкіндік береді. Адамның қарым-қатынасы оның көңіл-күйіне байланысты. Көңіл –күй адамның ішкі дүниесінің құбылысы, көңіл –күй адамның айнасы. Олай болса біз қазір бойымыздағы барлық ауырлықты артқа тастап, денемізді жеңілдетіп алуға тырысамыз. Ол үшін: орындыққа жайланып отырыңыздар, екі қолымызды аяғымызға қоямыз, содан көзімізді жұмамыз.

«Теңізге саяхат» релаксациялық жаттығуды орындауға шақырамын.

Жайланып отырыңыз, көзіңізді жұмыңыз. Терең демалыңыз, денеңізді бос ұстаңыз, денеңі ауырлап бара жатқандай және оны теңіз толқынының лебі ұрып жатқандай сезініңіз. Өзіңізді жартастың үстінде тұрмын деп есептеңіз және алысқа көз жіберіңіз. Сіздің алдыңызда көгілдір теңіз, ашық аспан және күн. Теңіз бірқалыпты дем алып, асау толқындары жағаға соғылып, қайтадан кейін қайтуда. Теңіз толқындарының шуын естіп, толқындарға қызыға қарап, жағалаудағы теңіздің тұзды ауасын жұтып сіз тұрсыз. Өз бойыңызды басқан ауыртпалықтан бір сәтке болсада арылғандайсыз. Сіздің рухыңыз жайлылық сезіміне толы. Сіз төменге түсіп, аяғыңызды шештіңіз, жалаң аяқ құмның қызуы мен жұмсақтығын сезіне отырып жүгірудесіз. Міне сіз судың жанына келдіңіз, толқындар сіздің аяғыңызды жуып жатыр, су жып-жылы әрі жұп-жұмсақ. Сіз қолдарыңызды бос тастап, басыңызды шалқайттыңыз. Күн сәулесі мен жеңіл самал сіздің бетіңізді өбуде, теңіз толқындарының тамшылары сіздің денеңізді баурап алғандай. Ерніңізде теңіздің тұзды суының кермек дәмі және бақыт күлкісі. Сіз өзіңізді кішкентай бала сияқты сезініп, жүргініңіз, секіргініңіз, су шашып ойнағыңыз, күлкіңіз келеді. Өзіңізге осы бірнеше минут ішінде не істегіңіз келсе, соны істеуге рұқсат етіңіз. Сіздің қайтатын уақытыңыз болды. Міне сіз тағы да жардың басында тұрсыз. Сіз демалыс пен бақыт сыйлаған ғажайып әлемге алғысыңызды айттыңыз. Асықпай бұл орынмен қоштасыңыз. Қандай ғажап табиғат, таза ауа, жұмсақ құм, жылы су! Енді кең дем алып, ақырын демімізді шығарамыз.

Біздің басымыз артық ойлардан тазарды. Біз өзімізге күні бойға жетер жігер, қуат жинадық, біздің көңіліміз қуанышты. Біз осы өмірдегі ең бай, ең байсалды, ең білімді, ең керемет жандармыз!

Бір - бірімізге қуанышты сезіммен қараймыз. Біз қандай бақыттымыз! Көздеріңізді асықпай ашыңыздар. Рефлексия! Қазір қандай күйдесіздер? Босансу жаттығулары қаншалықты нәтиже береді екен ?

2. «Менен бір тілек» жаттығуы

Нұсқаулық: «Бүгінгі күнді бір-бірімізге тілектер айтумен бастайық; Бірінші қатысушы орнынан тұрып, кез-келгеніміздің қасына келіп амандасады да, оған жақсы тілектер тілей бастайды. Ал, ол өз кезегінде келесі адамға келіп, өз тілегін білдіреді, осылай әрқайсымыз бір- бірімізге тілек айтып шығамыз».

Жаттығудың нәтижесі «Сіз өзіңізді қалай сезінесіз?» деген сұрақ арқылы қысқаша талқылауға болады немесе «Сіз біреуге тілек тілеген кезде қандай сезімде болғаныңызды және сізге біреу тілек тілегенде қандай халде, сезімде болғаныңызды әңгімелеп беріңіз?» деп ұзын сұрақ қоюға болады.

3. Адамның сұлбасын жасау.

Мақсаты: Әр адамның өзіне деген мақсат мүдесі болады сол себепті оны бағалай білу керектігін түсіну.

Нұсқау: Алдарыңыздағы ақ парақты аламыз да, ешқандай құрал пайдаланбастан, қолмен жыртып отырып адамның сұлбасын жасаймыз, одан кейін оны бояп әрлейміз, болғаннан кейін нәтиже түсіндіріледі.

нәтижесі: Адам сұлбасына суреттеме.

1. Басына қалпақ кигізген болса, онда болашақта үлкен адам болады.

2. Суреттің формасы қалай суреттелген болса, онда өзін суреттегені.

3. Көзі ашық болса, онда ол өмірдегі жаңалықты өз көзімен көргенді ұнатады.

4. Құлақ жоқ болса естігісі келмейді.

5. Қолын жинап алған болса, онда шығармашылық басым.

6. аяқ киім жоқ болса, өмірде қалай жүрерін білмейді.

7. Саусақтар салған болса, майда жұмысты жақсы көреді.

4. «Шығармашылық құндылық ағашы»

Нұсқау: Үлкен ағаштың суретін салу керек. Бұл сіздің шығармашылық құндылық ағашыңыз. Бірнеше берілген құндылықтарды ағаштың тамырына, діңіне, бұтақтарына орналастыру. Тамыры сіздің ең негізгі құндылық болып есептеледі, ағаштың діңіне орташа құндылықтарды, ал бұтақтарына шығармашылығыңыздағы маңызды бірақ, қатты қолданбайтын, көп көңіл аудармайтын құндылықтарды орналастыру керек.

1. Мықты денсаулық

2. Әріптестеріне, достарыңа ашық есік

3. Ауызбіршілік

4. Ортақ қызығушылық

5. Бір – бірінің жұмысына араласпау

7. Тәртіп

8. Бос уақытты үнемді пайдалану

9. Сенімділік

10. Мектеп басшысының сөзі заң

11. Өз ұжымына үлгі болу

12. Әлеуметтік жағдай

13. Ұжымдық қарым- қатынас

14. Махаббат

15. Мейірімділік

16. Шынайылық

17. Сырт көзге үлгі болу

18. Береке

19. Үлкенге – ізет, кішіге – құрмет.

20. Көп бала

Соңында үлкен Бәйтерек ағашы шығу керек. Шыққан суретті қорғап шығамыз.

5. «Ер қанаты ат» жаттығуы

Тай атқа жеткізер,

Ат мұратқа жеткізер демекші қазір сіздерге мынадай жеке тапсырма беріледі. Сіздерге аттың суреттерін таратып беремін, сіздер атқа адамды отырғызасыздар. Кімнің ойы жүйрік екен, кім мұратына жете алады екен соны анықтай аламыз.

6. «Кемпіркосақ»

Барлық ойыншы жарты шар болып тұрады. Ортамыздан бір қатысушы шығып, кімге қандай түс ұнайтындығын сұрайды. Содан өзі теріс қарап тұрады. Қатысушылар орнын ауыстырады. Бақылаушы кімнің қандай түс ұнататынын айтып шығады. Соңында түсін дұрыс атамаған адам ортаға шығады.

7. «Бір мезгілде екі қол.»

Келесі жаттығуымыз бір мезетте екі қолмен деп аталады. Біздер қазір бір мезетте екі қолмен бірдей 0ден-9 ға дейінгі сандарды жазып шығамыз. одан кейін бір-біріне ұқсайтын екі санның астын сызып белгілейміз.

- 1- күрескер
- 2- эгойстер
- 3- іскер болашақ бастықтар
- 4- бейбітшіл адамдар(мәмлеге келушілер)
- 5- өздеріне өздері проблема тудыратындар
- 6- ақылды адамдар
- 7- нағыз жігіттер,
- 8- жан-жақты адамдар
- 9- қауіпті адамдар
- 10- оларға сенуге болатын адамдар.

Рахмет сіздерге, тоқсан ауыз сөздің тобықтай түйініне де келіп жеттік.

Бүгінгі тренингқа келген ұстаздардың барлығына алғысым шексіз.

Ұлағатты, ұстамды,

Сабырлы да салмақты,

Тапқыр да талантты,

Адал да ақылшы,

Зерек те зейінді бола беріңіздер дей отырып бүгінгі тренингімізді аяқтаймыз.


Соңында: «Ашығын айтқанда» анкетасы таратылады.

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Информатика пәнінің мұғалімі Сейдуалиева Аида*

Ұзақ мерзімді жоспар: 4 бөлім. Компьютерлік ойынды құру		
Мектеп: Б.Төлепбаев атындағы жалпы орта мектебі		
Күні: 28.02.2020 ж	Мұғалімнің аты-жөні: Сейдуалиева Аида	
Сыныбы: 6 «А»	Қатысқандар: 12	Қатыспағандар: 0
Зерттеу сұрағы	Информатика пәнінде 6 «А» - сынып оқушыларын Scratch бағдарламасында ойын сценарийін жүзеге асыруға қалай үйретуге болады?	
Зерттеу мақсаты	Информатика пәнінде 6 «А» - сынып оқушыларын Scratch бағдарламасында ойын сценарийін жүзеге асыруға үйретудің тиімді жолдарын анықтау?	
Сабақтың тақырыбы:	Ойынның бастапқы бетін құру	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	6.3.1.1-ойын ортасындағы программалау сценарийін әзірлеу және жүзеге асыру	
Ойлау дағдыларының деңгейі	Жоғары деңгей	
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар: Ойынның сценарийін түзілуіне қажетті алгоритм құрады.	
	Оқушылардың көпшілігі: Құрылған сценарийге анимациялар қолданып, жүзеге асырады.	

	Кейбір оқушылар: Scratch ойын программасында дыбыспен сүйемелдейді.
Бағалау критерийлері	- ойын ортасында сценарийдің түзілуіне қажетті алгоритм құра біледі. - ойын ортасында ойынды безендіруде анимациялар мен фондарды өзгерте алады. - программалық кодқа дыбыспен сүйемелдеп жүзеге асырады
Тілдік мақсат	Оқушылар: Scratch бағдарламасындағы блогтар, скриптілер, кейіпкерлер, дыбыс, сахна ұғымдары мен терминдерді атай алады Пәнге қатысты лексика мен терминология: Scratch, Sprite, скриптілер, блоктар, костюм, сахна, кейіпкер, дыбыс. Диалог жазу үшін қолданылатын қажетті сөз тіркестері: Ойын программасында сценарий әзірлеуде блоктардың, скриптілер, спрайттар, костюмдердің қолданылуын түсіндіре алады.
Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясының маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын Қазақстанның Тәуелсіздігі және Астана бөліміндегі патриоттық құндылығын қалыптастыру.
Пәнаралық байланыс	Бейнелеу өнері – ойын ортасында суреттерді бейнелеуде қолданылады. Ағылшын және орыс тілдері – бағдарлама скриптілерінде қолданылады
Алдыңғы білім	Алдыңғы бөлімде оқушылар есеп шешудің кезеңдерін талдады, алгоритмдерді блок-схема түрінде ұсынды, компьютерлік ойындарын құру концепциясымен танысты.
Сабақтың барысы	
Жоспарланған уақыты	Жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы	Ұйымдастыру кезеңі Оқушылармен амандасу, оқушыларды түгелдеу. 3 мин. «Алақан» әдісі арқылы психологиялық ахуал туғызу. Оқушылар екі қатарға тұрып, ойын идеясынан сахна мен кейіпкерді анықтайды. Мұғалім сахнаның атын айтқанда сахна кейіпкердің алақанын ұрады, кейіпкердің атын айтқанда кейіпкер сахнаның алақанынан ұрады. 5 мин. Оқушылар суреттерді таңдай отырып, «Сахна» және «Спрайт» тобына бірігеді. «Керуен» ойыны арқылы үй тапсырмасын сұрау. Сұрақтарды бұйымдарға жазу арқылы беру. Әр сұраққа 5 балл беріліп отырады. 1-сұрақ. Ойын ортасынадағы дыбыс эффектілеріне жататын дыбыстар? Жауабы: Жарылыс, соққы 2-сұрақ. Ойынды музыкамен сүйемелдеу үшін қандай скриптерлер қолданылады? Жауабы: Играть звук, говорить. 3-сұрақ. Кейіпкерге дыбысты сөйлесу арқылы қалай қосуға болады? Жауабы: Кейіпкерге микрофон немесе файл арқылы қосуға болады. 4-сұрақ. Компьютерлік ойындарда болатын дыбыстардың неше түрі бар және қандай? Жауабы: 3 түрі бар. Сөйлесу, дыбыстық эффектілер, музыка. 5-сұрақ. Компьютерлік ойын мен мультфильмнің айырмашылығы неде? Жауабы: біз ойында тек сырттан бақылап қана қоймай, барлығын өзіміз істейміз, ал мультфильмде біз тек сырттан бақылаймыз. 6-сұрақ. Анимация дегеніміз не? Жауабы: графика мен объектілердің қозғалысы 7-сұрақ. Компьютерлік ойынды құрудың кезеңдері қандай? Жауабы: 1. Сценарийді жүзеге асыру 2. Ойынды дыбыспен сүйемелдеу

	<p>3. Ойынның бастапқы бетін құру 4. Жасалған ойынды жақсарту. 8-сұрақ. Дыбысты файлдан жүктеу жолы қандай? Жауабы: Файл – Загрузить с компьютера командасынан файлды таңдап, Открыть батырмасын басамыз. Дескриптор: Берілген сұрақтарға толық әрі нақты жауап бере алады.</p>
<p>Сабақтың ортасы 3 мин</p>	<p>Жаңа сабақ: Алдар көсенің «Жылан балық» видеоролигін көрсету арқылы сұрақтарға жауап ала отырып, жаңа сабақтың тақырыбын ашамын. Тақырып: «Ойынның бастапқы бетін құру» . Бүгінгі сабақта қол жеткізетін оқу мақсатымыз 6.3.1.1-ойын ортасындағы программалау сценарийін әзірлеу және жүзеге асыру - о Бағалау критерийлері: -о - ойын ортасында сценарийдің түзілуіне қажетті алгоритм құра біледі - ойын ортасында ойынды безендіруде анимациялар мен фондарды өзгерте алады - программалық кодқа дыбыспен сүйемелдеп жүзеге асырады</p>
<p>Түсіну 2 мин.</p>	<p>Мұғалім түсіндіруі: Бастапқы бет – бұл бүкіл жобаның ең бірінші ашылатын беті ғана емес, ол ойыншыға ойынды басқаруға мүмкіндік беретін жақсы ұйымдастырған механизм. Сондықтан бастапқы бетті дұрыс жоспарлап ойластыру қажет. Бетті құру барысында ойын сценарийін, спрайттың скриптілерін, анимацияларды, ойын элементтерін дұрыс қолдану қажет. Ойынды дайындауда маңызды қадамдардың бірі - ойынның бастапқы бетін жасау болып саналады. Ойынның бастапқы бетін қалай жасаймыз?</p>
<p>3 мин</p>	<ul style="list-style-type: none"> • Фон таңдау • Атауын жазу • Авторларын жазу • Мәзірді орналастыру • «ойынды бастау» батырмасы; • «нұсқаулық» батырмасы; • «ойын деңгейлерін таңдау» батырмасы; <p>Дыбыспен сүйемелдеу.</p>
<p>5 мин</p>	<p>Ойынның бастапқы бетін құру көрсетілімі. Скриптілермен жұмыс: Спрайт тобына: «Бастау» кейіпкеріне жазылған скриптілер блогын құрастыру. Сахна тобына: «Нұсқаулық» кейіпкеріне жазылған скриптілер блогын құрастыру. Диалог құруға / жазылымға қажетті сөздер топтамасы: Фонды таңдап..... жазу. Жаңа ойынды бастау үшін..... Ойын нұсқаулығы үшін..... Кері қайту батырмасын құру....әрекет орындалады.</p>
<p>2 мин</p>	<p>Дәптермен жұмыс. «Жүгіріп айту» әдісі Қабырғаға ілінген жаңа тақырыптағы термин сөздерді ағылшын тілінен орыс, қазақ тілдеріне аударып дәптерге жазады. Пәнге қатысты лексика мен терминалогия:</p>
<p>15 мин</p>	<ul style="list-style-type: none"> • <i>Бастапқы бет – Главная страница – Home page</i> • <i>Дизайн – дизайн – design</i> • <i>Анимация – Анимация - Animation</i> • <i>Бастау - Start – Начать</i> • <i>Кері –Back- Назад</i> • <i>Қателерді түзету - Correction of errors - исправить ошибки</i> • <i>Жаңадан бастау - New Game - Новая игра</i> • <i>Нұсқаулық –Instruction - Инструкция</i> <p>Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Терминдермен жұмыс жасай алады • Қазақша және ағылшынша терминдерді анықтай алады. <p>Практикалық жұмыс: Оқушыларға «Ғарыш</p>

	<p>әлемі» әдісімен деңгейлік практикалық тапсырманы орындауға беремін. А - тапсырмасын бітірген оқушы жұлдызға, В - тапсырмасын бітіргені айға және С - тапсырмасын аяқтаған оқушы күнге жетеді. Оқушылар әр тапсырмадан өткен сайын есімдерін стикерге жазып «Ғарыш әлеміне» жабыстырады. Әр тапсырмаға 10 балл беріліп отырады. А тапсырмасы «Жеміс теру» ойынын құру Ойын барысы: Самал орманда жеміс теріп жүр. Әрбір терілген жеміс 1 ұпай болып саналады. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ойын ортасында жеміс жинау әрекетін көрсетеді, сценарий мен кейіпкерлерді құрады. • Екі спрайт үшін скрипттерді жазады <p>В тапсырмасы «Су асты әлемі» ойынын құру Ойын барысы: Акула балықтарға шабуыл жасайды. Балықтар қашып үлгеруі керек. Егер акула балыққа тиетін болса, онда балық жоғалып кетеді. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ойын үшін сценариін түзіп оқиғаларға бағдарлама жазады; • балыққа тиген кезде дыбыстық әсерлерден қолданады; • анимациялық жобаның аяқталуы үшін шарт құрады. • Спрайттар үшін скрипттерді жазады. <p>С тапсырмасы «Көгершін» ойынын құру Ойын барысы: Көгершін бұлт көшіп жатқан аспанда ұшып жүр. Егер бұлтқа соқтығыспай өтіп мәреге жетсе, онда фон құттықтау фонына алмасып, музыка айтылады. Дескриптор:</p> <ul style="list-style-type: none"> • Ойынды безендіруді, сахна мен сәйкес фондарды өзгерте алады. • Ойынның дыбыстық сүйемелдеуін жүзеге асыра алады. • Спрайттар үшін скрипттерді жазады. <p>Қалыптастырушы бағалау: Жұлдыз тапсырмасынан өткен оқушыларды жұлдыз смайликтерімен, Ай тапсырмасынан өткендерді ай смайликтерімен, ал Күнге жеткен оқушыларды күн смайлигімен бағалап отырамын.</p>	
<p>Сабақтың соңы Бағалау 2 мин</p>	<p>Қорытындылау: Бүгінгі сабақта қол жеткізетін оқу мақсатына жеткендігімізге көз жеткізейік. 6.3.1.1- ойын ортасындағы программалау сценарийін әзірлеу және жүзеге асыру Оқушылар біз ғарыш әлемінде барлық планеталардың қозғалыста болатынын білеміз. Сондықтан Жұлдыз, Ай, Күн тапсырмаларына қозғалыс, яғни анимация және дыбыстармен сүйемелдеу арқылы жүзеге асырдыңдар. Сабақ соңында оқушыларға кері байланыс жүргіземін: Оқушылар сұрақтарға жауап жазады.</p>  <p>Үйге тапсырма: Ойынның бастапқы бетін құруға жоба құрып келу.</p>	
<p>Саралау –оқушыларға қалай көбірек қолдау көрсетуді жоспарлайсыз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай міндет қоюды жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Бағалау – оқушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлайсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасының сақталуы</p>
<p>Қабілеті жоғары оқушылар: -«Деңгейлік-саралау» әдісі,</p>	<p>- Оқушыларды әр тапсырмада смайликтерімен бағалап отырамын;</p>	<p>Информатика кабинетіндегі қауіпсіздікті сақтауды үнемі</p>

<p>деңгейлік тапсырма жасау оқушылардың ойын қозғауға, дамытуға бағытталды. -диалог құру арқылы өз пікірін ашық жеткізе алады</p> <p>Қабілеті орта оқушылар: -сабақ барысында оқушыларға жан-жақты және нақты қолдау жасап, сөзбен ынталандыру жүргізіледі</p> <p>Қабілеті төмен оқушылар: Сабақ барысында скриптілерді құрастыру жұмысы оқушыларға қолдау жасайды. Мұғалімнің қолдауы</p>	<p>«Ғарыш әлемі» әдісі арқылы ; Ынталандыр, қолдау көрсету; Жүппен бағалау жүргізіледі;</p>	<p>ескерту.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия Сабақ мақсаттары /оқу мақсаттары дұрыс қойылған ба? Оқушылардың барлығы ОМ қол жеткізді ме? Жеткізбесе, неліктен? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақтың уақыттық кезеңдері сақталды ма? Сабақ жоспарынан қандай ауытқулар болды, неліктен?</p>	<p>Оқу мақсаты мен сабақ мақсаты бір-бірімен байланысты болады.</p>	
<p>Жалпы баға Сабақтың жақсы өткен екі аспектісі (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақты жақсартуға не ықпал ете алады (оқыту туралы да, оқу туралы да ойланыңыз)? 1: 2: Сабақ барысында сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістік/қиындықтары туралы нені білдім, келесі сабақтарда неге көңіл бөлу қажет?</p>		

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Информатика пәнінің мұғалімі Қарабекова Бұлбұл

Күні:	9 сынып 26 сабақ
Сабақтың тақырыбы:	Жиымдарға байланысты есептер шығару
Сілтеме	9-сынып оқулығы. электрондық оқулық, презентация
Жалпы мақсаттар	Оқушыларға Паскаль программалау тілі және оның негізгі элементтері, Паскаль ортасы туралы толық түсінік беру, Паскаль программалау тілінің алфавитімен таныстыру. Оқушыларды алгоритмнің командаларымен және құрылыммен таныстыра отырып, алгоритм құру дағдыларын қалыптастыру, логикалық ой - өрістерін дамыту,
Оқыту нәтижесі	Оқушыларға Паскаль программалау тілінің алфавитін біледі. Есептерді паскаль программалау тілінде орындай алады.
Сабақтың әдісі	Баяндау, сұрақ-жауап, диалог, , топпен жұмыс, АКТ, қолдану, электронды оқулықпен жұмыс, «Блум таксономиясы», Сын тұрғысынан ойлау («Ой тастау», «Мағынаны тану», «Топтастыру», «Кесте толтыру», «Тест жұмыс»)
Жалпы	Білу Үй тапсырмасы. Түсіну Мағынаны тану Қолдану Тапсырмаларды орындау Талдау Жинақтау Корытынды Бағалау Топ басшысы бағалайды
Сабақ барысы	
Уақыты	Мұғалімнің іс-әрекеті
3 минут Психологиялық дайындық	Сыныппен сәлемдесу. Сыныпты ұйымдастыру (оқушыларды тексеру, аудиторияны қалыпқа келтіру) Оқушыларды сызықтық, тармақталған, циклдік деп кеспе қағаздарға жазып таңдау арқылы топқа бөлу. Оқушыларды бүгінгі сабақтың тақырыбымен және мақсатымен таныстыру.
3 минут	«Білу» Миға шабуыл. <i>Үй тапсырмасын орындау алгоритмін жазайық.</i> алғ Үй тапсырмасын орындау басы күнделікті алу тиісті бетін ашу, үй тапсырмасын анықтау үй тапсырмасын орындау күнделікті орнына қою соңы
3 минут	III. Жаңа сабақ. «Түсіну» Сыйымдылығы 3 және 8 литр екі құмыра бар. Орындау барысында өзеннен 7л су алуға мүмкіндік беретін алгоритм жазыңыз. алғ Өзеннен 7 л су алу басы 3л құмыраны үш рет толтырып, 8л құмыраға құю, сонда 3л құмырада 1л су сыймай қалады 8л құмырадағы суды төгіп тастау құмырадағы 1 л суды 8 л құмыраға құю 3л құмыраны екі рет толтырып, 8л құмыраға құю соңы
2 минут	Сергіту сәті. Жаңылпаш айтқызу.
30 минут	«Қолдану»

№1

```

Есеп № 1
programstudent;
var
a1: string [7]; a2: string [3];
a3: string [10]; a4: char;
b1,b6:integer; b2: string [10];
b3: string [3]; b4: string [4];
b5: string [11];
begin
writeln;
a1:='студент'; a2:='пін';
a3:='Мен'; a4:='е';
b1:=length(a1); {ұзындығын анықтау b1=7}
b2:=concat(a1,a2); { a1 және a2 –ні қосу}
b3:=copy(a1,4,3); {a1 тіркесінің 4-ші позициясынан 3 символды бөліп алу}
b4:=copy(a1,5,3); { a1 тіркесінің 5-ші позициясынан 3 символды бөліп алу }
b5:=concat(a3,a1); { a3 және a1 –дii қосу }
b6:=pos(a4,a1); {5}
write('сөз ұзындығы:',b1,',':2,b2,',':2,b3,',':2,b4);
writeln(b5,',':2, b6);
end.
    
```

Есеп № 2

Кіші латын әріпімен енгізілген жолды, үлкен латын әріптеріне ауыстыру программасын құрыңыз.

Program austir:

```

Var s:string;
k:byte;
begin
readln(s);
for k:=1 to length (s) do
s[k]: =Ucase (s[k]);
writeln(s);
end.
    
```

№3. Бір өлшемді массивтің элементтерінің қосындысын табатын программа құру;

```

Program m8;
uses crt;
var i,n:integer; sum:real;
a: array [1..100] of integer;
begin
Randomize;
Writeln('массив элементін енгіз');
readln(n);
for i:=1 to n do
a[i]:=-25+random(100);
for i:=1 to n do
write(a[i]:5);
sum:=0;
for i:=1 to n do
sum:=sum+a[i];
writeln("");
writeln('сандардың қосындысы=',sum:6:2);
readln
end.
    
```


1 минут	<p>№4Кез келген екі өлшемді массивтің ең үлкен элементін табу программасын құр.</p> <pre> Program m9; Var A:array [1..100,1..100] of integer; n,m,i,j,max:integer; Begin Writeln('массив элементін енгіз'); </pre>
1 минут	<pre> readln(n,m); randomize; For i:=1 to n do for j:=1 to m do A [i,j]:=-25+random(100); For i:=1 to n do Begin writeln; For j:=1 to m do write (A[i,j]:4); end; max:=A[1,1]; For i:=1 to n do For j:=1 to m do if A[i,j]>max then max:=A[i,j]; writeln; writeln ('max=',max:5); readln end. </pre>
	<p>№5 Кез келген екі өлшемді массивтің ең кіші элементінің жол номері мен баған номерін табу программасын құру.</p>
	<pre> Program m3; Var A:array [1..100,1..100] of integer; n,m,i,j,min,k,l:integer; Begin Writeln('massiv olshemderin engiz'); Writeln('jol olshemin engiz'); readln(n); Writeln('bagan olshemin engiz'); readln(m); randomize; For i:=1 to n do for j:=1 to m do A [i,j]:=-25+random(100); For i:=1 to n do Begin writeln; For j:=1 to m do write (A[i,j]:4); end; min:=A[1,1]; For i:=1 to n do begin For j:=1 to m do if A[i,j]<min then begin min:=A[i,j]; k:=i;l:=j; end;end; writeln; writeln (' min=',min:5, ' jol=',k, ' bagan=',l); readln end. </pre>
	<p>№6 Кез келген екі өлшемді массивтің ең үлкен элементінің жол номері мен баған номерін табу программасын құру.</p>
	<pre> Program m11; </pre>

```

Var A:array [1..100,1..100] of integer;
n,m,i,j,max,k,l:integer;
Begin
Writeln('massiv olshemderin engiz');
Writeln('jol olshemin engiz');
readln(n);
Writeln('bagan olshemin engiz');
readln(m);
randomize;
For i:=1 to n do
for j:=1 to m do
A [i,j]:=-25+random(100);
For i:=1 to n do Begin
writeln;
For j:=1 to m do
write (A[i,j]:4); end;
max:=A[1,1];
For i:=1 to n do begin
For j:=1 to n do
if A[i,j]>max then begin max:=A[i,j]; k:=i;l:=j; end;end;
writeln;
writeln ('max=',max:5, ' jol=',k, ' bagan=',l);
readln
end.

```

№12. Кез – келген бір өлшемді массивтің ең үлкен элементінің индексін табу программасын құру;

```

program m8;
uses crt;
var k,i,n,max:integer;
a: array [1..100] of integer;
begin
Randomize;
Writeln('массив элементин енгиз');
readln(n);
for i:=1 to n do
a[i]:=-20+random(100);
for i:=1 to n do
write(a[i]:5);
max:=a[1];
for i:=1 to n do
if a[i]>max then begin max:=a[i];k:=i; end;
writeln("");
writeln('индекси ',k);
readln
end.

```

III. «Жинақтау»

Қандай қиындық туғызды?

IV. «Талдау»

Не біліп не үйрендік?


Бағалау.

Жинап алып тексеру.

Үйге тапсырма. Қайталау.

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Алгебра және геометрия пәнінің мұғалімі Шәмшият Ұлбазар Жиенбайқызы*

ҰМЖБ: 7.3 А	Мектеп: Б. Төлепбаев атындағы жалпы орта	
Күні: 18.12.2019 ж	Мұғалімнің аты-жөні: Шәмшәт Ұлбазар Жиенбайқызы	
Сынып: 7 «Г»	Қатысқандар саны:	Қатыспағандар:
Сабақ тақырыбы:	Абсолютті жиілік және салыстырмалы жиілік. Жиіліктер кестесі.	
Сабақ түрі	Өткен тақырып бойынша материалды бекіту және оқушылардың дағдыларын қалыптастыру сабағы	
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	7.4.4.2 нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; 7.4.4.3 статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету;	
Сабақ мақсаттары:	нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептеу; статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсету;	
Жетістік критерийлері	нұсқалықтың абсолютті және салыстырмалы жиіліктерін есептей алады статистикалық деректерді жинау және оны кесте түрінде көрсете алады эксперименттің нәтижесін жиілік кестесі/ салыстырмалы жиілік кестесі түрінде көрсетеді. кесте түрінде берілген статистикалық мәліметтерді сұрыптайды.	
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p> <p>Сабақ мақсаттары / оқу мақсаттары қолжетімді ме?</p> <p>Оқушылар бүгін не үйренді?</p> <p>Сабақтағы ахуал қандай болды?</p> <p>Жоспарланған саралау жақсы іске асты ма?</p> <p>Уақыт есебінен ауытқу болды ма? Жоспарға қандай өзгеріс енгізілді</p>	<p>Өткізген сабақ туралы ойлану үшін төмендегі орынды пайдаланыңыз. Сол жақтағы сіздің сабағыңызға қатысты сұрақтарға жауап беріңіз.</p> <p>Сабақта оқу бағдарламасындағы оқу мақсаттарынан қолжетімді бір мақсат таңдалынды. Оқушылардың жеке мүмкіндіктерін және жас ерекшеліктерін есепке ала отырып, сараланған тапсырмалар әзірленді. Жеке, жұптық, топтық және ұжымдық белсенді оқыту әдістері ұйымдастырылды. Сабақтың басынан бастап әрбір оқушының жеке пікірін тыңдау және алынған білімдер мен түсініктерді қолдану мен оларды дамыту маңыздылығына мән берілді. Сабақ барысында оқушылардың көркем шығармалардағы көтерілген мәселелерді жан-жақты талдау, бағалау, өзіндік ой айту дағдылары қалыптасады, бұл керібайланыс дағдыларын дамытуға мүмкіндік туғызады деп есептеймін Сабақтың өн бойында мақсаттан нәтижеге жететін іс – әрекетті жоспарлауды жүзеге асырамын.Барлық іс-әрекетке белгіленген шектеулі уақыт берілген соң, уақыт есебінен ауытқу болмайды деген ойдамын.</p>
<p>Жалпы бағалау</p> <p>Ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе немесе тапсырма сабақтың бұдан да жақсы өтуіне ықпалын тигізеді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Осы сабақтың барысында барлық сынып немесе жекелеген оқушылар жөнінде келесі сабағыма қажет болуы мүмкін қандай ақпарат</p>	

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
«Шебер қолдар» үйірме жетекшісі Оразалиева Жамиля Рысқұлбековна

Сайыс сабақ 5-6 сыныбы

Тақырыбы: Ал , қанеки, қыздар !

«Шебер қолдар» үйірме жетекшісі : Оразалиева Жамиля Рысқұлбековна

Міндеттері : Ойын тәсілі арқылы оқушылардың ойын дамытып , пәнге деген қызығушылығын ояту ; Өнерді түсініп , бағалап , меңгеруге бағыт - бағдар беру ; Өнер үйренуде өз беттерінше ізденудің қажеттілігін сезіндіру .

Мақсаты : Оқушылардың танымдық және шығармашылық қабілетін , эстетикалық талғамын , шеберлігін дамыту . Өнерді тануға , қызығушылыққа баулу, әдептілікке , парасаттылыққа тәрбиелеу .

Әдісі : Ойын сауық , жарыс .

Пәнаралық байланыс : ана тілі , математика , бейнелеу өнері .

Көрнекілігі : Ұлағатты асыл сөздер жазылған плакаттар, қабырға газеттері , сурет көрмесі , қолөнер бұйымдары .

Жоспары (1 сағатқа арналған) .

I. Ұйымдастыру бөлімі :

- сайыстың тақырыбымен таныстыру ,
- сайысқа қатысушы топтармен таныстыру ,
- әділқазы алқаларымен таныстыру .
- сайыстың шарттарымен таныстыру , (плакатта жазулы тұр)

II . Сайыстың барысы :

III. Сайыс қорытындысы .

Сайыс барысы :

Жүргізуші :

Қыздарымыз сүйкімді болсын деп ,

Өнер - білімге икемді болсын деп ,

Бәйтеректей бойшандансын деп ,

Өрен - өршіл өркенді болсын деп ,

Жақсы жолды таңдайық .

Жамандық тәлім алмайық ,

Дарынды мектеп дәстүрін

Жаңалайық , жалғайық ,

Ары адал , жаны жаз ,

Арулар жолын таңдайық , - деп « Ал , қанеки , қыздар » атты кешімізді бастайық .

1) Армысыздар қадірменді көрермен қауым ! Қадірменді көрермен қауым , ақылына көркі сай қыздарымыздың өнері мен өнегесін , білімі мен парасатын тамашалауға баршаңызда қош келдіңіздер дейміз .

Ендігі сәтте бүгінгі сайысымыздың шарттарымен таныстырып өтейін .

1 - шарт . « Сәлем - сөздің атасы » - деп аталады , әр топ атымен , ұранымен эмблемасымен таныстырады . (4 мин)

2 - шарт . « Бәйге » сұрақ - жауап сайысы . (5 мин)

3 - шарт . « Кім жылдам мин)

Әр топ мүшелері өздерінің шеберліктерін , икемділіктерін көрсетеді .

а) « Ою ойғанның ойы ұшқыр » (қағаздан ою ою)

4)Ас адамның арқауы (10 –мин) салат түрлерін дайындау

5. - шарт . « Он саусағы майысқан шебер болар ұрпақпыз » — қолөнер бұйымдарын көрсету және үй тапсырмасы (сөзжұмбақ 2 мин)

6.-шарт «Сән үлгісі»

Өнер , білім , өнеге тұнған дарын ,

Өнерліге өз басым таң қаламын .

Өнерді әділдікпен бағалайтын ,

Таныстырайын әділқазы алқаларын

Әбдібек Г. Тоқаболат А. Керімбек Б.

Сайыстың 1 шарты бойынша топтардың атымен таныстыру .

Ақылдылық қыздарға жарасады ,

Көзі ашықпен бәрі де санасады .

Келесі сұрақ - жауап сайысында

Сыналар білімі мен парасаты – дей отырып , келесі кезекте сұрақтарға жауап береді .

2-шарт « Бәйге »

Әр топқа 10 - сұрақ беріледі , тез әрі нақты жауап беру керек . Әрқатысушыға 2 минуттан 7 минут беріледі .

« Бәйге » I-топ

1. Малдың сүтінен дайындалатын ұзақ уақыт сақталатын тағам (құрт)
2. Үш арсызды ата . (ұйқы , күлкі , тамақ)
3. Ою - өрнек түрлері нешеге бөлінеді . (4) , (жануар тектес , өсімдік тектес , геометриялық , космогониялық) .
4. Киізге ою - өрнек басып жасалған кілемше (түскиіз)
5. Кестелеуге ине мен жіптің қандай түрін алған жөн ? (жіңішке ине , кесте жіп)
6. Кешке жатарда асты неше сағат бұрын ішу керек ? (3 сағ)

1. Тамақтан соң ауыз сүртуге арналған орамал . (салфетка)
2. Бидайдан әзірленген ұнтақ (манка)
3. Адам баласы тәуліктің қай мезгілінде жақсы тамақтану керек (түсте)
4. Кестелеу үшін қандай құрал керек ? (кергіш , оймақ , ине)
5. Сумоншақтың орысша атауы (бисер)
6. Нанның кептірілген бөліктері (сухари)

3 - шарт . « Кім жылдам ?

А. «Ою ойғанның ойы ұшқыр» әртоптан «1 қыз түрлі- түсті-қағаздан ою ойып беру керек»

4 - шарт « Ас адамның арқауы »

Ендеше іске сәт сайыскерлер !

Ас көңілдің ажары деген ырым

Жақсы ғой тағамның да білген сырын ,

Көрсетсін келесі сәт сайыскерлер

Дайындаған жаңашыл салат түрін .

Өнер - білім тұңғығынан нәр алған сайыскерлеріміздің тағам дайындау жағынан сыналар уақыты да жетті . Әр топ салат жасайды . (уақыты 5 минут)

5.- шартымыз бойынша « Шебердің қолы ортақ , шешеннің сөзі ортақ» дейді қазақ , енді қыздарымыздың қолөнер бұйымдарын тамашалап , бағалайық .

Осымен бүгінгі сайысымыз мәресіне жетті . Ал қазір кімнің пайы көп екенін білу үшін әділқазылар алқасына сөз кезегін береміз . Жеңген топ марапаттау қағазымен марапатталады .

Қыздар , бүгін сендер өз білімдерінді ортаға салып тамаша өнер көрсеттіңдер . Сайысқа қатысқан қыздарымызға және көрермендерімізге үлкен алғысымызды айтамыз .

Қорытынды : Салт - дәстүр , әдет - ғұрып ұрпақтан ұрпаққа үзілмей жалғасып келе жатқан халқымыздың асыл мұрасы . Салт - дәстүрлер қоғамдық әлеуметтік дүние , ол халықтың мінез - құлқы мен іс - әрекетінің рухани негізі . Халқымыздың осындай баға жетпес құнды қазынасын бүгінгі ұрпақтың санасына сіңіріп , әрі қарай жалғастыруына мүмкіндік жасау басты мақсатымыз .

бшарт: Әсемде ару қыздарымыздың күзгі сән үлгісін тамашалайық

* * * * *

Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі Алиева Роза Усанқызы

Сабақ: қазақ тілі	Мектеп: Б. Төлепбаев атындағы жалпы орта мектебі Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Алиева Роза Усанқызы
Сынып : 9-сынып	Қатысқан оқушылар:	Қатыспаған оқушылар :
Бөлім атауы	Жаһандану мәселелері. Стилистика	
Сабақтың тақырыбы	Жаһандану дәуірі мен ана тілі	
Оқу мақсаты	9.3.4.1 эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, көтерілген мәселе бойынша екі жақты пікірді немесе жағдаятты талқылау, біреуіне таңдау жасап, өз ойын дәлелдеп жазу (аргументативті эссе) 9.4.3.1. стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдана білу	
Сабақ мақсаты	Б. Эссенің құрылымы мен даму желісін біледі, екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылайды. Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолдануды біледі. К. Екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылап, біреуіне таңдау жасау арқылы өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады. К. Тілдік бірліктерге мысалдар келтіреді, эссе жазу барысында өз ойын дәлелдейді.	
Бағалау критерийі	Көтерілген мәселе бойынша екіжақты пікірді немесе жағдаятты талқылайды. Эссе құрылымы мен даму желісін сақтап, өз ойын дәлелдеп аргументативті эссе жазады. Стильдік ерекшеліктерге сай тілдік бірліктерді дұрыс қолданады.	
Құндылықтарды дарыту	Тұлғааралық қарым-қатынасты дамытуға және бағалауға мүмкіндік беретін жұптық және топтық жұмыстарды қолдану. Ұлттық бірлік , рухани құндылық, туған тіл	
Тілдік мақсаты	Пәндік лексика мен терминология: Экономика, этника, саяси Диалог пен жазылымға арналған тілдік қолданыстар: Менің ойымша...	
АКТ қолдану	Интерактивтік тақта	
Пәнаралық байланыс	Әдебиет , тарих	
Алдыңғы оқу	Жаһандану мәселелері	
Сабақ жоспары		
Жоспарланған уақыт	Сабақ барыс	Дерек көздер

<p>Сабақтың басы</p> <p>7 мин</p>	<p>Ұйымдастыру кезеңі. «Шаттық шеңбері» таңғы тілекпен басталады. Топқа біріктіру. Оқушыларды тірек сөздер арқылы топқа бөлемін. Оқушыларға сөздер жазылған қағаз қиындылары таратылады. Әр қиындыларда «бақыт, қуаныш, шаттық» деген сөздер жазылған. Оқушылар сол сөздер бойынша топтарға бөлінеді. 1-топ. «Бақыт» тобы. 2-топ. «Қуаныш» тобы. 3-топ. «Шаттық» тобы. Алдыңғы сабақты пысықтау «Қарлы кесек» әдісі бойынша жүргізіледі. Қалыптастырушы бағалау. «Басбармақ» стратегиясы арқылы орындалады.</p>	
<p>Сабақтың ортасы</p> <p>8 мин</p>	<p>I. «Ой қозғау». 1. Жаһандану дәуіріндегі ана тіліміздің жай-күйі қандай болмақ? Өз ойларыңды ортаға салыңдар</p> <p>II. Мағынаны тану. - тапсырма. Берілген екі пікірдің бірін жақтап, талқылау жүргізіндер. Тақырып: - Қазақ тілі – тұрмысымыздың барлық саласында кеңінен қолданылатын сұранысқа ие тіл. - Еліміздегі кей азаматтар қазақ тілін үйренуге құштар емес. Себебі мемлекеттік тілдің қажеттілігін сезінбейді. Дескриптор. - көтерілген мәселе бойынша жағдаятты дұрыс талқылайды. - тақырып таңдайды; - тақырыпқа сәйкес талқылау жүргізеді.</p>	
<p>20 мин</p>	<p>- тапсырма. «Еліміздегі кей азаматтар қазақ тілін үйренуге құштар емес. Себебі ... » тақырыбында өз ойларыңды дәлелдеп, аргументативті эссе жазыңдар. Эссенің стиліне сәйкес, Елбасының қанатты сөздерін стилистикалық заңдылықтарға сай, орнымен қолданыңдар. Сөз саны – 50-60 сөз. Дескриптор. • дәлелдер келтіре отырып, аргументативті эссе жазады; • стилистикалық заңдылықтарға сай қанатты сөздерді орнымен қолданады; • сөз санын сақтайды; 15- эссенің құрылымы мен даму желісін сақтайды. Қалыптастырушы бағалау. «Қол сигналы» Саралау тапсырмалары: III. Берілген тақырыпқа қатысты өз ойларыңды білдіріңдер. II. Көтерілген мәселе бойынша жағдаятты талқылап, біреуіне таңдау жасаңдар. I. Сильдік ерекшеліктеріне сай тілдік бірліктерге мысалдар келтіріп, ойларыңды дәлелдендер.</p>	
<p>Сабақтың соңы</p> <p>5 мин</p>	<p>Кері байланыс. «Шабадан, еттартқыш, қоқыс жәшігі» әдісі Тақырып бойынша алған керекті ақпараттарды чемоданның тұсына жазса, ал әлі де оқуым керек, толықтыруым керек дегендері болса, еттартқыштың тұсына жазады. Сонымен қатар керек емес болған, артық дүниені қоқыс жәшігінің тұсына жазады. Осылайша мұғалім өткен сабақтан қандай білім алғанын біледі. Үйге тапсырма. Силь түрлеріне мысал жазу</p>	

Қосымша ақпарат

Саралау жұмысы– Сіз оқушыларға көбірек қолдау көрсету үшін не істейсіз? Қабілеті жоғары оқушыларға қандай тапсырма беруді көздеп отырсыз?	Бағалау – Оқушылардың ақпаратты қаншалықты меңгергенін қалай тексересіз?	Пәнаралық байланыс Қауіпсіздік ережелері АКТ-мен байланыс Құндылықтармен байланыс (тәрбиелік элемент)
	Топтық жұмыс арқылы бағалау. Критерийге сай оқушылар бір-біріне баға береді. Қол сигналдары арқылы сабақты бағалау.	АКТ-ны қолдану барысында электр құрылғыларына абай болу
<p>Жалпы баға</p> <p>Сәтті өткен екі нәрсені атап көрсетіңіз (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Қандай екі нәрсе сабақтың одан да жақсы өтуіне ықпалын тигізер еді (сабақ беру және оқытуға қатысты)?</p> <p>1:</p> <p>2:</p> <p>Осы сабақ барысында сынып немесе жеке оқушылар туралы менің келесі сабағыма дайындалу үшін қажет болуы мүмкін қандай ақпарат алдым?</p>		

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Биология пәнінің мұғалімі Тұрымбет Рахия*

Ұзақ мерзімді жоспардың тарауы:	Мектеп: Ордабасы ауданы Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
11.3 Адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсері	
Күні:	Мұғалімнің аты-жөні: Тұрымбет Рахия Өтегенқызы
Сынып: 11	Қатысқандар: Қатыспағандар:
Сабақтың тақырыбы	Ғалымдық жылынудың себептері, салдарлары және шешу жолдары
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтеме)	11.3.2.1 мүмкін болатын климаттың жаһандық жылыну салдарын болжау
Сабақтың мақсаты	Ғалымдық жылынудың себептері мен салдарын талдайды. Ғалымдық жылынудың проблемаларын шешуді болжайды
Бағалау критерийі	Ғалымдық жылынудың себептерін анықтайды. Әлеуметтік және аймақтық салдарын сипатайды Киота хаттамасының мазмұнын талдайды. Ғалымдық жылынудың проблемаларын шешудің жоспарын құрастырады
Тілдік мақсаттар	<p>Оқытудың тілдік мақсаты: Ғалымдық жылынудың себептері мен әлеуметтік салдарын сипатайды. Киота хаттамасының мазмұнын талдайды. Оның мемлекеттер, корпорациялар және жекелеген адамдар деңгейінде алдын алу және бейімдеу жөніндегі әрекеттеріне негізгі болатындығын түсіндіре алады.</p> <p>Пәнге қатысты лексика мен терминология: ғалымдық жылыну, ғалымдық жылынудың себептері, салдары, әлеуметтік салдары, Киота хаттамасы.</p> <p>Сыныптағы диалог/ жазылым үшін пайдалы тілдік бірліктер: Климаттың жылынуынан қандай қауіп туындауы мүмкін? Ғалымдық жылыну жаңбырдың мөлшері мен ауыл шаруашылығына қалай әсер етеді? Ғалымдық жылынудың алдын алу жолдарын білеміз бе?</p>

Құндылықтарға баулу	«Мәңгілік ел» идеясының «Ұлттылық қауіпсіздік және еліміздің бүкіләлемдік өңірлік мәселелерді шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы», «Қоғамымыздағы ұлттық бірлік, бейбітшілік пен келсім» құндылықтары бүгінгі тақырыптың аясында ғылым, жер, әлем, адам, энергия, табиғат ұғымдарын топта бірлесе талдай отырып білімқұмарлықтарын дамыту, әлем туралы біртұтас көзқарас қалыптастыру, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу дағдыларын дамытуды жүзеге асырады.
Пәнаралық байланыс	Физика пәнінен жылу энергиясы бөлшектер қозғалысын өгеретіндігін білу және жылу мөлшері мен температура арасындағы айырмашылықты түсінеді. География пәнінен ауа райы жағдайлары, табиғи катализмдердің туындау себептерін біледі.
Алдыңғы білім	7-сыныпта адам тіршілігінің экожүйеге жағымсыз әсерінің мысалдарын қарастырғын. 8-сыныпта экологиялық проблемалардың туындау себептері мен шешу жолдарын қарастырған. 9-сыныптан парниктік (булану) эффектісінің тірі ағзаларға әсерін түсіндіре алады.
Сабақ барысы	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған жаттығу түрлері
Сабақтың басы 0-3 минут 3-5 минут 5-8 минут	Сәлемдесу. Оқушылардың назарын шоғырландыру мақсатында «Менің есімімнің тарихы» жаттығуын ұйымдастыру. Оқушылар есімдерінің қойылу себептерін айтады. Оқушыларды топтарға біріктіру : туылған күндерінің жыл мезгілдеріне сәйкес келуіне орай 4 топқа бөлінеді. оқушылардың «жақын арадағы даму аймағын», яғни бүгінгі тақырып туралы не білетіндіктерін білу мақсатында « Миға шабуыл » әдісі: ғаламдық жылыну туралы не білеміз? сұрағына жауап береді. Оқушылармен бірге сабақ мақсаттары мен сабақ соңында күтілетін нәтижелер анықталады.
Сабақтың ортасы	Жаңа сабақтағы білімді қалыптастыру: – «Келе жатқан катастрофа немесе ғаламдық жылыну» бейнефильмін көрсету.
8-13 минут 13-20 минут 20-25 минут 25-30 минут	Оқушылардан фильм не жайында екені сұралады, топтарда талқылайды. Оқушылар жауаптарын ұсынады. Ең қызықты аргументтер қабылданады Мәтінмен жұмыс: «Үш қадамды сұхбат» әдісі. Топта отырған оқушылар мәтінді 3 маңызды кезеңге бөліп оқиды. Әр кезеңді оқып болған кезде бірге талқылап, түсінгендерімен бөліседі. Оқушылардың ақпаратты талдау және өңдеу, зерттеу дағдылары жүзеге асады. 1-тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар ғаламдық жылынуның себептері мен әлеуметтік және аймақтық салдарын анықтау мақсатында «Фишбоун» әдісімен балық қаңқасына проблеманы анықтап, себеп пен салдарын тауып, жазады. Оқушылардың проблемалық жағдайды шешу арқылы білімдері қалыптасады. Дескриптор - Прблеманы тұжырымдап жазады; - Ғаламдық жылынуның себептерін жазады - Әр себептің әлеуметтік және аймақтық салдарын сипаттайды. - Ғаламдық жылынуның зияны бойынша қорытынды ойларын жазады. Қалыптастырушы бағалау: «Екі жұлдыз, бір тілек» тәсілімен топтардың бір-бірін бағалауы. 2-тапсырма. Топтық жұмыс. Оқушылар « T-кестесі » тәсілімен Киота хаттамасының мазмұнын талдайды. Хаттаманың пайдасы мен кемшін тұстарын табуға тырысады. Дескриптор - Киота хаттамасының мазмұнымен танысады. - Киота хаттамасының ғаламдық экологиялық мәселелерді шешудегі әрекеттерін сипаттайды.

<p>30-37 минут</p>	<p>Киота хаттамасының шеше алмай жатқан проблемаларын табады. Өз ойларын қорғайды. Қалыптастырушы бағалау: «Жапондық бағалау» әдісімен өзін-өзі бағалау. 3-тапсырма. Жұптық жұмыс: «Алтын жоспар» әдісі Жұптар ғалымдық жылындың проблемаларын шешудің жоспарын құрастырады. Дескриптор - Ғалымдық жылындың проблемаларын кестеге түсіреді; - Ғалымдық жылындың шешу жолдарын тауып кестеге түсіреді; - Жоспардың орындалу мерзімін көрсетеді. - Жұмыстарын қорғайды. Қалыптастырушы бағалау: «Басбармақ» әдісімен өзін-өзі бағалау</p>	
<p>Сабақтың соңы 37-40 минут</p>	<p>Сабақ соңындағы оқушылардың рефлексиясы: - нені білді, нені үйренді; - не әлі де түсініксіз; қандай бағытта жұмыс жүргізу қажеттігін анықтау мақсатында «Шығу билеттері» әдісі арқылы оқушылардан кері байланыс алынады. Үйге тапсырма: Тақырып бойынша реферат жазу, презентация дайындау. (Оқушылардың қалауы бойынша).</p>	
<p>Саралау Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>
<p>Саралауды жүзеге асыру үшін тапсырмалар іріктелді, БЛУМ бойынша біртіндеп күрделенді. Оқушыға жеке қолдау көрсету бағалау тәсілінің көмегімен жүзеге асады. Оқу материалы мен ресурстар оқушылардың жеке қабілеттерін ескере отырып әзірленді, яғни аудио, визуалды, кинестикалық қабылдауға арналған ресурстар таңдалды. Қабілеті жоғары оқушыларды дамыту үшін сыни ойлау тапсырмалары берілді, соған сәйкес белгілі бір оқушыдан күтілетін нәтиже сараланады.</p>	<p>Оқушылардың сабақ кезінде нені үйренгендерін бағалау үшін қалыптастырушы бағалаудың бірнеше әдіс-тәсілдерді қолданылды. Қалыптастырушы бағалаудың оқуды қолдауы жоспарланды.</p>	<p>Сабақта белсенді жұмыс түрлерін қолдану арқылы оқушылардың денсаулығын сақтау көзделеді. Қауіпсіздік техникасы ережелері сақталады.</p>
<p>Сабақ бойынша рефлексия</p>	<p><i>Бұл тарауды сабақ туралы рефлексия жасау үшін пайдаланыңыз. Сол бағандағы өзіңіз маңызды деп санайтын сұрақтарға жауап беріңіз.</i></p>	
<p>Сабақ мақсаттары немесе оқу мақсаттары шынайы, қолжетімді болды ма? Барлық оқушылар оқу мақсатына қол жеткізді ме? Егер оқушылар оқу мақсатына жетпеген болса, неліктен деп ойлайсыз? Сабақта саралау дұрыс жүргізілді ме? Сабақ кезеңдерінде уақытты тиімді пайдаландыңыз ба? Сабақ жоспарынан ауытқулар болды ма және неліктен?</p>		
<p>Жалпы бағалау Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)? 1: 2: Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері/ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>		

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

*Жамбыл облысы, Сарысу ауданы, Шығанақ ауылы,
"Сәкен Сейфуллин орта мектебі"
Бастауыш сынып мұғалімі Курманова Жансая Сериковна*

Қашықтықтан оқыту – білім алушы мен педагог қызметкерінің жанама (алыстан) немесе толық емес жанама өзара іс-қимылы кезінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды және телекоммуникациялық құралдарды қолдана отырып жүзеге асырылатын оқыту;

Қашықтықтан білім беру технологиялары қашықтықтан оқу сабақтарын «online», «offline» режимінде өткізуге негізделген. «Online» режимінде оқу сабақтары нақты уақыт режимінде оқудың өзара іс-әрекет ету үдерісін қарастырады (бейнеконференция, Интернет желісімен хабар алмасу, телефон аппараты арқылы келіссөздер). «Online» режиміндегі оқу сабақтары оқытушы мен білім алушы арасындағы асинхронды тілдесудің (электрондық пошта, кейіннен қорытынды бақылау тапсырумен оқытушының тапсырмасы бойынша білім алушының оқулықпен жұмысы) оқу іс-әрекеті процесін қарастырады.

Қашықтықтан оқыту-қолайлы уақытта кез келген жерде ақпараттық-коммуникациялық технологиялар көмегімен қашықтықтағы оқытушыдан білім алу үрдісі. Қашықтықтан оқыту, үйден шықпастан 24/7 режимінде білім алу мүмкіндігі.

Қашықтықтан оқыту формасы- оқытудың электронды технологиясын қолданып, жұмыстан қол үзбей, қолайлы уақытта кез келген жерде, жеке режимде білім алуды қамтамасыз етеді.

Барлық білім алушылардың виртуалды «жеке кабинеті» болады, онда таңдаған пәнді өз бетінше игеруге арналған оқу-әдістемелік, ұйымдастыру материалдары мен тапсырмалар салынады.

Қашықтан оқытудың ерекшеліктерін зерттеу (қашықтағы сабақтарды ұйымдастыру, жоспарлау). Оқушыларды қашықтан оқытуға ынталандыру мен қатыстырудың ерекшеліктерін зерттеу (оқушылардың өзіндік жұмысын қалай ұйымдастыруға болады немесе үй тапсырмасын қалай тексеруге болады және тағы да басқалар). АКТ құралдары мен қызметтерін зерттеу. Қашықтан оқыту форматындағы ата-аналармен жұмыстың ерекшеліктері. Ерекшеліктері модулінің өзі бірнеше өзекті тақырыптармен, ұстаздар қауымына қажет ақпараттармен қамтамасыз етілген екен. Алғашқыда синхронды оқытудың асинхронды оқытудан айырмашылықтары, қашықтан оқыту барысында мұғалімнің қызметі мен қашықтан оқыту барысында оқушының іс-әрекеті сияқты мәселелерге қарастырылды.

Сонымен қатар, қашықтан оқытуда қалай «оқу үдерісін жоспарлауға болады?» деген сұраққа жауап ала аласыз. Бұнда берілген кеңестер: барлық жұмысты бірден жүзеге асыруға тырыспаңыз. Қашықтан оқыту кезеңінде қандай мақсаттарыңызға қол жеткізуге болатынын мұқият ойластырыңыз; қашықтан оқытудың ең қарапайым бір-екі құралын таңдап алып, солармен жұмыс істеуді бастаңыз. Бірден көптеген құралдарды қолдануға тырыспаңыз; қашықтан оқыту кезеңінде Сіздің оқу сценарийлеріңіз неғұрлым қарапайым, түсінікті және шынайы болса, оларды ойдағыдай жүзеге асыру және қажетті нәтижеге қол жеткізу мүмкіндігі соғұрлым көбірек болады; оқытудың жаңа форматына Сіз ғана емес, оқушылар мен олардың ата-аналары да жаңадан бейімделуде екенін, олар да Сіз сияқты мазасызданатынын есіңізде ұстаңыз; оқушыларыңыздың ерекшеліктерін ескеріңіз және онлайн сабақты жоспарлау барысында сабақ мақсаттары мен тапсырмаларды әзірлеп, бір немесе бірнеше саралау тәсілін таңдаңыз.

Бағалауды ұйымдастыруда оқушыларға ізгілікті қарым-қатынас және қолдау көрсетіп, түсінікті және дәйекті ережелер мен рәсімдерді қалыптастыратын; оқу үдерісіне қызықты әдіс-тәсілдерді қолдануды; оқуда және тапсырмаларды орындауда цифрлық немесе цифрлық емес құралдарды таңдау және пайдалануды; барлық оқушылардың табысқа жетуіне жағдай жасалатын, оқушыларда өз пікірін айтуға және тапсырмаларды таңдауға мүмкіндігі болатын саралап оқытуға бағдарлануды басты назарда ұстау қажеттілігі атап көрсетілді. Қашықтан жұмыс істеу барысында өзара жағымды және оңтайлы қарым-қатынас аса маңызды. «Уақытында тапсырмадың! Не деген масқара?!» деудің орнына тағы да бір мүмкіндік беру жолдарын қарастырған абзал. Басты назарды ынталандыру, қолдау, эмоцияларды білдіру, адами қарым-қатынасты сақтау мүмкіндіктеріне аудару керек.

Оқуға қатыстыру модулінде тақырып аясында “Оқушыларды оқу үдерісіне қалай ынталандыруға/тартуға болады?” деген мәселе қарастырылды. Бұл сұрақты шешуде оқушыларды оқыту үдерісіне ынталандыру факторларын, әдіс-тәсілдерін анықтау аса маңызды. Шәкірттерді оқуға қызықтыру, ынталандыру жайлы ойлаған кезде, біз олардың ішкі ынтасын арттыру жолдарын түсінуге тырысамыз. Оқуға қатыстыру дегеніміз оларды қызықтыру, жаңа бір нәрсе жасап көруге, таңдауға, қателесуге, қайтадан бастауға, табысқа жетуге ұмтылуға мүмкіндік беру. Осылайша, білімгерді оқуға белсенді қатыстырудың тәсілдерін қашықтан және дәстүрлі оқытуда кеңінен қолданып, балалардың дербес оқушыға айналуына көмектесеміз. «Онлайн сабақты жүргізу: сыртқы келбет және онлайн этикет» тақырыбы «сабақты трансляциялауға дейін және оны жүргізу барысында қандай мәселелерді назарда ұстау керек?» деген сұрақ аясында толық мәлімет берді.

Қашықтан оқытуды ұйымдастырудағы ең негізгісі әрине, АКТ құралдары: қазақстандық платформалар. Қашықтан оқытуды ұйымдастыруға арналған АКТ құралдары бойынша гидті және Telegram мессенджеріндегі ICT robot чат-ботын қолданып, оқу мақсатына сәйкес келетін цифрлық құралдарды таңдау арқылы қашықтан оқыту мен оқудың, сондай-ақ дәстүрлі сыныптағы сабағыңыздың тиімділігін арттыра аласыз. Осы телекоммуникациялық және ақпараттық құралдар негізінде әр түрлі педагогикалық қызмет түрлерін қолдануға болады. Мысалы, қашықтан іскерлік ойындар, зертханалық жұмыстар мен семинарлар, қол жетімді емес нысандарға виртуалды бару, виртуалды экскурсиялар, мектеп оқушыларының, сондай-ақ мұғалімдердің бір-бірімен компьютерлік хат алмасуы, электронды бюллетеньдер шығару және тағы басқалар. Бұл қаражат жеке-жеке де, кешенде де жұмыс істей алады. Мысалы, оқушыларға білім беру мәселесі қойылған дәріс материалы ұсынылады. Әр оқушы оны шешеді және нәтижелерін барлық курстастарына жібереді.

Қорыта айтқанда ашық онлайн-курсы отандық ұстаздар үшін оқытудың тиімділігін қарастыруымен тиімді әрі пайдалы болды. Қашықтан оқытудың ерекшеліктері мен түрлерін зерттеп, онлайн-сабақтардың оқу үдерісін жоспарлауды, оқу жетістіктерін бағалауды ұйымдастыруды үйрендік. Қашықтан оқыту қазіргі заман талабы болса, оны ұйымдастыруда педогог-ұстаздардың біліктілігі жоғары, зияткерлік және кәсіби деңгейі жоғары деңгейде дамыған болуы өте маңызды!

* * * * *

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУДЕ ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Павлодар облысы, Тереңкөл ауданы, Жасқайрат ауылы.
"Жасқайрат негізгі жалпы білім беретін мектебі" ММ
Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі
Жусупова Нургуль Қарибаевна*

Қазіргі заман талаптарына сәйкес қазіргі мектеп «білімді тұлға», яғни білім, білік пен дағдылары қалыптасқан жеке тұлғаны дайындаумен ғана шектеле қоймай, өмірдің өзгерістеріне дайын болатын, белсенді және шығармашыл ойлайтын, интеллектуалды және жан-жақты дамыған жеке тұлғаны дайындау тиіс. Білім мазмұнын жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты.

«Мұғалім көп әдісті қолдана отырып, оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде пайдаланған дұрыс», - деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамту, оны оқушыға жеткізу, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеру, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе. Еліміздің ертеңгі болашағы жас ұрпақ болғандықтан, оларға терең де сапалы білім берудің жаңа әдіс-тәсілдерін құрастыру бүгінгі күннің өзекті мәселесі болып отыр.

Сабақ-мұғалімнің шығармашылық еңбегінің нәтижесі. Оның өз мәнінде өтуі ұстаздың біліміне, ұйымдастыру қабілеттілігіне, шеберлігіне байланысты. Мемлекетімізде болып жатқан өзгерістерден білім беру саласы шет қала алмайды. Сондықтан қазіргі уақытта оқытудың жаңа әдіс-тәсілдері қарастырылып, енгізілуде. Қазіргі заман талабына сай сабаққа қойылатын мақсатміндеттерінің ерекшелігі өсіп келе жатқан жеке тұлғаны жан-жақты дамытуға бағытталған. Репродуктивті білім беру кезінде оқушы тек 5 тыңдаушы, орындаушы ретінде көрінген.

Қазіргі таңда оқушыны қалыптастыруға мынадай мақсаттар қойылып отыр: ☐ Оқушыларды сын тұрғысынан ойлауға үйрету;

- ☐ Оқушыларды өздігінен жұмыс істеуге дағдыландыру;
- ☐ Жұпта, топта жұмыс жасай білуге үйрету;
- ☐ Бір-бірінің білімін бағалауға;
- ☐ Жетістіктерін қолдана білуге тәрбиелеу;
- ☐ Тез әрі нақты ойлап, дұрыс шешім қабылдай алу және тапқырлық, тиянақтылық дағдыларын дамыту;
- ☐ Талабын ұштап, қиялын дамыту.

Шындығында мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр.

Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтымақтаумен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі заманда білімді де білікті, тың серпіліске,

өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен көріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік.

Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Оқушының қажеттілігін қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек. Білім беру үрдісінде мұғалімнің оқушыны дұрыс бағалауға көңіл бөлгені дұрыс. Баға-оқушының білімін көрсететін нәтиже. Мұғалім жаңа форматта құрылған сабақ тақырыбына байланысты критерийлер бойынша немесе бағалаудың әр түрлі тәсілдерін қолдануға болады.

Қазіргі заман ағымына сай болашақ ұрпаққа саналы тәрбие, терең білім беру еліміздің басты мәселесі болып табылады. Яғни, сабағының жемісті болуы үшін үнемі ізденіс үстінде болып, жаңа бағдарламаны меңгере отырып қолдану әр ұстаздың парызы деп есептеймін. Осы әдістемелік құралдың ішінен мұғалімдер рефлексия мен кері байланыстың айырмашылығын, кері байланыс жасау кезінде және сабақ барысында қолданатын әдіс-тәсілдерді, қысқа мерзім жоспар үлгілерін, ата-анамен жұмыс түрлерін өз тәжірибелеріне пайдалана алады және түрлендіріп, өзгертулеріне болады.

ҰЛТЖАНДЫ ҰРПАҚ – ҚОҒАМ ТІРЕГІ

*Қызылорда облысы Шиелі ауданы Ы.Жахаев ауылы
КМҚК "Балдырған" бөбекжай-бақша" әдіскері
Байдилдаева Ханзада Байсалбаевна*

«Адам мақсатына өзін өзі жетілдіру арқылы жетеді» (Әл-Фараби)

«Ел боламын десең бесігінді түзе », - деп ұлы М. Әуезов айтқандай, қазіргі таңдағы әлеуметтік-экономикалық талап-тілектерге сай рухани білімді, шығармашыл жеке тұлға тәрбиелеу, жас ұрпақтың өз жолын өзі таңдауға, тағдырының иесі болуға ықпал ету.

Мемлекет басшысының тапсырмасын орындау мақсатында біздің аймақта кәсіптік білім берудің еңбек нарығына қажетті мамандар даярлауға, қайта даярлауға, кадрлар біліктілігін арттыруға бағытталған үш бағдары белгіленді. Кәсіптік білім беру саласын жұмыс берушілердің сұранысы мен еңбек нарығын бағдарлай отырып әрекет етуге бейімделуде. Әл-Фараби айтқандай: «Адамға ең бірінші тәрбие берілуі қажет, тәрбиесіз берілген білім адамзат үшін қауіпті». Адамгершілік-рухани, патриоттық, сыр мен сымбат, еңбек пен өнер, ақыл-ой тәрбиесі. Соның ішінде біз еңбек пен өнер тәрбиесіне тоқталайық. Халқымыз еңбек пен өнерді егіз санаған. Жүн иіріп, өрнек тоқу, киіз басып, үй жабу, ою ойып, сырмақ, түс киіз өрнектеу, тері илеп, бас киім тігу қыздар, мектепте еңбекке тәрбиелеу – тәрбиенің жалпы жүйесінің құрамды бөлігі. Еңбекке тәрбиелеу, баулу және кәсіптік бағдар, мектеп оқушыларының қоғамдық пайдалы өнімді еңбекке тікелей қатысуы оқуға деген саналы көзқарасты тәрбиелеудің, азамат болып өсудің жеке адамды адамгершілік және зиялылық жағынан қалыптастырудың негізгі көзі болып табылады, осымен қатар мұны еңбек тәрбиесінің мақсаты деп түсінуіміз қажет.

Еңбек тәрбиесінің негізгі мақсаты – жас жеткіншектерге еңбек туралы тәрбие беру және жеке адамды жан-жақты дамыту. елдер үшін ерекше өнер санаған.

Еңбекке тәрбиелеудің міндеттері:

*Еңбекке сүйіспеншілік пен еңбек адамдарына құрметпен қарау.

*Оқушыларды халық шаруашылығы салаларындағы еңбектің түрлерімен таныстыру, еңбек іс-әрекетінің барысында олардың дағдысы мен іскерлігін қалыптастыру.

. К.Д. Ушинский талаптарының ең бастыларының бірі – еңбек-сүйгіштікке, еңбек ете білуге және еңбекке ынталы болуға тәрбиелеу. Кімде-кім пайдалы еңбекпен айналысса, сол адам қоғамның лайықты азаматы бола алады деп білді Ушинский баланың санасына сәби кезінен-ақ, еңбек етудің қажеттілігі мен маңыздылығын ұялатуды, пайдалы іс істеуге тырысушылыққа және қазақ ағартушыларының бірі Ы.Алтынсарин педагогикалық тақырыптағы өлеңдері мен әңгімелерінде, аудармаларында өнімді еңбек – еңбек тәрбиесінің құралы деп тұжырым жасады.

Абай нағыз пайдалы еңбек деп әр түрлі қолөнерді, егіншілікті және білім алуды, оқуды есептеді. Ақыл-білім алу күрделі еңбек арқылы келеді деп философиялық тұжырым жасады.

Ол жастарды ең алдымен отбасында, мектепте және әдебиет арқылы тәрбиелеуді маңызды рөлін ерекше бағалады. Еңбектің бейнеті мен зейнетін басынан өткізген халқымыз баланы еңбекке тәрбиелеуді отбасынан бастаған. Ер бала мен қыз бала тәрбиесін бөлісіп алған. Еңбекті дәріптеп жастарға еңбек адамын үлгі-өнеге ретінде ұсыну "Аяз би" ертегісіндегі Аяз би "Кер құла атты Кендебайдағы" Кендебай, т.б. бейнелері арқылы беріліп отырған. Қазақ халқы жастарды еңбекке баулығанда күнделікті кәсібіне, тұрмыс тіршілігіне байланысты төрт түлік малды бағып-қағуды, аң аулап кәсіп етуді ойластырған.

Кәсіп-адамның қабілетілігі мен бейімділігін бір іспен айналысуы.

Біздің кәсіптік лицейіміз темір жол мамандарын даярлайтын оқу орыны

Кәсіптік бағдар беру дегеніміз – педагогтардың, психологтардың, дәрігерлердің және басқа да қызметкерлердің қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға және мамандық таңдауға көмектесуде, мақсатты істелетін жұмыс. Кәсіптік бағдар беру жүйесінің құрамды бөліктеріне (компоненттерге), кәсіптік ақпарат, кәсіптік ағарту жұмысы, кәсіптік ақыл-кеңес және кәсіптік іріктеу (профотбор), кәсіптік бейімделу жатады.

Еңбек тәрбиесінің ең басты да, негізгі міндеттерінің бірі - жасөспірімдерді қоғамдық пайдалы, ауыл шаруашылығының жетістіктерін жете түсіну және оған өздері тікелей араласу, өндірісті білу, онымен жұмыс істеу тәжірибесін бойына сіңіріп отыру дейді. Сондай-ақ, ол "Балалар жұмыс істейтін бағы, бақшасы, аз да болса жері жоқ мектеп шын мәніндегі мектеп бола алмақ емес", – деп атап көрсетті. Сонымен бірге Ушинский ой еңбегі мен дене еңбегінің алмасып отыруына да ерекше мән берді. "Ой еңбегінен кейін дене еңбегімен айналысу жанға жайлы ғана емес, ол өте пайдалы тынығу" – деп есептеді. Ал тері, ағаш, темірмен байланысты кәсіптерді ер адамдар атқарған. Аяқ киім (етік, мәсі, кебіс, шоқай, шәркей тігетін етікшілік, қайыстан жүген тартып, өмілдірік, құйысқан, қамшы, шідер секілді әбзел істейтін өрімшілік үлкен өнер болып есептелген.

Ағаштан – ашамай, арба, шанажасайтын балташыларды темірден – құрал-сайман еңбек құралдарын немесе әшекей зергерлік бұйымдар жасаушы ұсталарды халық жоғары бағалаған.

Халық педагогикасынан орын алған еңбек және еңбекке тәрбиелеу қазіргі педагогика теориясы принциптерімен ұштасып жатыр. Еркін еңбек барысында өзінің және бүкіл қоғам мүшелерінің қажеттілігін қанағаттандыру үшін адам материалдық және рухани құндылық жасайды. Шығармашылық еңбек барысында адам өз күшінің шамасын және қабілетін анықтайды. Қоғамның басты талаптарының бірі – әр азаматтың өмірде өз орнында толық күш-жігерін жұмсап, қоғамдағы байлықты еселей түсуге еңбек үлесін қосуы, еңбекке адал, саналы қатынасу болып табылады.

Еңбек тәрбиесінің мақсаты еңбекке даярлау ғана емес, сонымен қатар жас жеткіншектерді біліммен, іскерлікпен және дағдымен мен қаруландыру қабілеттілігін дамыту, мамандық таңдауға көмек беру болып табылады. Еңбектің тәрбиелік қызметін оқушы бойына дарыту барысында оның экономикалық (дәрежесіне) нәтижесіне мән беру қажеттілігін ғалымдар дәлелдеп берді. Еңбек нәтижесіз болса, ол адам бойында еңбекке деген жек көрушілік сезімін туғызады. Ең маңыздысы, мақсатты ұйымдастырған еңбек үрдісінде еңбектің бір түрінен екінші түрі туындап, үздіксіз еңбек ету адам ағзасының күнделікті дағдысына айналады.

Тұлғаның ақыл-ой, дене, адамгершілік және басқа жақтарынан дамуының нәтижесі оның мамандық таңдау даярлығына жеткілікті дәрежеде әсер ететін болады.

Бүгінгі заманда жұмысты жалпы адамзаттың құндылыққа, өзара түсінушілікке, ынтымақтастыққа бағдарлау мен құра білу табысты еңбек етудің кепілі болып табылады.

Әркімді заман сүйремек,

Заманды қай жан билемек.

Заманға қай жан күйлемек,

Замана оны илемек, - деп ұлы ойшыл Абай жырлағандай, қазіргі заман- жаһандану заманы.

Ол өскелең ұрпаққа білім беріп қана қоймай, бала бойына барша адами жақсы қасиеттерді сіңіре білуі тиіс. Сондықтан ұстаз- тәрбиенің ұйытқысы, жас ұрпақтың рухани сәулеткері. «Қазақтың тағдыры, келешекте ел болуы мектебінің қандай негізде құрылуына барып тіреледі», - деп М. Жұмабаев айтқандай, ауыл – қазақтың бесігі болса, мектеп-ауылдың ұйытқысы. Ол тек оқушыларға білім беретін орын ғана емес, ауылдың бүкіл мәдени өміріне қан жүгіртетін жүрегі, рухани өсуіне ықпал ететін ордасы.


Бүгінгі ел аманатын арқалаған ардақты азаматтарымыздың көпшілігі, ел тізгінін ұстаған тұлғалы кісілеріміздің басым бөлігі, мемлекетіміздің жан-жақты дамуына үлесін қосып жүрген еңбеккерлердің негізгісі – ауылдан шыққан тумалар. Бүгінгі таңда ел келешегінің тірегі болар ұрпақ тәрбиесі сынды қызығы мен қиыншылығы қатар жүретін ауыл жастарына артылар жауапкершілік жүгінің ауыр екендігі даусыз. Сондықтан әрбір жас үздіксіз ізденіс, тынымсыз еңбек қажеттілігі- заман талабы. Заман талабын қанағаттандыру ұлтжанды ұрпақ қолында.




* * * * *

Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Шар қаласы
«Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ-сі
Мектепалды даярлық тобы тәрбиешісі
Нугыманова Кульжанат Кабикановна

Білім саласы: «Таным»

ҰОҚ: «Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру»



Тобы /сыныбы: Мектепалды даярлық тобы	Мектеп: «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ Педагогтің аты-жөні: Нугыманова К.К.
Өтпелі тақырып:	Салт-дәстүрмен фольклор
Білім беру саласы:	Таным
ҰОҚ:	Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру
Тақырыбы: Менің елімнің мерекелері. Қосуды және азайтуды үйренемін.	
Бөлім: 4.Математикалық модельдеу	
Бөлімше: 4.1.Математикалық тіл және математикалық модель	
Оқу мақсаты:	0.4.1.1. «+» таңбасын заттар санын біріктіретін белгі ретінде, «-» таңбасын заттар санын азайту белгісі ретінде түсініп,қолдану.
ҰОҚ мақсаты:	Қосу,азайту таңбасын заттардың санына,мереке күндеріне байланысты қолдана алады.
Ойлау дағдыларының деңгейі	Білу, түсіну, қолдану.
Қолданылатын әдіс-тәсілдер:	«Миға шабуыл»әдісі, «Қарлы кесек» әдісі «Басбармақ» әдісі. «Конверт ішіндегі сұрақтар» әдісі «Жетістік ағашы»әдісі
Ресурстар,дамытушы орта:	«Әли мен Айя» бейнабаяны, https://youtu.be/S0cqNXx6kUY , Мерекелік суреттер, суреттегі есептер,интерактивті тақта т.б.
Кіріктірілген сабақтар	Көркем әдебиет,музыка.
Жоспарлау	
ҰОҚ кезендері	Педагогтің әрекеті
Ширату жаттығуы Сабақтың басталуы 0–5 минут Өткен тақырыпқа шолу: «Қарлы кесек» әдісі	Ұйымдастыру: Оқушылармен амандасып алу,сабаққа деген көңіл-күйлерін білу. «Қарлы кесек»әдісі. Балалар бір-біріне доп лақтыру арқылы сандарды қосып,алады. Бір таңбалы сандарды қосады және алады. Бүгінгі сабақта «+», «-» таңбасымен танысамыз.
«Миға шабуыл» әдісі	Миға шабуыл балалармен сұрақ- жауап алмасу. ҰОҚ-нің тақырыбына кіріспе ретінде педагог «Наурыз», 
	«1 Мамыр – Қазақстан халықтарының бірлігі күні» фотосуреттерін қарауды ұсынады. фотосуреттерін қарауды ұсынады. Балаларға мынадай сұрақтар қояды: – Мына мерекелерді білесіңдер ме? – Олар қашан болады? – Бұл мерекелер не үшін атап өтіледі?


	<p>– Ата-аналар мереке күндері сендерді қайда апарды? – Наурыз бен 1-мамыр күндерінің арасында қанша күн бар?</p>
<p>Сабақтың негізгі бөлігі 5-17 минут</p> <p>«Кім жылдам» әдісі</p>	<p>Шарты: Қандай да бір тапсырманы нақты, жылдам орындау. Сурет бойынша (+) және (-) таңбаларына жазу құрастыр.</p>  <p>Түсіндіру жұмысы: «+», «-» таңбаларын қай жерде қолданылатынын, қалай қолданылатынын. Уақыт жылдамдығымен пайдалану. Сурет бойынша «+» және «-» таңбаларына жазу құрастыр. Сандарды қосқанда не алғанда қанша шығады екен? (сандарды біріктірді, қосты, алып тастады, азайтады). Саралау: Қарқын, жылдамдық, уақытпен саралай алдым. Осы саралауымдағы тапсырмалар әр баланың ҰОҚ мақсатына жетуіне жасалған қадамдар болып табылады. Жауап беруде жылдамдықпен белсенділік көрсеткен балаларды смайликпен бағалап отырамын. Бақылау түрі: бір-біріне құрдастарымен қарым-қатынасына бақылау жасай аламын. таңдадым. Бақылау барысында әр балаға көмек көрсете аламын. Бұл әдісте балаларда 4Қ моделі, сыни тұрғыда ойлана алады, жылдамдық жүреді.</p>
<p>«Конверт ішіндегі сұрақтар» әдісі</p>	<p>Сергіту сәті: «Әли мен Айя» бейнабаянын тамашалау.</p>  <p>Конверт ішіндегі тапсырмаларды ашып орындайық. Ішіндегі сұрақ есептерді алып балалар стикерге жазады және сағат тілімен конвертті келесі балаға ұсынады. осылай кезектесе отырып берілген есептерді шығарады.</p>  <p>Саралау: Қызығушылық мүдде саралауы баларда байқалды. Қажеттіліктері мен деңгейіне қарай қолдау көрсетіп отырамын. Белсенділік көрсеткен балаларды жұлдызшалармен, смайликтермен марапаттап отырамын. Бақылау түрі: Бақылау барысында әр балаға көмек көрсете аламын. Баланың жеке даму траекториясын құрып, әр балаға көмек көрсетуге тырысамын. Осы бақылау критерийлеріне қарап бақылау жасап ҰОҚ мақсатына сәйкес балаларға кері байланыс беріп, баланың жеке траекториясын анықтай аламын. Баланың ата-анасына өзімнің ҰОҚ мақсатына сәйкес кері байланыс беріп отырамын.</p>

	Баланы аты жөні	Қосу, азайту таңбасын заттардың санына байланысты қолдана алады.	Сыни тұрғыда ойлай алады.	Қарым-қатынаста бір-бірімен бірігіп әрекет ете алады.	Балаға кері байланыс
	Алихан	+	+	+	-
	Алина	-	-	+	-
	Айтханым	+	+	+	-
Сабақтың қорытынды бөлігі 3 минут	<p>«Жарайсыңдар, балалар!» Бүгін мереке туралы білдікпе? Бүгін қандай таңбаларды үйрендік? Балалар Жетістік ағашына сабақты мен түсінемін-жасыл. мен түсінгендеймін-сары. мен түсінбедім –қызыл. Смайликтермен Жетістік ағашына жапсырамыз.</p>				

*Шығыс Қазақстан облысы Жарма ауданы Шар қаласы
 «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ-сі
 Бастауыш сынып мұғалімі; Болдыханова Гулнарис Кабыкеновна*

Пәні: жаратылыстану	Мектеп: «Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ
	Мұғалімнің аты-жөні: Болдыханова Гулнарис Кабыкеновна
Сынып: 2 «А»	Қатысқандар саны: 13 Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	Алуан түрлі жануарлар
Осы сабақ арқылы жүзеге асатын мақсаттары:	2.2.2.1. Жануарлар класының өкілдерін ажырату: бунақденелілер, балықтар, қосмекенділер, бауырмен жорғалаушылар, құстар және сүтқоректілер; 2.1.2.3. Бақылау нәтижелерін шартты белгілердің көмегімен белгілей білу;
Сабақ мақсаттары	Барлық оқушылар:
	Оқулықта берілген және қосымша тапсырмаларды орындайды.
	Оқушылардың басым бөлігі:
	Топтық жұмысты брлесе орындайды. Өз бетінше жұмыс жасайды. Сұраққа жауап береді.
	Кейбір оқушылар:
	Оқулықтан тыс берілген қосымша тапсырмалады орындайды, тақырып бойынша қосымша мәліметтер мен дәлелдер келтіре алады.
Бағалау критерийлері	1. Қосмекенділер мен бауырмен жорғалаушылар тобы екенін ажырата алады. 2. Қоршаған ортадағы құбылыстарға бақылау жасайды. 3. Жануарлардың топтарын ажырата алады.
Тілдік мақсат	Түйінді сөздер мен сөз тіркестері: Тірек сөздерді сабақ барысында қайталап айту. Балықтар, бауырмен жорғалаушылар, қосмекенділер, суқойма

	<p>Талқылауға арналған сұрақтар:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттерден нелерді көріп тұрсың? 2. Олардың қайсысы қосмекенділерге жатады? 3. Қайсысы бауырмен жорғалаушыларға жатады? 4. Ал қайсысы балықтар ?
Құндылықтарды дарыту	Еңбек және шығармашылық
Ишара	Жасыл-түсіндім; қызыл-сыныптасымның көмегімен түсіндім; сары-көмек қажет түсінбедім;
Алдыңғы оқу	Өсімдікке жыл бойы қалай күтім жасау керек?
Жоспар	
Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақтағы жоспарланған іс-әрекет
<p>Сабақтың басы Басталуы 5 минут</p> <p>Сабақтың ортасы:</p>	<p>Топқа бөлу Себетпен конфет әкелу. Оқушыларға себеттен конфет алуларын сұраймын. Конфеттің түрлеріне қарай 3 топқа бөлініп отырады.</p> <p>1 тапсырма: ГЖ «Ойлан тап!»</p> <p>Жануарлардың топтары Жануарларды ата. Оларды қандай топтарға бөлуге болады? Сыныптастарыңмен талқыла.</p>  <p>Кесіртке мен жыланды сипатта. Олар қалай қозғалады? Осылай қозғалатын тағы қандай жануарларды білесің?</p> <p>Тасбақа, кесіртке, жылан бауырын жерге тигізіп қозғалады. Мұндай қозғалысты «бауырымен жорғалау» дейді. Бұл жануарлардың бауырымен жорғалаушылар аталуы осыдан шыққан.</p> <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Ым – ишарамен жануардың қимылын көрсетеді. 2. Суреттегі жануарларды атайды. <p>Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар» 2 тапсырма: ӨЖ «Салыстыр»</p> <p>Суреттерге қара. Қайсысы бауырмен жорғалаушыларға жатады? Тағы қандай жануарлар бейнеленген? Олар қайда мекендейді?</p>  <p>Балықтың дене құрылысы Суретке қара. Көрсетілген дене мүшелері қандай қызмет атқарады?</p>  <p>Дескриптор:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1. Суреттегі жануарларды анықтайды.

<p>Сергіту сәті 2 минут</p>	<p>2. Бауырмен жорғалаушыларды атайды. 3. Жануарларды салыстырады. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар»</p> <p>Сергіту сәті Венн диаграммасы бойынша жұмыс Жануарлардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын анықтау Оқушылар суреттегі жануарлардың арасындағы қандай айырмашылықтар бар екенін топта отырып талқылайды. Ортақ қасиеттерін де анықтайды. Айырмашылықтары: класс атауы, мекен ету орталары, дене мүшелері, т.б. Ортақ қасиеттер: тірі ағза, қоректенеді, тыныс алады, өседі, көбееді, тіршілігін тоқтатады т.б.</p> <p>3 тапсырма: ЖЖ</p> <div data-bbox="512 689 1182 1016" data-label="Complex-Block"> <p>Зертте Балықтар, бауырымен жорғалаушылар мен қосмекенділердің қандай ұқсастығы мен айырмашылығы бар?</p>  </div> <p>Дескриптор: 1. Қосмекенділердің айырмашылығы мен ұқсастығын анықтайды. 2. Бауырмен жорғалаушыларды атайды. 3. Жануарларды салыстырады. Кері байланыс: «житондар» ҚБ «жұлдызшалар»</p>
<p>Сабақтың соңы</p>	<p>Кері байланыс: «Бағдаршам» арқылы сабақ түсінгенін, не түсінбегенін білдіру.</p>
<p>Үйге тапсырма: 20-21 бет</p>	
<p style="text-align: center;">Қосымша мәліметтер</p>	
Айдағы күндер саны																																														
Айдағы мейрам күндерін жазыңдар																																														
Қорытынды																																														
<p>Сабақтың соңы «Бір минут» әдісі 3 мин</p> <p>«Басбармақ» әдісі. 2 мин</p>	<p>«Бір минут» әдісі Оқушылар кезек бойынша бір минут ішінде сабақ тақырыбы бойынша тоқтаусыз, қайталаусыз және қатесіз сойлейді. Фигуралар арқылы бағалау</p> <p>«Басбармақ» әдісі. Кері байланыс. Оқушылар сабақтан алған әсерлерін басбармақтарын көрсету арқылы білдіреді.</p>																																													
<p>Саралау- Сіз қандай тәсілмен көбірек қолдау көрсетпексіз? Сіз басқаларға қарағанда қабілетті оқушыларға қандай тапсырмалар бересіз?</p>	<p>Бағалау- Сіз оқушылардың материалды игеру деңгейін қалай тексеруді жоспарлап отырсыз?</p>	<p>Денсаулық және қауіпсіздік техникасын сақтау</p>																																												
<p>Бірлескен жұмыс, жеке жұмыс арқылы сабақты меңгерту. «Смайликтер» топқа біріктіру, «Әңгіме алаң» әдісі бойынша өткен тақырыпты пысықтау, миға шабуыл, «Джигсо» әдісі, деңгейлік тапсырмалар «Бір минут» әдісі, кері байланыс жасату: «Басбармақ»</p>	<p>Бағалауды әр тапсырманың соңында фигуралар арқылы бағалап отырамын. Ауызша, жазбаша түрде қалыптастырушы бағалауды іске асыру. Ауызша мадақтау, ынталандыру сөздері арқылы.</p>	<p>Компьютермен жұмыс кезіндегі қауіпсіздік ережелерін еске түсіру. Көзге арналған жаттығулар.</p>																																												
<p>Жалпы бағалау</p>																																														
<p>Сабақта ең жақсы өткен екі нәрсе (оқыту мен оқуға қатысты)?</p>																																														
<p>1:</p>																																														
<p>2:</p>																																														
<p>Сабақтың бұдан да жақсы өтуіне не оң ықпал етер еді (оқыту мен оқуға қатысты)?</p>																																														
<p>1:</p>																																														
<p>2:</p>																																														
<p>Осы сабақтың барысында мен сынып туралы немесе жекелеген оқушылардың жетістіктері\ қиыншылықтары туралы нені анықтадым, келесі сабақтарда не нәрсеге назар аудару қажет?</p>																																														

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНЫҢ ТИІМДІЛІГІ

*Алматы облысы, Балқаш ауданы
«Жасұлан» балалар бақшасының әдіскері
Думиебаева Гүльжахан Сатыбалдиевна*

Бүгінгі таңда елімізде білім беру мазмұны жаңа бағытқа бет бұрып отыр. Елбасы Н.Ә.Назарбаев өз сөзінде: «Біз қазір «білім – ғылым – инновация» атты үштік үстемдік құратын постиндустриялық әлемге қарай бағыт алып барамыз» деген болатын. Ендеше, еліміздің әлемдік үрдістерге енуі білім беру жүйесінің жаңа сапалық деңгейге өту қажеттілігін арттыруда екені сөзсіз.

Біздің өміріміздің кез – келген саласындағы сапалы өзгерістер, әсіресе білім беру саласындағы өзгерістер педагогтың оқыту үрдісіндегі алатын орны мен рөліне жаңаша көзқарасын қалыптастырусыз жүзеге асуы мүмкін емес. Дана халқымыз «Ой өзгермей, адам өзгермейді» дегендей, орта білім беру мазмұнын жаңарту бағытында енгізіліп отырған жаңа мақсаттар мен міндеттерді, жаңа технологияларды, құзіреттілікке бағытталған бағалаудың жаңа формаларын алдымен мұғалімнің өзі жан – жақты игермейінше, сапалы білімге қол жеткізе алмаймыз. Сондықтан кез – келген педогог оқыту үрдісін бағдарламалық және әдістемелік қамтамасыз студегі өзгерістерді, педагогикалық қызметтің мақсаттары мен әдіс – тәсілдері бағытындағы тың өзгерістерді қабылдауға, игеруге, ізденуге дайын болуы қажет.

Қазіргі кезеңде Республиканың білім беру жүйесінің ең басты міндеті қазақ мектебі мен мектеп жасына дейінгі балалардың білім сапасының деңгейін халықаралық дәрежеге жуықтау.

Бала – болашағымыз десек, сол балаға жүйелі білім беріп,ынта – ықыласын, дұрыс бағыттауды, қабілет қасиеттерін дамытуды балабақшадан бастауымыз керек. Мектепке дейінгі білім беру стандарты мектепке дейінгі тәрбие мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық үрдісті ұйымдастыруда жаңашыл әдіс – тәсілдерді пайдалануға мүмкіндік береді.

Балабақшада жаңа педагогикалық технологияларды пайдаланудың басты мақсаты: оқыту мен тәрбиелеуде.Инновациялық ойын технологиясының элементтерін пайдалана отырып, жан – жақты, білімді, құзыретті тұлға тәрбиелеу.

Оқу қызметінде жаңа технологияларды тиімді пайдалану балалардың пәнге деген қызығушылығын арттырады, шығармашылық қабілетін дамытады, қоршаған ортаны танымдық зерттеу барысында дидактикалық мақсаттар іс жүзінде асырылады.

Қазіргі заманда алға қойылып отырған маңызды мәселелердің бірі –

жан – жақты дамыған өнегелі, рухани ізденісі мол жас ұрпақ тәрбиелеу. Ол үшін не істеу керек?

-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарында педагогикалық процесті ұйымдастыруда жаңашыл тәсілдерді пайдалану;

-Білім беру мазмұнын, оның деңгейі мен сапасын іріктеуге қойылатын талаптарды реттеп;

-Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары мен мектепалды даярлық топтарының қызметін баланың денсаулығы мен физикалық дамуын сақтауды бағдарлап;

-Баланың дамуының әрбір жас кезеңінде әлеуметтік ахуалды іске асыру үшін жағдайларды қамтамасыз етіп;

-Баланың жас кезеңдері сабақтастығы негізінде біріңғай білім беру кеңістігі сақталып;

-Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту ұйымдары және бастауыш мектеп арасында сабақтас байланыс реттеліп;

-Отбасы әлеуетін және мектеп жасына дейінгі тұлғаның толық қанды дамуына мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдарының дамыту ортасының психологиялық – педагогикалық негізін пайдаланып;

-Әлеуметтік – мәдени міндеттер шешу – мектеп жасына дейінгі балаларға білім берудің жаңа үлгісін

қалыптастыруда мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту ұйымдары, отбасы, әлеуметтік орта біріктіру қажет.

Қазақстан мемлекетінің ертеңгі болашағы бүгінгі ұрпақ тәрбиесіне тікелей байланысты. Сондықтан да, қазіргі кезде болып жатқан тарихи –әлеуметтік өзгерістер жас ұрпақтың жан –жақты дамуына, тәрбиеленуіне жаңаша көзқараспен қарауды қажет етеді.

* * * * *

ОТБАСЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ

*Алматы облысы, Балқаш ауданы
«Жасұлан» балалар бақшасының тәрбиешісі
Оспанова Гульжанар Женисовна*

«Отан отбасынан басталады» демекші, тәрбие тал бесіктен басталады. Яғни бала бесікте шырылдап жатқан күннен бастап, ата-ана тәрбие бере бастайды. Отбасы-адам үшін ең жақын әлеуметтік орта. Отбасы белгілі бір дәстүрлердің, жағымды өнеге мұралар мен салт дәстүрлердің сақтаушысы. Отбасында бала алғаш рет өмірімен, қоршаған ортамен танысып, мінез құлық нормаларын қалыптастырады. Отбасы тәрбиесі-бұл жалпы тәрбиенің бір үлкен бөлігі десе болады. Бала дүниеге келген сәттен бастап, оның ойлы дене бітімінің дұрыс қалыптасуына, ақыл-ойының жетілуге назар аударған. Сәбидің жүріп сөйлей бастағанынан әдепке, мәдениетке баулу, жақсыдан үйренуге, жаманнан жиренуге тәрбиелеу отбасыдан бастау алады.

Балаға үнемі әдептілік тәрбиесін беру арқылы оларды дұрыс жолға бағыттау-өмір заңы. Бала өсе келе көп нәрсеге үйренеді, халқының, ұлтының кім екендігін айқын түсіне бастайды, отаншылдық сезімі арта түседі. Кіндік қаны тамып, туып өскен мекенін, табаны тиіп тұрған топырағын аялай бастайды. Қазақ жерінің қадыр қасиетін, киесін ұғынады. Ата-бабаларымыз балаға тәрбие берудің өзіндік әдет-ғұрып дәстүрлерін ғасырлар бойы жинақтады. Әділдік, адалдық, имандылық, бауырмалдық, шыдамдылық, сабырлылық, адамның рухани моральдік нормаларын бала жанына сіңіре білді.

«Әкеге қарап ұл өсер, шешеге қарап қыз өсер» деп дана халқымыз бекер айтпаған шығар сірә. Қыз тәрбиесі бір бөлек, ұлдың тәрбиесі бір бөлек қой.

Алдымен ұл тәрбиесіне тоқталсақ. Халқымыз ұл баланың тәрбиесіне ерекше көңіл бөлген. Қай халықта да ұл бала тәрбиесі-әке меншігінде. «Ата көрген оқ жонар, шеше көрген тон пішер» дей отырып, қазақ отбасында әкелер өзінің білетін бар өнерін ұрпағына үйретіп, оларды мерген, аңшы, яғни «сегіз қырлы, бір сырлы» жігіт етіп тәрбиелеген. Бала ес білгеннен бастап, оның құлағына «сен ертеңгі шаңырақ иесісің, болашақ әкесің, арқа сүйер жарсың, отбасының асыраушысысың, сондықтан да тек жақсылықты игер, ал жамандыққа мүлдем жолама» деген сүбелі сөздерін құлақтарына құйып отырған. Келесі кезек әрине қыз тәрбиесінде. Қыз әуелде ана бауырында, отбасы тәрбиесінде болады. Оған ұлдан өзгеше тәрбие береді. Қыз тәрбиесінде білікті аналар, әжелер өздерінің өнегелі, сүбелі сөздерін, ақылдарын айтып отырған. Мысалы: тасыр мінез, кеселді сөзден аулақ болу, үнемі сіз-біз деп сөйлеу, кісі бетіне, әсіресе, ер адамдардың бетіне тікке немесе қылымсып қарамау, тамақты ауыз толтыра асап, былшылдатып, шалпылдата шайнамау, ыдыс-аяқты жуып шайғанда тарсылдатпау және тағыда басқа тыйымдар жайлы айтып отырған. Осыған қарап «ерте замандағы Қазақ балаларының тәрбиесі қандай мықты болған десеңші» деп бір таңырқап қаласың ғой шіркін.

Шынында қазыргы заманның тәрбиесі қандай? деп өз өзімізге сұрақ қояйықшы. Балаларымызға жеткілікті түрде көңіл бөліп, ата-бабаларымыз бергендей үлкен тәлім-тәрбие беріп жатырмыз ба? Бізде баяғы сол балаларымыз елдің балаларынан кем болмасын, артта қалмасын деп, әрбір үйірмелерге беріп жатамыз, ал шын мәнінде балаңыз соны қалайды ма? Менің жеке ой пікірім негізінде былай, әрине баланың жан жақты болғаны дұрыс, алайда тек өз қалауымен. Енді көңіл бөлу жағына келетін болсақ: барлығымыз жұмыс бастымыз, демалыс күндері ғана уақытты бірге өткіземіз. Бұл шындық қой, тіпті дәлелдеуді қажет етпейді десекте болатын шығар. Сондықтан менің айтарым «бір әкенің берген тәрбиесін, жүз мектеп бірікседе бере алмайды» деген сөз бар ғой, егерде ертеңгі болашағымыз жарық болуын қаласақ онда, әрекетті отбасындағы баланың тәрбиесінен бастауымыз қажет. Әрине, ерте кезеңдегі тәрбиені бере алмасақта балаларымыздың саналы ұрпақ болуына қол созайық.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Нысанбек ауылы,

«Балдәурен» РОСО филиалы

Жауаптылар:

Физика пәнінің мұғалімі: Әжібаев Нұрғазы Шаймұратұлы

Математика пәнінің мұғалімі: Алиханов Жасулан Жанабекович

Физика пәнінің мұғалімі: Аманова Сандұғаш Тағайқызы

Іс-шараның атауы: «Білгірлер бәйгесі» атты зияткерлік сайыс

Мақсаты: Оқушылардың өткен сабақтардан алған білімдерін еске түсіру арқылы білімдерін тереңдету. Оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәндерге деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Құрал жабдықтар: Интерактивті тақта, слайдтар, музыкалық сүйемелдеу, микрофон

Жүргізушілер: Алиханов Ж. Ж

Іс-шараның барысы:

Жүргізуші:

Қайырлы кеш, ұлағатты ұстаздар мен дарынды оқушылар!

«Білгірлер бәйгесі» атты зияткерлік ойынына қош келіпсіздер!

Бүгінгі жастар – халқымыздың болашағы, еліміздің ертеңі. Оқушылардың ой-өрісін кеңейтіп, есте сақтау қабілетін шыңдайтын, білімді жастарды анықтайтын, білімге қызығушылықтарын арттыратын «білгірлер бәйгесі» атты зияткерлік сайысымызды бастаймыз.

Слайд №2.

Сайыстың мақсаты:

Оқушылардың өткен сабақтардан алған білімдерін еске түсіру арқылы білімдерін тереңдету. Оқушыларды ұқыптылыққа тәрбиелеу, пәндерге деген қызығушылықтарын арттыру. Есте сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін жетілдіру. Логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.

Болмасаңда ұқсап бақ бір ғалымды көрсеңіз,

Ондай болмақ қайда деп, айтпа ғылым сүйсеңіз – дей отырып бүгінгі «білгірлер бәйгесі» сайысында білімнің биік шыңын бағындырамыз деп сайысқа қатысқалы отырған топтарды сіздердің қошеметтеріңізбен ортаға шақырамыз.

1 топ: Дарындылар

2 топ: Философтар

3 топ: Лидерлер

4 топ: Қырандар

Шын жүйрік шабысынан танылады,

Нақты білім, терең ой сыналады

Баға берер әділ қазы ортамызда

Сіздерге құрметпен қол соғады

Бүгінгі ойынымызды даралап саралайтын әділ-қазылар алқасымен таныстырып өтуге рұқсат етіңіздер.

1. Мектеп кешенінің директоры Умирзахов Е. К

2. Орталығымыздың әдіскері Қызметова М. С

3. Физика пәнінің мұғалімі Әжібаев Н. Ш

Ойынымыздың бөлімдерімен таныстырып өтейік.

Слайд №3.

I бөлім: «Сырлы сұрақтар»

II бөлім: «Ой шеңбері»

III бөлім: «Қызық екен»

IV бөлім: «Полиглот»

Слайд №4.

I. Бөлім. «Сырлы сұрақтар»

Білімінің ұшқырлығын танытып сен,

Асып тасып, асықпа, қалыспа сен.

Уақыт деген зымырап, зулап өтер,

Шапшаңдық бұл сайыста керек екен – деп, «сырлы сұрақтар» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі:

Сіздерге экранда төрт ұяшық ұсынылады. Әр топ бір ұяшықтан таңдау мүмкіндігіне ие. Әр ұяшықта жаратылыстану- математика пәндері бойынша жалпы саны 6 сұрақ оқылады. Сұрақтарға жылдам әрі нақты жауап беру қажет. Әр топ өз ұяшықтарына жауап береді. Әр дұрыс жауапқа 5 ұпай беріледі.

Ойыншыларымызға сәттілік !!!

Сұрақтар:

Ұяшық №1. Слайд №9.

1. Қандай жануарлар көздерін ашып ұйықтайды?

Жауабы: Жыландар, балықтар

2. Орыс қызының атымен аталатын өзен.

Жауабы: Лена

3. Жақтаулар арқылы шектеледі, бейнебетте төртбұрыш болып бейнеленеді ?

Жауабы: Терезе

4. Аккумуляторға құятын қышқыл.

Жауабы: Күкірт қышқылы

5. Арманда бір бүтін, екі жарты, төрт ширек алма болды. Барлығы неше алма?

Жауабы: Үш алма

6. Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді. (физикалық құбылыс)

Жауабы: Диффузия

Ұяшық №2. Слайд №10.

1. Көздері бір мезгілде әр жаққа қарайтын жануар?

Жауабы: Хамелеон

2. Машина маркасымен аталатын өзен.

Жауабы: Волга

3. Батырмасын басасың, қажетті файлды ашасың.

Жауабы: Тышқан

4. Сау адамның асқазанында кездесетін қышқыл.

Жауабы: Тұз қышқылы

5. Жаңа туған пілдің баласы 1 тоннаның 1/8 бөлігін тартады. Жаңа туылған пілдің баласы неше кг тартады?

Жауабы: 125 кг

6. Ай жарығы әлемге, шам жарығы түбіне. (физикалық құбылыс)

Жауабы: Жарықтың таралуы

Ұяшық №3. Слайд №11.

1. Аяғымен тыңдайтын бунакденелі?

Жауабы: Шегіртке

2. Пішіні жолбарысқа ұқсайтын түбек.

Жауабы: Скандинавия

3. Компьютермен енеді, қағазға басып береді

Жауабы: Принтер (баспа құрылғысы)

4. Сиыр, жылқы сүтінің құрамында болатын қышқыл?

Жауабы: Сүт қышқылы

5. Төрт бүтін санның (әр түрлі болуы шарт емес) қосындысы және көбейтіндісі 8 – ге тең. Бұл қандай сандар?

Жауабы: 1, 1, 2, 4

6. Жел тұрмаса, шөптің басы қимылдамайды. (физикалық құбылыс)

Жауабы: Инерция

Ұяшық №4. Слайд №12.

1. Терісі екі ғана түстен тұратын жануар?

Жауабы: Зебра

2. Етік белшесінен батып тұрған теңіз?

Жауабы: Жерортатеңіз

3. Мәліметті сұраған, көз алдында шығарам

Жауабы: Монитор

4. Химияның қаны деп аталатын қышқыл?

Жауабы: Күкірт қышқылы

5. 1, 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 9 сандарын қандай сандар деп атаймыз?

Жауабы: Араб сандары

6. Көсеу ұзын болса, қол күймес. (физикалық құбылыс)

Жауабы: Жылу өткізгіштік

1 – бөлімнің қорытынды бағасын әділқазы алқасынан сұрасақ.

Слайд №5

II. Бөлім. «Ой шеңбері»

Ғылымның сырын ұғына,

Шығындар білім шыңына:

Ұқыптылық пен зеректік,
Жеткізер сіздердей өренді.
Жеңістің мынау шыңына - деп, келесі «ой шеңбері» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі:

Сіздерге экранда төрт профиль ұсынылады. Профильдер «математика», «информатика», «физика», «тұлғалар». Әр профильде 10, 15, 20 ұпайлық ұяшықтар ұсынылады. Әр топ үш ұяшықтан таңдау мүмкіндігіне ие. Сұрақтарға 20 – 30 секунд уақыт арлығында жауап берулеріңіз тиіс. Әрбір дұрыс жауапқа таңдаған ұяшыққа сәйкес ұпай алатын боласыздар.

Ойыншыларымызға сәттілік !!!

Математика 10. Слайд №13.

Сұрақ: Әкесі мен баласы екеуі бірігіп 65 жаста еді. Баласы туылған кезде әкесі 25 жаста болған. Әкесі мен баласы неше жаста? Жауабы: Баласы 20 жаста, ал әкесі 45 жаста

Математика 15. Слайд №14.

Сұрақ: Бір натурал сан екіншісінен 3 – ке артық, ал көбейтіндісі 180 – ге тең. Осы натурал сандарды тап? Жауабы: 12 және 15

Математика 20. Слайд №15.

Сұрақ: Сандар тізбегіндегі заңдылықты анықтап тағыда екі белгісіз санды жаз.
7, 8, 12, 21, 37, x, y. Жауабы: 62, 98

Информатика 10. Слайд №16.

10 ұпай. (Бонус)

Информатика 15. Слайд №17.

Сұрақ: Алғашында жасөспірімнің әзілі ретінде, қарақшылықпен күрес мақсатында жазылған компьютерлік бағдарлама. Жауабы: вирус

Информатика 20. Слайд №18.

Сұрақ: Microsoft фирмасының операциялық жүйесі қалай аталады? Жауабы: Windows

Физика 10. Слайд №19.

Сұрақ: Неге жел тұрғанда кебу процесі тез жүреді?

Жауабы: Сұйықтан бөлініп шыққан молекулаларды жел ұшырып кетеді

Физика 15. Слайд №20.

Сұрақ: Кемпіркосақ түстерін ретімен ата!

Жауабы: Қызыл, қызғылт сары, сары, жасыл, көгілдір, көк, күлгін

Физика 20. Слайд №21.

Сұрақ: Қандайда бір биіктіктен еркін құлаған дененің 1 сек-тағы жылдамдығы қандай? ($g=$)
Жауабы: $V=10\text{м/с}$

Тұлғалар 10/1. Слайд №22.

Сұрақ: «Аспан астындағы дүние» кітабының авторы әлемге әйгілі ойшыл, философ, социолог, математик, физик, астроном, ботаник, лингвист, логика, музыка зерттеушісі, қазақ жерінде туылып Дамаск қаласында жерленген ұлы ғұлама ғалым кім?

Жауабы: Әл-Фараби (870-950 жж)

Тұлғалар 10/2. Слайд №23.

Сұрақ: Пиза мұнарасын әлемге танытқан италяндық физик, математик, философ, механик және астроном кім?

Жауабы: Галилео Галилей (1564-1642 жж)

Тұлғалар 10/3. Слайд №24.

Сұрақ: 7 жасында бірінші 100 натурал сандардың қосындысының есептеу формуласын шығарған белгілі ғалым.

Жауабы: К. Гаусс (1777– 1855 жж)

2– бөлімнің қорытынды бағасын әділқазы алқасынан сұрасақ.

Слайд №.6

II. Бөлім. «Қызық екен»

Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп Абай атамыз айтқандай бүгінгі ойыннан қалыс қалмай келесі «қызық екен» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі:

Сіздерге Экранда 6 ұяшық берілген. Әр ұяшықта жаратылыстану – математикалық пәндер бойынша деңгейленген бір сұрақ оқылады. Сұраққа 1 минут уақыт арлығында жауап берулеріңіз тиіс. Жауап болмаған жағдайда қарсылас ойыншыларға жауап беруге болады. Әрбір дұрыс жауапқа 20 ұпайдан алатын боласыздар.

Ойыншыларымызға сәттілік !!!

Эврика: Слайд №25.

Сұрақ: Ернеуі тар бөтелкеге піскен жұмыртқаны кіргізу үшін ...

- А) Жұмыртқаны сыртын жіппен орау керек
- Б) Бөтелкені бірнеше рет аударып төңкеру керек
- С) Бөтелкеге қайнаған су құйып қайта төгу керек

Тәжірибе: Слайд №26.

Сұрақ: Қандай жағдайда шүберек өртенбейді ?

- А) Йод, су, сіркесуын қосқанда
- Б) Спирт, су, желім қосқанда
- С) Ацетон, су, аммиак қосқанда

Құрылғы: Слайд №27.

Сұрақ: Екі енгізу жабдығы ...

- А) Монитор мен сканер
- Б) Сканер мен тышқан
- С) Тышқан мен принтер

Ақпарат: Слайд №28.

Сұрақ: Қаріптің өлшемі ...

- А) 4 кегл –дан бастап, 64 кегл – дан аяқталады
- Б) 8 кегл –дан бастап, 72 кегл – дан аяқталады
- С) 6 кегл –дан бастап, 36 кегл – дан аяқталады

Өлшем: Слайд №29

Сұрақ: ABCDEF алтыбұрышы көрсетілген екі квадратпен екі үшбұрышқа бөлінген. ABCDEF алтыбұрыштың периметрі қандай?

- А) 54 см
- Б) 60 см
- С) 64 см

Үшбұрыштар: Слайд №30

Сұрақ: Мына фигураның ішінде қанша үшбұрыш бар ?

- А) 19 үшбұрыш
- Б) 24 үшбұрыш
- С) 29 үшбұрыш

3 – бөлімнің қорытынды бағасын әділқазы алқасынан сұрасақ.

Слайд №.7

I V. Бөлім. «Полиглот»

Өзге тілдің бәрін біл, өз тілінді құрметте-демекші. Ойынымыздың соңғы бөлімі «полиглот» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі:

Сіздерге экранда 4 ұяшық ұсынылады. Ұяшықтарда физика, математика, информатика, химия, биология, география пәндерінен жалпы саны 6 термин сөз қазақ тілінде ұсынылады. Сол термин сөздерді орыс және ағылшын тіліне аудару қажет. Әр топ бір ұяшықтан таңдау мүмкіндігіне ие. Барлық термин сөздер үш тілде толық және дұрыс аударылған жағдайда 30 ұпайдан алатын боласыздар.

Ұяшық №1. Слайд №31.

- 1. Жасуша – ... – клетка – cells
- 2. Урбандалу – ... – урбанизация - urban
- 3. Түбір – ... – корень – root
- 4. Терезе – ... – окно – windows
- 5. Заряд – ... – заряд – charge
- 6. Молекула – ... – молекула – molecule

Ұяшық №2. Слайд №32.

- 1. Ұлпа – ... – ткань – tissues
- 2. Демография – ... – демография - demography
- 3. Дәреже – ... – степень – degree
- 4. Себет – ... – корзина – basket
- 5. Ток күші – ... – сила тока – current
- 6. Элемент – ... – элемент – element

Ұяшық №3. Слайд №33.

- 1. Қабықша – ... – мембрана – membrane
- 2. Демократия – ... – демократия – democracy
- 3. Бұрыш – ... – угол - angle
- 4. Бағдарлама – ... – программа – program
- 5. Жылдамдық – ... – скорость – velocity
- 6. Ион – ... – ион – ion

Ұяшық №4. Слайд №34.

- 1. Ядро – ... – ядро – nucleus
- 2. Диаспора – ... – диаспора – diaspora
- 3. Теңдеу – ... – уравнение - equation
- 4. Батырма – ... – кнопка – button
- 5. Кернеу – ... – напряжение – voltage
- 6. Жану – ... – гореть – burn

Ойынды қорытындылау үшін ортаға әділқазы алқасын шақырамыз (ойынға сараптама береді). «Балдәуренде» қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша қонақтарымызды шығарып саламыз.

Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Нысанбек ауылы,
«Балдәурен» РОО филиалы
Жауаптылар:
Әжібаев Нұрғазы Шаймұратұлы
Жұмашев Бекмурат Абусейтович
Абуов Жалғас Абайұлы

Іс-шара атауы: «Ақыл ой» зияткерлік сайысы

Мақсаты: математика пәніне деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, осы пән арқылы өздерінің ой өрістерін дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, шығармашылыққа жетелеу, пәннің маңызын түсінуге жетелеу.

Міндеттері:

- балалардың білімдерін, ойларын кеңейту;
- жеке тұлғалық шығармашылық қабілеттерін дамыту;
- білімге деген, жауапкершіліктерін арттыру.

Құрал-жабдықтар: интерактивті тақта, слайдтар, микрофон

Дайындық жұмысы:

1. Әдебиетпен, ақпаратпен жұмыс.
2. Сценарий жазу.
3. Қажетті жабдықтарды дайындау.

Жүргізуші: Жұмашев Б. А.

Іс-шараның барысы:

«Балдәурен» гимні орындалады. *(фанфар ойналады, жүргізуші шығады)*

Жүргізуші: Қайырлы кеш, қымбатты балдәурендіктер мен қадірлі қонақтар!

Жүргізуші: «Ақыл ой» зияткерлік сайысына қош келдіңіздер!

Жүргізуші: «Халықтың кемеліне келіп өркендеп өсуі үшін, ең алдымен, азаттық пен білім қажет» деп Шоқан Уәлиханов, «Ғылым майданының қатардағы жауынгері тек үнемі оқу, іздену, талпыну, тану, өмір мектебінен өту арқылы ғана оның ірі қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі» деп

Қ. Сәтбаев айтып кеткендей, еліміздің болашағы тек қана білімді жастар екені даусыз.

Жүргізуші: Олай болса, 8 – 9 сынып оқушылары арасында өткізгелі отырған «Ақыл ой» атты зияткерлік сайысымызды бастаймыз.

Сайыстың мақсаты: Математика және информатика пәніне деген оқушылардың қызығушылықтарын арттыру, осы пәндер арқылы өздерінің ой өрістерін дамыту, логикалық ойлау қабілеттерін шыңдау, шығармашылыққа жетелеу, пәннің маңызын түсінуге жетелеу.

Ғылымдардың патшасы атанғансың

Евклид, Фалес, Пифагордан бата алғансың.

Төзбейтін өтірікке, жалғандыққа

Жасықтан емессің сен, қаталдансың

«Ақыл ойды тәртіпке» келтіретін

Нағыз пән – математика атанғансың! – дей келе ортаға сайысқа қатысушы топтарды шақырамыз.

1 топ: Дарындылар 2 топ: Философтар 3 топ: Лидерлер 4 топ: Қырандар

Сайысқа қатысушы топтармен таныс болсақ, сайыстың бөлімдерімен танысайық!

1. «Кім жылдам» 2. «Ойлан тап» 3. «Дода»

4. «Логикалық есептер» 5. «Адасқан сандар»

Жүргізуші:

Шын жүйрік шабысынан танылады,

Нақты білім, терең ой сыналады

Баға берер әділ қазы ортамызда

Сіздерге құрметпен қол соғады, дей келе бүгінгі әділ-қазылар алқасымен таныс болыңыздар!

1. Умирзахов Есқали Қалдыбекович - білім кешенінің меңгерушісі

2. Джалаева Ләззат Әкімбекқызы – директордың оқу тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

3. Қанаева Салтанат – әдістемелік бөлім кураторы

4.

Жүргізуші: Сарапшыларымызбен таныс болсаңыздар ойын бөлімдеріне кезек берсек.

Ойынның барысы:

Слайд 1

Жүргізуші:

Егеменді елімнің болашағы,

Кімге де ой тастамас бала қамы.

Білімді ұрпақ елімнің шам-шырағы,

Өшпесін мәңгі бақи бала шамы дей келе, 1-ші кезең «**Кім жылдам**» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі: Қызықты логикалық 20 сұрақ оқылады, әр оқылған сұраққа топтар жылдам түрде бірінші болып белгішені көтере отырып жауап беруі тиіс. Ескерту: белгішені сұрақ оқылғаннан соң көтеру керек. Әрбір дұрыс жауап 5 ұпаймен есептеледі.

Сұрақтар:

1. Менің атым Медет Менің тәтемнің бір ғана інісі бар. Менің тәтемнің інісінің аты кім?

Жауабы: Медет

2. Үстел үстінде үш стакан шие тұр. Марат бір стакан шиені жеп қойды. Неше стакан қалды?

Жауабы: Үш стакан

3. Жұп санды үшке бөлгенде қалдық қандай болуы мүмкін ?

Жауабы: 1 және 2

4. Домбырада – жетеу, сырнайда – алтау, қобызда бесеу?

Жауабы: Әріп

5. Теңізде қандай тас болмайды?

Жауабы: Құрғақ

6. Қай спорт түрінде ат үстінен ат секіріп өте алады?

Жауабы: Шахмат ойынында

7. Қолымызда 10 саусақ бар. 10 қолда неше саусақ бар?

Жауабы: 50 саусақ

8. Амалды орында: $6 : 2 (1+2) = ?$

Жауабы: 9

9. Кешегі күн ертеңгі күн болғанда , бүгін сенбі болар еді, деген адам қай күні айтқан?

Жауабы: Дүйсенбі күні

10. Күні бойы бір сұрақ қойып, бірақ әр сұрағанда әр түрлі жауап алатын сұрағымыз қандай?

Жауабы: Сағат қанша болды?

11. Қаз, адам, қарақат! Осы үшеуін не байланыстырады?

Жауабы: А әрпі

12. Қандай бөшкеге су көп кетеді?

Жауабы: Тесік бөшкеге

13. 7, 8, 12, 21, 37, сан тізбегін тағы бір санға жалғастыр?

Жауабы: 62

14. Екі бұтақта 15 торғай отыр. Бірінші бұтақтан 3 торғай ұшып кетті. Екінші бұтақтан 1 торғай ұшып, бірінші бұтаққа қонғанда, екі бұтақтағы торғайлар сандары бірдей болады. Алғашқыда бұтақтардың әрқайсысында неше торғай отырды?

Жауабы: 8 және 7

15. Сыныпта 35 оқушы бар. Қыздар ұлдардан үшке артық. Сыныпта ұлдар қанша , қыздар қанша?

Жауабы: 16 ұл, 19 қыз

16. Қай жерде жексенбі сенбіден бұрын келеді?

Жауабы: Сөздікте (словарь)

17. Есікті ашу үшін не қажет?

Жауабы: Есіктің жабық болуы қажет

18. Қай кезде біз 2 санына қарап, «он» деп айтамыз?

Жауабы: Сағатқа қараған кезде, он минут кеттіп тұрған жағдайда

19. Бір кітап және екі дәптер 94 теңге тұрады. Бір кітап, бір дәптер 80 теңге болса олардың бағасы қандай?

Жауабы: Кітап 66 теңге, дәптер 14 теңге

20. Мен бір сан ойладым. Оны 10 – ға көбейттім, нәтижеге 50 – ді қостым. Қосындының мәнін 5 – ке бөлдім. Сонда 60 шықты. Мен қандай сан ойладым?

Жауабы: 25

Жүргізуші: I кезең өз мәресіне келіп жетті.

Слайд 2,3


Жүргізуші:

Білімінің ұшқырлығын танытып сен,
Асып тасып, асықпа, қалыспа сен.
Уақыт деген зымырап, зулап өтер,
Шапшаңдық бұл сайыста керек екен – деп, «**Ойлан тап**» деп аталатын
2 бөлімді бастаймыз.

Ойын ережесі: Сіздерге экранда 4 ұяшық ұсынылады, ұяшықтарда бір сызу тапсырмасы беріледі. 4 топ бір ұяшықтан таңдай отырып тапсырманы топта 1 минут ішінде орындап, жауаптарын ұсынады. Дұрыс жауап 10 ұпаймен бағаланады


1 ұяшық:

Мына фигураның ішін бірдей 4 бөлікке бөліңдер



2 ұяшық:

Мына фигураның ішін үш түзумен ең көп дегенде неше бөлікке бөлуге болады?




3 ұяшық:

Мына фигураның ішін екі түзумен ең көп дегенде неше бөлікке бөлуге болады?



4 ұяшық:

Мына фигураның ішінде қанша үшбұрыш бар ?



Жүргізуші: 2 кезең өз мәресіне келіп жетті.

Слайд 4

Жүргізуші: Жасымда ғылым бар деп ескермедім,

Пайдасын көре тұра тексермедім.

Ер жеткен соң түспеді уысыма,

Қолымды мезгілінен кеш сермедім, - деп Абай атамыз айтқандай бүгінгі ойынды әрі қарай сабақтастырып, келесі «**Дода**» бөлімін бастаймыз.

Ойын ережесі: Сіздерге экранда 4 топқа бір тапсырма ұсынылады. Тапсырманы топпен Excel

бағдарламасында жасап көрсету керек. Берілетін уақыт 3 минут. Тапсырманы бірінші және дұрыс орындаса 15 ұпай беріледі.

Ескерту: осы бөлімнен соң, ұпайы аз 1 топ ойыннан шығады

Тапсырма: Сізге тапсырыс берген анаңыздың 1000 теңгесі барлық азық-түлік алуға жетеді ме, және 150 теңгелік сусын алуға ше? Электронды кестені пайдалана отырып есептеңіз.

№	Атауы	Теңгедегі бағасы	Саны	Құны
1	Нан	70	2	
2	Кофе	60	5	
3	Сүт	250	2	
4	Қант	51,3	1	
5	Тұз	25	1	
6				

Жүргізуші: 3 кезең өз мәресіне келіп жетті. Олай болса қазылар алқасынан 3 бөлімнің ұпай сандарын сұрай кетсек.

Слайд 5

Жүргізуші:

Ақыл тон аңдағанға тозбайтұғын,

Білім кен қанша алсаң да азбайтұғын.

Қатарың оза шауып бара жатса,

Арқаңның ауруы не қозбайтұғын деп, келесі 4-ші кезең «**Логикалық есептер**» бөлімін бастаймыз. Бұл бөлімді 3 топпен жалғастырамыз.

Ойын ережесі: Экранда 3 профиль көрсетілген. Әр профильде 10, 20 ұпайлық ұяшықтар бар. Сіздердің мақсаттарыңыз ұяшықтардағы сұрақтарға жауап беру. Дұрыс жауапқа ұяшыққа сәйкес ұпай бөріледі.

Ескерту: осы бөлімнен соң, ұпайы аз тағы 1 топпен қоштасамыз және ұпайы көп 2 топ финалға өтеді.

1 профиль. Сандар сыры

10 ұяшық:

Сандар белгілі бір заңдылықпен орналасқан болатындай етіп, сұрақ белгісінің орнындағы санды тап.

20	18	76
43	2	90
50	4	?

Жауабы: $(50+4)*2=108$

20 ұяшық: Бір таңбалы барлық жұп сандардың арифметикалық ортасы неге тең?

Жауабы: 5

2 профиль. Логика әлемі

10 ұяшық: Еркін әкесі 36-ға келгенде туған болатын. Қазір оның жасы әкесінен 5 есе кіші. Еркіннің әкесі қазір неше жаста? **Жауабы:** 45 жаста

20 ұяшық: Сексенбай қарияның 7 ұлы бар, олардың әрқайсысының 7 ұлы бар, ал қарияның әрбір немересінің 2 қызы бар. Сексенбай қарияның неше шөбере қызы бар? **Жауабы:** 98

3 профиль. Геометриялық логика

10 ұяшық: Параллель екі түзуді үшінші бір түзумен қиып өткенде неше бұрыш пайда болады?

Жауабы: 8 бұрыш

20 ұяшық: Түзуде 4 нүкте белгіленген. Сонда ұштары осы нүктелер болатын қанша кесінді пайда болады?

Жауабы: 6 кесінді (AB, AC, AD, BC, BD, CD)

Жүргізуші: 3 кезең өз мәресіне келіп жетті. Олай болса қазылар алқасынан ұпай сандарын сұрай кетсек.

Слайд 6

Жүргізуші:


Мықты болсаң – алдағыны басып оз,
 Мықты болсаң – арттағыны жеткізбе.
 Мықты болсаң – тайғанама көк мұзда,
 Мықты болсаң – бөгеттерді бұзып өт, – дей отырып, соңғы бөлім
 «Адасқан сандар» деп аталады.

Ойын ережесі: әр топтар кезекпен ортаға шығып 1 минут ішінде ретсіз, адасқан сандарды тауып ретімен санап шығуы тиіс. Ұпай тапқан сандарына сәйкес беріледі.

Жүргізуші: Ән

Жүргізуші: «Ақыл ой» атты зияткерлік ойынымыз өз мәресіне жетті. Олай болса, әділ-қазылар алқасының шешімін естісек. Бүгінгі сайыстың жеңімпазы қай топ екен?

Қорытынды: Қазіргі жаһандау заманында білім саласында оң өзгерістер болуда. «Білім заманнан бері қазақ атамыз «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман.» - деп тұңғыш Елбасымыз айтқандай ел бірлігі мен білімді бәрінен де биік санап, әрдайым алға баса берейік. Балдәуренде қалыптасқан жақсы дәстүр бойынша қонақтарымызды шығарып салайық.



*Ақтөбе облысы, Байғанин ауданы, Қарауылкелді селосы
 Қарауылкелді орта мектебінің физика пәні мұғалімі
 Қайруллина Ләйла Жолмұханқызы*

Тақырыбы: Сабақ	Температура. Температураны өлшеу тәсілдері. Температуралық шкалалар	
Күні, айы:	Мұғалімнің аты-жөні: Қайруллина Л. Ж.	
8 сынып	Сабаққа қатысқан оқушылар саны: 25	Сабаққа қатыспаған оқушылар саны:
Оқу бағдарламасына сәйкес оқу мақсаты	8.3.1.3 Температураны өлшеуді жылулық ұлғаю негізінде сипаттау; 8.3.1.2 температураны әр түрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу;	
Сабақ мақсаты	Барлық оқушылар: Температураны өлшеу жолдарын, олардың түрлі шкалаларын және оларды шкалада қолдана отырып, ауыстыру жолдарын үйренеді.	
	Оқушылардың басым бөлігі: Энергиялар туралы мәліметтерді жеткізе отырып, ішкі энергия туралы мысалдар келтіру, энергия туралы білімдерін нығайтады.	
	Кейбір оқушылар: Дененің жылулық күйін сипаттайтын негізгі физикалық шама ретінде енгізу, өлшем бірлігін және өлшеу әдістерін біледі.	
Бағалау критерийі	Өз бетімен еңбектене отырып, жаңа тақырыптың мағынасын түсінеді. Жаңа тақырыпты өз бетімен талдай отырып, ойын қорыта алады.. Салыстырмалы түрде температуралар шкаласымен жұмыс жасай алады. Салыстырмалы түрде температуралар шкаласымен жұмыс жасай алады. Тапсырмаларды орындауда ережелерді қолдана білу дағдысы қалыптасады, физикалық терминдік тілде сөйлейді. Жаңа тақырыптың мазмұнын қосымша көмек арқылы ұғады, салыстырмалы түрде температура шкалаларын ажырата алмайды, тап-сырмаларды орындауда ережелерді дұрыс қолдана білмейді. Жеке, жұптық, топтық жұмыстарды орындауда топ мүшелерімен көп араласа бермейді. Қосымша берілген тапсырмаларды көмек көрсету арқылы орындайды.	
Тілдік күзінеттілік	температура,оны өлшеу тәсілдері,термометрлердің түрлері және температураның шкаласы туралы териндерді ажыратады	

Құндылық тарды игерту:	Өзіне және өзгелерге құрмет мұғалім мен оқушылардың бір-бірімен амандасуында, сыпайы, ойын ашық білдіріп, тындауда, сабақты уақытында бастап, аяқтауда, тапсырмаларды нұсқалық бойынша толық орындауда, бір-бірінеқолдау көрсетуінде көрініс табады. Патриотизм мен азаматтық жауапкершілік уақытты пайдамен өткізу қажеттігін түсіну арқылы жүзеге асырылады. Өмір бойы оқу қағидасы ақпаратты өздігінен табу, сабақ мақсатын білуде, кері байланыс беруде, рефлексия жасауда, алған білімінің практикалық мәнін түсінуде көрініс табады. Ашықтық оқушыларға ақпаратты алуында бірдей мүмкіндіктер беруде, сабақ мақсатын бірге құрастыруда, бағалау мен кері байланыс беруде, бірнеше көзқарастың бар екенін түсінуде орын алады. Еңбексүйгіштік жұмыс орынын таза сақтауда, оқушылардың белсенді жұмысында, ал шығармашылық жаңа идеяларды ұсынуда көрініс табады.
Ресурстар	Оқулық, суреттер, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар және әртүрлі заттар, топтық тапсырмалар, кері байланыс, стикер.
АКТ-ны қолдану дағдылары:	PowerPoint таныстырылымы.
Пәнаралық байланыс	Математика

Сабақтың барысы

Сабақтың кезеңдері	Жоспарланған жұмыс
Сабақтың басы (2-5 минут)	<p>Ұйымдастыру кезеңі: Амандасу. Түгендеу. «Өрмекші» тренингі арқылы үй жұмысын сұрау. Цельсий, Келвин, Фарингейт, Реомюр арқылы төрт топқа бөлу. Амандасады. Стратегияға белсене қатысады. Сабаққа деген ынтасы, қызығушылығы артады. Топтарға бөлінеді.</p> <p>Үй тапсырмасын тексеру: Қызығушылықты ояту: « Жылулық қозғалыс дегеніміз не? 2. Броундық қозғалыс дегеніміз не? 3. Кімнің құрметін броундық қозғалыс деп аталған және не себепті? 4. Диффузия дегеніміз не? 5. Диффузияға мысал келтір.</p> <p>Талқылау үшін сұрақтар беріледі (2 минут) Температура нені сипаттайды? Дене температурасын өлшеуде термометрдің маңызы қаншалықты? Судың қатаюы мен еруінде термометрдің қандай қатысы бар?</p> <p>Топтық жұмыс «Ассоциация құру» Оқушыларға пікірталас кезеңін өткізу, автордың өлеңіндегі сипаттамасы бойынша сипаттау. Берілген мәтінді оқып, топпен бірлесе отырып, талқылайды және әр топтың бақылаушысы жасаған жұмыстарға сәйкес бақылау парағын жүргізеді.</p>
Сабақтың ортасы (6-40 минут)	<p>Стратегияларды жүйелі қолдану арқылы оқушылардың жұмысын ұйымдастыру (сауал қоя білу, талдау жасай білу, баяндау және қызу ой талқысын жасай білу қабілеттерін жетілдіру жолдарын беру). Арқылы тақырыптың идеясын түсіну</p> <p>Мағынаны тану Топтық жұмыс Сабақтың барысында негізгі идеяны ашу үшін оқушыларға бағыт беру, түрткі болу, жаңа тақырыпты талдауға, ой қорытуға, нәтижеге жетуге жетелеу. Экранда көрсетілген суретті көрсету арқылы эксперименттік талдау жасап сабақтың мағынасын ашады.</p> <p>Бізді қоршаған ортадағы жылулық құбылыстар - температураның өзгеруіне байланысты құбылыстар. Салқын және жылы денелер. Температура - дененің жылулық күйін сипаттайтын физикалық шама. Температура дене бөлшектерінің орташа кинетикалық энергиясының өлшеуіші. Температура скаляр шама. Жылу алмасу - екі дене жанасқанда, жылу берілу жолымен энергияның қатты қыздырылған денеден азырақ қыздырылған денеге өту процесі.</p>

	<p>Жылулық тепе теңдік. Жылу алмасу денелер арасында жылулық тепе - теңдік орнағанға дейін жүреді. Дененің температурасын өлшеуге арналған құрал - термометр. Оның жұмыс істеуі денелердің жылулық ұлғаюына негізделген. Термометр - температурасы өлшенетін денемен жылулық байланыста болатын дене. Термометрлердің түрлері. I. Сұйық термометрлер. а) сынапты, өлшеу шегі - 38°C - тан 260 °C - ка дейін; б) спиртті термометр, өлшеу шегі в) термопара (- 269 °C - тан 2300 °C - қа дейін) г) термисторлар кедергісі температураның өзгеруіне негізделген құралдар. 2. Газды термометрлер. Цельсий шкаласы - негізгі екі нүктесі ретінде мұздың еру (0°C) және судың қайнау (100°C) температуралары алынған шкала. Абсолют нөл температура - табиғаттағы ең төменгі шекті температура ол - 273, 15 0°C - қа тең. Температураны өлшеу әдістері (тәжірибе көрсету) Термометрді қолда ұстап тұрып, ондағы сынап (спирт) бағанасының көтерілуін бақылау. Сынап (спирт) бағанасының көтерілу себебін айқындау. Сынап (спирт) бағанасы көтерілуін қашан тоқтатады? Термометр нені өлшейді? Термометрді температурасы өлшенетін ортадан алып қарауға бола ма? Неліктен? Түтікше бойымен көтерілген кезде сынап (спирт) молекулаларының орташа кинетикалық энергиясы жөнінде не айтуға болады? Оқытылып отырған оқу материалын қабылдаудағы оқушы түсінігін тексеру. §2 сұрақтарын талдау. 1) Молекулалық теория негізінде жылы су мен салқын судың айырмашылығы неде екенін түсіндіріңдер. 2) Абай болмаған жағдайда медициналық термометрді сындырып алуға болады. Неліктен бұл жағдайда төгіліп қалған сынапты бір түйір тамшысы қалмастай жинап алу қажет? Қандай да бір уақыт мезетінде ауадағы оттегінің бір молекуласы 900м/с жылдамдықпен, ал екінші молекула 1200 м/с жылдамдықпен қозғалады. Екінші молекуланың температурасы жоғары деген ұйғарым дұрыс бола ма? Жұмыс туралы алған білімдерін жинақтайды Топтарға тапсырма беру. Сәйкестендіру кестесі Еру 96° F Қайнау 0° C Адам денесінің темп 212° F Судың қайн.нүк 100° C §2 сұрақтарын талдау. Молекулалық теория негізінде жылы су мен салқын судың айырмашылығы неде екенін түсіндіріңдер. •Абай болмаған жағдайда медициналық термометрді сындырып алуға болады. Неліктен бұл жағдайда төгіліп қалған сынапты бір түйір тамшысы қалмастай жинап алу қажет? Қандай да бір уақыт мезетінде ауадағы оттегінің бір молекуласы 900м/с жылдамдықпен, ал екінші молекула 1200 м/с жылдамдықпен қозғалады. Екінші молекуланың температурасы жоғары деген ұйғарым дұрыс бола ма? Топтарға тапсырма беру. Сәйкестендіру кестесі Өзара бағалау (дескриптор бойынша) Бағалау СГ 3. Есептердің шығару нәтижелерін көрсету Оқытудың мақсаты бойынша.</p> <table border="1" data-bbox="435 1675 1428 1910"> <thead> <tr> <th data-bbox="435 1675 778 1704">Бағалау критеріі</th> <th data-bbox="786 1675 1428 1704">Дескриптор</th> </tr> </thead> <tbody> <tr> <td data-bbox="435 1709 778 1832" rowspan="4">Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады</td> <td data-bbox="786 1709 1428 1778">Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді</td> </tr> <tr> <td data-bbox="786 1783 1428 1821">Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды</td> </tr> <tr> <td data-bbox="786 1825 1428 1863">Тапсырмалардың нәтижесін тексеру</td> </tr> <tr> <td data-bbox="786 1868 1428 1906">Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді</td> </tr> </tbody> </table>	Бағалау критеріі	Дескриптор	Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру	Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді
Бағалау критеріі	Дескриптор							
Кез келген есептерді шығару тәсілдерін мен анықтамаларды пайдаланады	Қосымша ақпарат көздерін пайдалана отырып тексереді							
	Шығарылған есептердің дұрыстығын бақылайды							
	Тапсырмалардың нәтижесін тексеру							
	Шығарылған есептердің жақсы үлгілерін көрсетеді							
<p>Сабақтың соңы (41-45мин)</p>	<p>Әр оқушы өзіне жүктелген рөлдің міндеттерін атқарады. Топ пікірлерін тыңдау.</p>							

	<p>Жұптық жұмыс «Пилот - Штурман» (5 минут) (Штурман – басқарушы, пилот – орындаушы) Жұптар формуланы қолдана отырып мысал есеп шығарады. Жұптың пікірлерін тыңдау, барлық айтылған ой-пікірлерді бағалаудың мақсатына сәйкестендіру Температура дегеніміз не? Кельвин шкаласынан Цельсий шкаласына айналдыратын формуланы жаз? Күн бетінің температурасы 6000 К-ге дейін қызады. Осы температураны Цельсий шкаласына айналдыр? Кельвин шкаласы мен Цельсий шкаласын салыстыр? Суретті қысқаша түсіндір? Адам баласының өмірі үшін температураның маңыздылығы қаншама? Кері байланыс Өз көңіл күйлерін стикерге жазу.</p> <table border="1" data-bbox="459 629 1418 786"> <tr> <td data-bbox="459 629 683 752">Кейінгі тапсырмалар</td> <td data-bbox="683 629 1418 752">Күнделікті өмірде тапсырмаға байланысты өзің байқаған құбылыстар жайлы шағын эссе жазу. Тақырыбы: Температура қандай болады</td> </tr> <tr> <td data-bbox="459 752 683 786">Кейінгі оқу</td> <td data-bbox="683 752 1418 786">§2. Температура. Температураны өлшеу тәсілдері</td> </tr> </table> <p>«Құпия хат» әр түрлі фигуралар тізбегі оқушыларға таратылады.</p> <ul style="list-style-type: none"> • Сабақта қандай бөлімді қарастырдық? • Оқу мақсатына жету үшін біз қандай іс –әрекеттер жасадық? • Жұптық жұмыс түрінен алған әсеріңізбен бөліссеніз? • Сөздік қорын қандай жаңа сөздермен толықтырдық? • Жеке жұмыс қаншылықты қиын болды? <p>Бағалау Жетістік критерийлері бойынша Үй жұмысы Жаңа сөздерді жаттау Рефлексия. Оқушылар қиық қағаздарға жазып береді. Сабақта маған не пайдалы болды? Сабақта маған не қызықты болды? Сабақта маған не қиын болды?</p>	Кейінгі тапсырмалар	Күнделікті өмірде тапсырмаға байланысты өзің байқаған құбылыстар жайлы шағын эссе жазу. Тақырыбы: Температура қандай болады	Кейінгі оқу	§2. Температура. Температураны өлшеу тәсілдері
Кейінгі тапсырмалар	Күнделікті өмірде тапсырмаға байланысты өзің байқаған құбылыстар жайлы шағын эссе жазу. Тақырыбы: Температура қандай болады				
Кейінгі оқу	§2. Температура. Температураны өлшеу тәсілдері				
Қосымша ақпарат					
Қорытындылау	Төмендегі бөлікті сабағыңыз туралы өз ойыңызды жазуға қолданыңыз. Өз сабағыңыз бойынша сол жақ бағандағы сұрақтарға жауап беріңіз.				
1. Сабақ барысында өзгертулер енгіздіңіз бе? 2. Жүргізген жұмыс түрлері қаншалықты тиімді болды?					
<p>Қорытынды бағалау Ең жақсы өткен екі нәрсе? 1. 2. Қандай екі нәрсе сабақты жақсартар еді? 1. 2.</p>					

ЖАС МАМАН ЖҰМЫСЫН ҰЙЫМДАСТЫРУ

*Аманжолова Жанара Саткаримована
Қарқаралы ауданы Талды ауылы № 19 ЖОББМ
тарих пәні мұғалімі*

Заманауи білім берудің өзекті мәселелерінің бірі мектептердің педагогикалық ұжымдарының қартаюы болды. Жоғары оқу орындарының түлектері көбінесе мектепте мұғалім болып жұмыс істей бастайды, оны келесі бір-екі жыл ішінде қалдырады. Әлеуметтік-экономикалық, психологиялық және басқалардың себептерінен басқа, жас маманды пән мұғалімінің қызметін жүзеге асыруға әдістемелік даярлау мәселесін де белгілеуге болады.

Жас маман үшін негізгі проблемалардың бірі көбінесе сыныптағы тәртіп мәселесі болып табылады. Сабақтағы нашар тәртіптің себептері әртүрлі болуы мүмкін және олардың барлығы пәнді оқытудың әдістемелік жағына байланысты емес. Олардың кейбіреулері ата-аналарды, мектептің арнайы қызметтерін тарта отырып, рұқсат алуды талап етеді. Бірақ проблемалар мен әдістемелік жоспар бар. Тәртіп талаптардың нақтылығы мен олардың орындалуын бақылаудан басталады. Оқушыларға олардың талаптарын нақты түсіндіру және әр оқушының олардың сақталуын бақылау маңызды. Тіпті бір оқушының талаптарын елемей және мұғалімнің оған назар аудармауы - бұл басқа мектеп оқушылары үшін мұндай мінез-құлқ үлгісі мүмкін екендігі туралы сигнал. Әдетте, сынып неғұрлым әлсіз болса, соғұрлым бұл сұрақтар өткір болады. Сабақтың басында балалар үзілістен кейін тынышталып, сабаққа бейімделуі керек, содан кейін сабақты бастауға болады. Әсіресе алғашқы сабақтарда оқушылардың мінез-құлқына ерекше назар аудару керек, бұл үшін қосымша уақыт өткізуден қорықпау керек. Нашар тәртіпке байланысты бүкіл сабақтың мағынасын жоғалтқаннан гөрі, бір нәрсені жоғалтпаған дұрыс. Қажет болса, сабақты жоспарлау кезінде ұйымдастырушылық мәселелерге уақыт бөлген жөн. Сонымен қатар, талаптардың қатаңдығына қарамастан, оқушының оқуға деген оң көзқарасына ықпал ететін сабақта мейірімді атмосфераның маңыздылығын ұмытпау керек.

Сабақты әдістемелік тұрғыдан дұрыс жоспарлау маңызды. Жалпы ұсыныстар:

- оқушылардың зейінін, белсенділігін ауыстыруға мүмкіндік беретін әр түрлі іс-әрекеттерді қолдану сабақта оқушының жұмысын қызықты әрі аз шаршатады;

- тарихи түсініктерді қалыптастыру кезінде жарқын және нақты бейнелерді таңдау;

- презентацияның қол жетімділігі;

- сауалнама кезінде назарды белсендіру;

- оқушыларға сұрақтар мен тапсырмаларды түсінікті тұжырымдау;

- әдістемелік әдістерді қолдану техникасын меңгеру - кәсіби қызметтің басында бірден күрделі әдістемелік әдістерді қолданудың қажеті жоқ, алдымен қарапайым әдістерді қолдану қажет;

- сабақтың барлық кезеңдерінде әр оқушының жұмыспен қамтылуына назар аудару - тіпті оқу іс-әрекетінде жұмыс істемейтін бір оқушы да пәнге қатысты маңызды проблемалардың көзі бола алады.

Сабақтың барысы алдын-ала жасалған жоспарға сәйкес келуі маңызды. Сабақта балаларды сыртқы әңгімелер, әзілдер, жоспарланған сабақ мазмұнынан алшақтатпаңыз. Бұл үшін педагог өзіне-өзі сенімді болуы керек және оқушылармен қарым-қатынас тәжірибесі болуы қажет, алайда бұл жаңа бастаған педагогтің әлсіз тұсы. Педагог сабақта бәрі жоспар бойынша жүре алмайтындығын түсінуі қажет. Күтпеген жауаптар, оқушылардың сұрақтары болуы мүмкін, уақытты дәл жоспарлау әрдайым мүмкін емес және т. б. Сондықтан мүмкін болатын балама тапсырмаларды, сұрақтарды және т. б. есте ұстаған жөн, егер техниканың, карталардың және басқалардың болмауына байланысты сабақты бұзу қаупі болса, балама нұсқаларды алдын-ала жоспарлау мағынасы бар. Оқушыларды оқытудың тиімділігі көбінесе мұғалімнің болашақтағы (кем дегенде оқу жылы) және нақты сабақты жобалау қабілетін анықтайды. Сондықтан тарих курсына тақырыптық жоспарлауға және белгілі бір сабақты кезең-кезеңмен жоспарлауға назар аударған дұрыс.

Мұғалаімнің білім беруі мен оқытудың кәзіргі замандағы әдістері негізгі жеті модульге бөлінеді: Бізге ұсынылып отырған осы курстың негізгі бағдарламасы - мұғалімнің білім беруі мен оқытудағы әдістерін өзгертудегі жаңа бастама, яғни бұл бағдарламаның басым бөлігі сындарлы оқыту теориясының негіздерін қамтыған. Бұл теория оқушылардың ойлануын дамытуда олардың бұрынғы алған білімдері мен жаңа немесе сыныптағы түрлі дерек көздерінен, мұғалімнен, оқулықтан және достарынан алған білімдерімен өзара әрекеттесуі жағдайында жүзеге асады деген тұжырымға негізделген. Мұғалімнің білім беруі мен оқытудың кәзіргі замандағы әдістері негізгі жеті модульге бөлінеді. Яғни, мұндағы бала өзі ізденуші, бір – біріне үйретуші, ал мұғалім бағыт беруші, нұсқаушы. Әр мұғалім өз сабағының көшбасшысы. Көшті дұрыс бағыттау білу ол шеберлігіне байланысты. Осылайша оқытудың жаңа мазмұнын жасауға бетбұрысты әрбір мұғалім өзінен бастағаны жөн. Мұғалім шәкіртке білім, білік, дағды беріп қана қоймай, ақыл – ойы мен қабілетінің дамуына көңіл бөліп, оқи алуға үйрету керек.

1. Баланың бойындағы құмарлығын, қызығушылығын жойып алмай, оның үнемі алға жылжуға деген табиғи талап-тілектерін, сұраныс пен мұқтаждарын ескеру, шығармашылығын жетілдіру.

2. Білімді өз бетінше іздену арқылы алуға қолайлы жағдай жасау.

3. Өзін-өзі дамытатын тұлға қалыптастыру.

Осы қағидаларды ұштастыратын болсақ қана оқушы өзінің дарынды екенін сезінеді. Бойындағы «мені» оянады. Қазіргі заман жастарға ақпараттық технологиялармен байланысты әлемдік стандартқа сай мүдделі жаңа білім беру өте қажет – деп елбасымыз өз жолдауында айтып қана қоймай, әр мектепті түрлі ақпараттық технологиялармен қамтамасыз етуде. Яғни, ақпараттық технологиялардың білім беруде маңызы зор. Өйткені ол оқушыларға үлкен ақпараттық білім кеңестігіне жол көрсетеді. Бұл баланың ой өрісін кеңейтіп қана қоймайды, білім деңгейін көтеруге үлкен үлес қосады. Бір сабақ үстінде бірнеше оқушыны бағалау мұғалім шеберлігіне байланысты. Баға алуда оқушылар алға талаптанады, ізденеді. Кейбір оқушы білім үшін емес, баға алу үшін оқиды. Сондықтан бағаны дұрыс қою және оның нақты болуын алға қою әр мұғалімнің есепке алар міндеті.

Сабақ үстінде бірнеше бағалау әдістерін қолдануға болады. Суммативті баға мен формативті бағаны қою әрбір сабақтың негізгі сатысы болуы шарт. Екінші деңгей бағдарламасының міндеттері жеті модуль мәнмәтінінде екінші деңгей бағдарламасының теориялық негіздерінің тұжырымдамалық түсінігін қалыптастыру. Қазіргі таңда сабақ жүйелері осы 7 модульді пайдаланып, сабақ барысы жүргізілуде. Оқушылар өз ойларын ортаға салып, топпен, жұппен, ұжыммен жұмыс жасайды. Бір – бірін тыңдайды, шығармашылық жұмыстар жасайды. Постерлер жасап, жұмыстарын қорғайды. Топтың ішінде барлық бала сөйлейді, өз ойын ашық айтып дәлелдейді. Осы талап тұрғысынан алғанда, оқу тәрбие үрдісін ұйымдастырудың түрлі әдіс-тәсілдерін іздестіру, жаңа технологияны тиімді пайдаланудың маңызы ерекше. Мен өз сабағымда негізгі қойған міндетім – оқушылардың шығармашылық қабілетін дамыту. Әлеуметтік – сындарлылық тұғырдан білім беруді игеру – дәл қазіргі үйреніп, зерттеп, оқып отырған мәселем. Білім беру мен білім алудың жаңа тәсілдері ретінде «Диалог арқылы оқыту» және «Қалай оқу керектігін үйретуді» қарастыра отырып, диалог негізінде білім беруші мен білім алушының өзара сұхбаттасуы, өзіндік ой-пікірінің жүйеленуі мен дамытуына көмектесетін ең тиімді әдіс екенін атап айтқым келеді.

Оқыту процесін түрлендіру, жаңашылдыққа үндеу үрдісі оқытушылардың қызығушылығын, шығармашылық ізденісін, сабақтың сапалы, жүйелі, жоспарлы болуына алып келеді. Сыни тұрғыдан ойлауды үйрену мен үшін өз білімім мен білім алушыларыма білім беруді дамыту үшін маңызды болып табылатын ең басты педагогикалық модуль екенін мойындадым. Сыни тұрғыдан ойлау – өз тәжірибеде бақылау мен талқылаудың нәтижесінде ұсынылған ақпаратты жылдам ойлауға бағалауға, талдауға және синтездеуге үйрететін тиімділігімен ұнады.

Қазіргі таңда қоғам алдына қойылып отырған басты міндеттердің ең бір өзектісі – бүкіл білім жүйесін түбегейлі жаңартып, дүниежүзілік деңгейге сәйкес келетін, жастарға сапалы білім беруге жағдай жасайтын және олардың үйлесімді дамуына және бастың тұлға ретінде қалыптасуына бағытталған жаңа үлгідегі әдістеме жасау. Оқыту үрдісі кезінде сабақтағы басты тұлға білім беретін мұғалім емес, осы білімді қызыға қабылдауға дайын оқушы болуы тиіс. Балалардың оқуға деген ынтасы күшейту керек. Өз дербестігін, белсенділігін дамыту қажет. Осы қағидалар негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу – оқушының өзін-өзі дамытуына, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан – жақты білім алуына көмектеседі.

Дарындылық – бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйе, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйрену керек. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, адамның рухани күштің нығайтып, өзін-өзі тануына көмектеседі. Мұғалімдер балаларға білім беруде барынша жоғары жетістіктерге қол жеткізуіне ыңғайлы орта жасайды. Шын мәнінде дарынды оқушыны анықтаған соң, олармен жұмыс желісі күрделенуі тиіс деп ойлаймын. Бір нақты пән бойынша айрықша дарындылық көрсеткен бала басқа пәндерден көзге түспеуі мүмкін. Дәл осындай оқушыны бет алған бойынша шындар едім. Ондай оқушылардың есте сақтау қабілеттері өте жоғары болады. Олар білім беру үдірісінің қалай жүретінін басқалардан гөрі жақсы біледі, өздерінің оқуын реттей алады. Ойлау қабілетінің жылдамдығы да оларда ерекше.

Мұғалім ақпараттанушы емес, оқушының жеке тұлғалық және интеллектуалды дамуын жобалаушы. Әлемдік деңгейге сай жаңарған әдістемемен оқытуды меңгеру үшін мұғаліммен жоғары құзырлықты, ұйымдастырушылықты, қабілетті, оқушыларды қазіргі қоғамның түбегейлі өзгерістеріне лайық бейімдеу, олардың зерттеушілік дағдыларын дамыту бағыты талап етіледі. Әр сабағымда оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес білім және оқытуға көп көңіл бөлемін.

Қазіргі кезеңде республикамызда білім берудің жаңа жүйесі жасалып, қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңестігіне еруге бағыт алуды. Білім беру саласында оқытудың жаңа педагогикалық технологияларын практикада меңгермейінше сауатты, жан – жақты маман болу мүмкін емес.

Ал, жаңа технологияны меңгеру оқытушының интеллектуалдық, кәсіптік, адамгершілік, рухани, азаматтық және де басқа көптеген адами келбеттің қалыптасуына игі тиімді ұйымдастыруына көмектеседі.

Мұғалімдердің кәсіби өсуіне, көшбасшылығын дамытуына әсер етуді ауқамы жаңаруда. Ал өзімнің дамыту жұмыстарымды мектепте мұғалімдер арасында коучинг семинарлар өткіземін, тәлімгеріммен сабақ

жоспарларын құруға көмек беремін, сабақтарына кіріп сабақ жүйелерін бақылап отырамын, кеңес беруді біртіндеп қолданып, өзгерістер арқылы жаңашыл әдіс – тәсілдерді жүзеге асыру – мұғалім көшбасшылығын айқындауға бірден бір бастамам деп білемін.

Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев қазіргі мұғалімнің қоғамдағы орнын бағалай отырып: «Сіздер мен біздер тек болашақ буынды емес, жалпыазаматтық қадір – қасиеттердің мән – маңызын түсінетін, жаны да, тәні де таза, білімді патриот азаматтар буынын тәрбиелеуге міндеттіміз» деген еді. Ұстаздық қызметті ерекше ұлықтаған халқымыз өзінің ең қымбаттысын – балаларын оқытып, тәрбиелеуді бізге – мұғалімдерге тапсырған. Сондықтан кездесетін қиындықтарға қарамастан білім беру аспасын арттыру, баланы жеке тұлға ретінде алып қарап тәрбиелеу – мұғалімдер қауымының міндеті.

Сөз соңында айтарым қазіргі оқу үрдісінде әртүрлі әдіс – тәсілдер кеңінен қолданып жүр. Сабақты әртүрлі әдіс – тәсілдерді қолданып, оқушыларымыздың білімге, оқып – үйренуге құштарлығын арттыратыны анық. Ұстаз қандай әдіс – тәсіл қолданса да, мақсаты біреу – ол оқушыларға тиынақты да сапалы білім беру. «Алдына ұлы мақсат қойсаң, ұлылыққа жетесің» деп данышпан ақындарымыз айтпақшы, барлығымыз бірге күш жұмсап, ел ертеңіне сеніммен қарасақ қана алдымызда тұрған көптеген қиыншылықтардан қиналмай өтеміз деген ойдамын. Әлемдік білім беру кеңестігінің талаптарына сай болатын, ең алдымен ұлттық жаңа әдістемелердің бұр жаруына, оның өркендеп, тереңге тамыр жайып жас өскіннің алып бәйтеректей қатайып, нығайтуына нық сенемін. Сол үшін бар еңбегім мен іскерлігімді аямай, бір тамшыдай болсын қосамын деген үлесім - өмірімнің мәнін айналғанына қуанамын.

Қорыта айтатын болсақ, осы жоғарыда айтылғандардың негізінде сабақты жаңа технология әдістерін қолдану арқылы жүргізу - оқушының өзін-өзі дамытуына, өз біліміндегі олқылықтарды өзі тауып, өз сұрағына өзі жауап іздеп жан – жақты білім алуына көмектеседі.

Әр уақытта бала білімін алға қоюшы ұстаз үлкен көрсеткішке қол жеткізу жолында талмай талаптанып, шаршамай еңбектенеді. Сол кезде ғана еліміз көкке шарықтап, басқа елге елді танытады. Елді өсіретін де, елді төмен түсіретін де – білім. Сондықтан қолда бар амалдарды тиімді пайдана білу сіз бен біздің үлесімізде, құрметті әріптестер! Өз ісіне берілген, жаңалықты жатсынбай қабылдайтын, шәкіртінің жанына нұр құйып, өмірге өзі де бақытты болып, өзгелерді де бақытқа жеткізсем деп жүретін ұстаз болайық.

ОҚУ ҮДЕРІСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЖАҢА ФОРМАСЫНЫҢ БІРІ – ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

*Түркістан облысы Ордабасы ауданы
Б.Төлепбаев атындағы ЖОМ
Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары
Бегежан Перизат Аманкелдіқызы*

Мақалада білім берудің біртұтас ақпараттық жүйесін құру арқылы педагогтердің білім деңгейін арттыруда қашықтықтан оқыту технологиясы қарастырылған. Бүгінгі әлем дамуының жаңа ұстанымдары білім беру жүйесінен күн сайынғы экономикалық, әлеуметтік және мәдени өзгерістерге мейлінше бейімделуді талап етеді. Әлем қазіргі күні «білім қоғамын» және «білім экономикасын» құру бағытында. Бұл ауқымды мәселе туралы Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаев жолдауында былай деген: «Біз білім беруді жалғастыруды одан әрі жалғастыруға тиіспіз. Сапалы білім беру Қазақстанның индустрияландырылуының және инновациялық дамуының негізіне айналуы тиіс». Сондықтан өз шәкірттеріне сапалы нәтижелі білім беруді мақсат еткен әр ұстаз өз тәжірибесін жаңашылдық арнасына бағыттап, әр әдісін тиімді қолдануы шарт.

Қазіргі уақытта ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың заманауи талаптарға сай дамуы білімді бағалау және пайдалану жүйесін уақытылы өзгертіп отыруды талап етеді. Осыған байланысты оқытуда қолданылатын әдіс-тәсілдер, әдістемелер, технологиялар білім беру талаптарына байланысты жаңартылып отырады. Сапалы терең білімді меңгеруге талпынған өскелең ұрпақтың жеткілікті дәрежеде сандық сауаттылығы бар, себебі олар өмір жағдайлары барысында жаңа технологияның барлық мүмкіндіктерін пайдаланады. Сол мүмкіндіктерді нәтижелі қолдану мұғалімнің біліктілігіне, біліміне, тәжірибесіне байланысты. Кәсіби дамуға ұмтылатын бәсекеге қабілетті маман өзінің негізгі қызметінен үзілмей жаңа білім алу жолдарын іздестіреді. Ал жоғары оқу орындары мамандарға қойылатын талаптардың өсуіне байланысты оқытудың жаңа формалары мен әдістерін іздестіреді, білім беруге жаңа технологиялар енгізеді.

Оқу үдерісін ұйымдастырудың жаңа формасының бірі – қашықтықтан оқыту технологиялары арқылы оқыту. Сонымен қашықтықтан оқыту дегеніміз не?

Қашықтықтан оқыту дегеніміз — мұғалім мен оқушы арасында қандай да қашықтықта интернет ресурстарының сүйемелдеуімен өтілетін оқытудың формасы, яғни интернет желілерінің көмегімен белгілі бір арақашықтықта оқыту.

ҚО ұйымдастырудың 3 түрлі формасы бар: онлайн (синхрондық) және оффлайн (асинхрондық), және кең таралған үшінші түрі вебинар

Онлайн режимдегі оқыту дегеніміз – интернет ресурстарының көмегімен ағымдағы уақытта белгілі бір қашықтықта мұғалім экранын көру арқылы оқытуды ұйымдастыру формасы.

Оффлайн режимдегі оқыту дегеніміз - интернет ресурстарының көмегімен (электрондық пошта) мұғалім мен оқушы арасындағы ақпарат алмасуды қамтасыз етуге мүмкіндік беретін оқытудың формасы.

Вебинар дегеніміз – интернет желілерінің көмегімен семинарлар мен тренинтер өткізу формасы.

Осы технология бойынша оқытуды ұйымдастырып, бүкіләлемдік желі көмегімен барлық компьютерлерді бір желіге біріктіріп сабақ өтуші тұлғаны *тьютор* деп атаймыз.

Қашықтықтан оқыту формасын ұйымдастыру мен жүргізу - қашықтықтан оқыту формасымен білім беру құқығын беретін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің (ҚР БҒМ) лицензиясы бар білім беру мекемелерінде жүзеге асырылады. Қашықтықтан оқыту формасын жүзгізу құқығын беретін лицензия алу Қазақстан Республикасының істегі заңдылықтарына сәйкес жүзеге асады.

Қашықтықтан оқытуды жүргізу құқығын, лицензия алу үшін білім беру мекемесі келесі құжаттары бар ҚР БҒМ-не өтініш жасайды:

- бірінші басшының қолы бар бланкідегі хат;
- бекітілген үлгі бойынша өтініш;
- өтініш жасаушының басқару органының шешімі;
- өтініш жасаушының ұйымдастыру-құқықтық формасы туралымәлімет;
- өтініш жасаушының біліктілігі туралы мәлімет
- техникалық сипаттама.
- қашықтықтан оқыту -Қашықтықтан оқытудың негізгі білім беру мекемесі, Қашықтықтан оқытудың оқу орталығы және оқушының орналасқан жерінде жеке жүзеге асады.
- қашықтықтан оқыту жүйесінің объектілері болып оқу курстарының кешендері табылады.
- қашықтықтан оқыту жүйесінің субъектілері болып оқушылар, тьюторлер және администратор табылады.
- объектілер мен субъектілер мемлекеттік стандартқа сәйкес оқу процесінің барлық сабақ түрлерінің жүргізілуін және оқушылардың білім сапасын қамтамасыз етеді.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы педагогтардың білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық, облыстық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен ағастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт. Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.
- Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

- Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.
- Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.
- Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.
- Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.
- Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендіремейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Қашықтықтан оқыту мектептерде Республика, облыс, қала және мектеп кеңістігінде кең қолданыс табады. Мектеп көлемінде айтатын болсақ, «Интернет күнделікті» алуға болады. Бұл жаңашылдық екі – үш жыл көлемінде өз жұмысын атқарып келуде. Бұл инновациялық әдіс арқылы ата – аналар балаларының білім үлгірін, ал оқушылар үй жұмысын уақытында біліп отырады. Мұндай әдіс арқылы мектеп пен ата – аналар қауымы арасындағы байланыстың одан сайын нығаюына үлкен септігін береді. Оқытылатын пәндерден қашықтық олимпиадалар Қазақстандық интернет олимпиадалар («КИО») өтеді. Мұндай интернет олимпиадалар оқушылардың үлкен қызығушылығын танытады. Тапсырмалары қызықты, сан алуан және олимпиаданың ең тиімді жері – оқушылар өздерінің білім деңгейлерінің көрсеткішін бірден білулері болып табылады.

Аталған олимпиадалар сайыс түрінде берілсе де, оқушыларды оқытады деп айтуға болады. Өйткені, оқушылар сабақ барысында алған білімдерін шыңдайды, тексереді, салыстырады. Оқушыларға арналған олимпиадалардан басқа, мұғалімдерге арналған онлайн жүйесінде өтетін сан алуан семинарлар, конференциялар, сабақтар ұйымдастырылады. Қарқынды түрде қолданыс тауып жүрген ол – республика, облыс көлемінде ата – аналар қауымына арналған жиналыстар. Ата – аналар жиналыстары облыс т.б. қарым – қатынастарды нығайта, бекіте түсуде.

Оқу процесін сапалы ұйымдастырудың келесі түрі - «E-learning». E-Learning – бұл оқу үрдісін ұйымдастырудағы халықаралық стандарттар мен принциптерін қолдайтын, барлық заманауи талаптарға сәйкес келетін, электронды және қашықтықтан оқыту. Оқытудың аталмыш жүйесі білім беру саласын түбегейлі өзгертеді. Яғни, мұғалім мен оқушының арасындағы байланыс өзгереді. Қазіргі таңда E-learning электронды білім беру көп елдердің білім жүйесіне қарқынды енгізіліп отырған оқытудың озық формаларының бірі болып келе жатыр. Қазақстан Республикасында электронды оқыту білім жүйесінің инновациялық дамуының басты бағыттарының бірі болып есептеледі. Әлемдік тәжірибелердің көрсеткіштері бойынша e-learning жүйесі білім беруді модернизациялаудың басты құралдарының бірі екендігін айқындайды. Электронды білім беру кең ауқымды жобасының жүзеге асуы Қазақстан Республикасының білім беру жүйесінің ақпараттандыру мақсатына үлкен жол ашпақ.

E-learning технологиялары оқу үрдісіне келесі мүмкіндіктер береді: Берілген материалды меңгеруге жағдай жасау үшін өте қолайлы және ыңғайлы;

Оқу материалын меңгеруде қиындық деңгейін, уақытын және көлемін таңдаудағы жекешілдік;

Интерактивті, өйткені, мұғаліммен, сыныптастарымен синхронды (чат, скайп) және асинхронды (пошта, форум) әрекеттесу арқылы оқуға болады. E-learning-тің басқа технологиясы – бұл мұғалімнің оқу сайты. Мұғалімнің оқу сайттарының ресурстары (бейнелекциялар, тест жұмыстар, практикалық тапсырмалар, форумдағы дискуссиялар, есептер шығару практикумдары, компаниялардың оқу-жаттығу жұмыстары) оқушыларға ыңғайлы уақытта керекті тақырыбымен өз бабымен жұмыстануға мүмкіндік береді. Сандық білім беру контентін электронды оқулықтар, компьютерлік ойындар, виртуалды жаттығу әдістері, ғылыми - әдістемелік зерттеулер құрайды.

Осылайша, e-learning технологиясы – бұл оқыту ортасы, оның көмегімен оқу үрдісін жекелеуге болады, оқытудың жылдамдығын таңдауға болады (ақпаратты қабылдаған кезде). Оқушы өзіндік жұмысты дербес компьютердің, ноутбуктың, ұялы телефонның көмегімен ұйымдастыра алады. Оқушылардың өзіндік жұмыстарының көлемін көбейту оқу үрдісін ақпараттық технологиялардың арқасында нығайтуға мүмкіндік береді. Оқушы автоматтандырылған жүйеде өзінің жеке портфолиосын, күнтізбесін, күнделігін жүргізеді. Ал мұғалім күнтізбелік-тақырыптық жоспары бар электрондық дәптерді, сынып журналын, хабарландыру қызметін (алда болатын жоспарлы және жоспардан тыс жиналыстар мен кездесулер туралы оқушылардың ата-аналарына e-mail немесе sms-хабарламалар, есептелік және т.б. жіберу) толтыратын болады. Ата-аналар қауымы тәрбие мәселелері бойынша кеңестер алу, сондай-ақ қашықтықтан баласының сапалы орта білім алуы

мен жетістіктері туралы ақпараттық хабарлама алу мүмкіндігіне ие болады. Сонымен бірге осы бағдарламаның артықшылығы – қосымша ақпараттар арқылы мектептің порталын /сайтын/ ашып, мектептің тарихы, оқушы, мұғалім рейтингісі, құрмет тақтасы, ҰТБ-ға дайындығы, қашықтықтан оқыту курстары, ата-аналар комитеті, сынып жетекшілігі, т.б. мәліметтерді автоматты түрде енгізуге болатындығы.

Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңының 8-бабында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі – оқытудың жаңа технологияларын енгізу, білім беруді ақпараттандыру, халықаралық ғаламдық коммуникациялық желілерге шығу» деп атап көрсеткен. Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: «Болашақта өркеніетті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет». Сондықтан, қазіргі даму кезеңі білім беру жүйесінің алдында оқыту үрдісінің технологияландыру мәселесін қойып отыр. Оқытудың әртүрлі технологиялары сарапталып, жаңашыл педагогтардың іс – тәжірибесіне, мектеп өміріне енуде.

ЖҮРЕГІМНІҢ ТҮБІНЕ ТЕРЕҢ БОЙЛА

*Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы
Жаңақорған аграрлы-техникалық колледжі
Қазақ тілі және әдебиеті пәні мұғалімі
Мусаева Улбала Абибуллаевна*

Асыл сөзді іздесең,
Абайды оқы, ерінбе.
Адамдықты көздесең,

Жаттап тоқы көңілге, — деп қазақтың көрнекті ақыны Сұлтанмахмұт Торайғыров жырлағандай, Абайды оқу, оның асыл мұрасын өскелең ұрпаққа жеткізу — ортақ парыз. Абай қалдырған рухани мұрадан әр заман ұрпақтары өз іздегендерін табатыны және ақиқат.

«Егемен Қазақстан» газетінің 9 қаңтар күнгі № 5 санында Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Абай және ХХІ ғасырдағы Қазақстан» атты мақаласы баршамызға үлкен ой салғаны анық. Аталған мақаладағы: «Біз елді, ұлтты Абайша сүйюді үйренуіміз керек. Ұлы ақын ұлтының кемшілігін қатты сынаса да, тек бір ғана ойды – қазағын, халқын төрге жетелеуді мақсат тұтты» деген жолдарды оқыған кезде жүрегіміз толқыды, санамыз сергіді. Еңбектеген жастан, еңкейген кәріге дейін Абай шығармашылығынан сусындау – рухани қажеттілік. Ішкі жан сарайды кеңейтуге міндеттеу қажет емес. Ол бір шөл далада келе жатқан жолаушының мөлдір тұмаға бас қойып, құныға ішуіндей, емін-еркін шөлін қандыруындай бір ғажайып нәрсе екені даусыз. Мұхтар Әуезов қазақты, қазақтың ұлы ақыны, ойшылы Абайды әлемге танытқан шығармасын «Абай жолы» деп дұрыс атаған екен. Бүгінде бізге керегі осы Абай жолы.

Мен елімізге, қазақ халқына, биліктегілерге қазақ философиясына, мәдениетіне үлгі ретінде осы Абай жолын ұсынар едім. Абай жолында, Абай ілімінде бізге қажет нәрсенің біразы бар: нарық та, демократия да, бәсекелестік те, ғылым-білім де бар. Тек оны игере білу керек. Абайды оқымаған, білмейтін адам болмас.

Бірақ қайсысы Абай жолымен жүріп келе жатыр – айту қиын. Мұхтар Омарханұлы: «Абай – шалқып жатқан ұлы мұхит. Бар-жоғы одан шөміштеп қана су іштім» деп тебіренеді бір естелігінде.

Неткен теңеу, неткен әділ баға еді. Бүгінгі таңда абайтанудың ғылыми айналымға, бір ізге түскені сонша, ақын әлемі туралы, оның шығармашылығы жөнінде 200-ге жуық кітап оқырманға жол тартыпты. Бұл «Бір өлеңі бір елдің мұрасындай» (М.Мақатаев) болған ұлы ақынның тереңіне бойлай алдық деген қанағатшылдықтың қорытынды байламы емес.

Жұмысы жоқтық, Аздырар адам баласын» демеп пе еді ұлы Абай? Олай болса, жастарды еңбекқорлыққа тәрбиелеуде Абай мұрасын басшылыққа алған дұрыс.

Шыны керек, Абай өлеңдерінен адам бойындағы надандық, пәлекорлықтың бәрін айтып тауыса алмастай ашу-ыза мен намыс отының ұшқынын сезгендей боламын. Ол ойға келуіме : «Көңілім қалды, достан да, дұшпаннан да» деген өлең шумақтарының мына жолдары түрткі болды:

...Көңілім қалды достан да, дұшпаннан да,
Алдамаған кім қалды тірі жанда.
Алыс-жақын қазақтың бәрін көрдім,

Жалғыз жарым болмаса анда-санда». Өлеңнің толық нұсқасында ақын болыс болған тұсында өзінің дос деп жүрген адамдарының жау болып шыққандығын ұлы тіл, ащы сиясы арқылы жеткізген. Жоғарыда Абай суреттеген жеке басының қамы үшін, жалпандап, жағымпазданатын доссымақтар қатары бүгінде баршылық. Әрине, көпке топырақ шашқаным емес. Осы орайда Жуалыдан қалықтап ұшқан қыран Шерағамыздың:

«Қызмет деген Төлегеннің көкжорғасы, Ертең бір Бекежан шығып, мінеді де кете барады», - деген сөзі ойға еріксіз оралады. Сол доссымақтар осы сөзді терең ұғынса деймін, шіркін...

Абай өлеңдерінен жаңа ғасыр келді деп келешектің мақсатын көрсететін сарын сезіледі. «Мақсатым-тіл ұстартып, өнер шашпақ» деп, демек өлеңдерім тәрбие мәдениет үгітшісі болсын деген сөз өрбітеді. “Наданның көзін қойып, көңілін ашпақ” деп ойлы жастар осыдан үлгі алсын дейді. Расында, Абай атамыздың қай өлеңін алып қарасақ та, тәрбие мен адамдық қасиеттерге баулитыны хақ.

Өз басым Абай шығармаларын оқи келе, оның мәңгіліктің ақыны екеніне көзім жетті. “Рухани жаңғыру” негізінде осындай тұлғаларымыздың соңынан қалдырған асыл мұраларынан үлгі алуымыздың өзі зерделілік деп білемін. Ел басқарып отырған азаматтардың Абайды темірқазық етіп алуы- оның қаншалықты маңызды тұлға екенінен хабар береді емес пе? Біз, Абайды насихаттау арқылы бүкіл қазақтың мәртебесін көтереміз деп білемін. Білім мен тәрбиенің өзі ұлттымыздың рухани болмысымен біте қайнап, тамырлы танымынан, Абайдың шексіз мұрасынан нәр алып отырса құба-құп.

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУ -ЗАМАН ТАЛАБЫ

*Алматы облысы Кербұлақ ауданы Сарыөзек ауылы
Сарыөзек орта мектебі ағылшын тілі пәні мұғалімі
Мусабекова Макпал Тлеубалдиевна*

Биылғы оқу жылында төртінші тоқсанды еліміздегі ерекше жағдайларға байланысты барлық мектептер алғашқы рет қашықтықтан және онлайн оқыту тәртібімен аяқтады. Әрине, бұл мәжбүрлі шара болды, дегенмен оқытудың осындай формасының қажеттілігі бар екені бұрыннан мәлім.

Біздің ауылдық мектепте де осы тоқсанда оқушылар да, ұстаздар да жаңа оқу және оқыту форматын іске асырды. Көктемгі демалыс күндерінде мұғалімдермен, оқушылармен, ата – аналармен дайындық жұмыстары жүргізілді. Оқыту қалай өтетіні, не істеу керектігі жөнінде мәліметтер таратылды, сұрақтарға жауап берілді. Әсіресе, ата – аналардың жауапкершілігі бұрынғыдан да артатынына көңіл бөлінді. Оқушыларға қажетті жағдай жасауға, уақытын тиімді өткізуіне және бақылауда ата – аналардың ролі арта түсті. Материалдық және басқадай қиындықтары бар ата – аналардың жағдайы ескеріліп, ондай отбасылардағы оқушылармен курьерлер арқылы тапсырма беру, кері байланыс жасау ұйымдастырылды. Сабақ кестесін құрастыруда, «Балапан» телеарнасындағы сабақтардың өткізілуі ескерілді. Негізгі байланыс «Kundelik» платформасы және WhatsApp мессенджері арқылы жүзеге асты.

Әрине, бұл іс – шаралар тұңғыш рет өткізілгендіктен, мысалы, шалғай ауылдық жерлерде Интернет желісінің төмендігі, оқушылардың көпшілігінде байланыс құралдарының тапшылығы, мұғалімдердің де қашықтықтан оқыту түрлерін толық меңгермегені, кейбір ата – аналардың балаларға жағдай жасау және бақылауға жете көңіл бөлмеуі, оқушылардың білімі толыққанды бағаланбағаны, 9 және 11 сынып оқушыларының емтихандары өткізілмеуі сияқты кемшін тұстарыда байқалды.

Оқушылардың үйде отырғанда, көңілін аударатын нәрселер көп, сондықтан саналылығы да үлкен роль атқарады, және өздігінен білім алуға ұмтылысы болғанын қолдау қажет. Басымдықтарына келер болсақ, оқушылардың мектепке барып, келетін, дайындалатын уақыты үнемделеді. Сабаққа қатыса алмаған жағдайда, басқа уақытта қайталап қатысуына мүмкіндіктері бар.

Мұғалім бір уақытта шектеусіз оқушылар санымен кедергісіз жұмыс істей алады. Алдағы уақытта елімізде және дүние жүзінде жағдай тұрақтанса да, қашықтықтан оқыту форматы біршама уақыт сақталуы мүмкін, сол себепті, оқу процесіне қатысатын барлық тараптар осы істі одан әрі жетілдіре беруге, ол үшін жаңаша әдіс – тәсілдерді кеңінен қолдануға ұмтылғаны жөн.

Мұғалімдер сабақты қызықты өткізуде техникалық, ақпараттық мүмкіндіктердің жаңа түрлерін батыл қолдануды қолға алуға тиіс. «Ұстаз - мектептегі басты тұлға» деген қағида, қашықтықтан оқыту жағдайында да өзінің өміршеңдігін дәлелдей түседі.

ЖАҢА ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ТЕХНОЛОГИЯЛАРДЫ ҚОЛДАНА ОТЫРЫП, СЫНИ ТҮРҒЫДАН ОЙЛАУ ҚАБІЛЕТТЕРІН АРТТЫРУ

*Жамбыл облысы Қордай ауданы № 20 Алмалы орта мектебі
бастауыш сынып мұғалімі Кыпчакбаева Бибиткуль Сахиевна*

Адам баласының, әсіресе, оқушылардың сұранысы күннен-күнге артып барады. Оқушының талап-тілегіне сай болу үшін мұғалімге артылар жүк те ауыр. Біліммен қаруланған, ой-өрісі жоғары, зерделі, жан-жақты дамыған мұғалім болу-уақыт талабы. Себебі, бүгін мектеп партасында отырған оқушылар-ертең ел тағдырын шешетін тұлғалар. Олардың сапалы білім алуын бүгін қамтамасыз ету-мұғалімнің басты міндеті. Бүгінгі таңда тәуелсіз мемлекетімізге білікті маман, өз ісінің шебері қажет. Дұрыс тәрбие мен сапалы білім-ел болашағын айқындайтын басты көрсеткіш болып табылады.

Дүние де –өзі, мал да – өзі, ғылымға көңіл бөлсеңіз», - деп Абай атамыз айтқандай, білімді, озық ойлы адамдар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді. Осындай қоғамдық әлеуметтік мәдени өзгерістер, дамулар мектептің оқыту процесіне әсер ететіні сөзсіз. Кез келген оқыту белгілі мөлшерде адамды дамытады. Оқушының адам ретінде қалыптасуы белсенділік арқылы жүзеге асады.

Жаңартылған білім бағдарламасының мазмұндық ерекшеліктері оқытудан күтілетін нәтижелерге оңтайлы қол жеткізуге мүмкіндік беретін стратегияларды, әдіс-тәсілдерді жетік білуді және таңдап қолдануды талап етеді. Интербелсенді оқыту- әрекетпен және әрекет арқылы оқыту, бұл ұстаным үлкен нәтижелерге жеткізетін тиімді жүйе деп есептелінеді, себебі адам санасында бірінші кезекте өзінің әрекеттері мен өз қолымен жасаған істер қалады. Кезінде көне қытай ғұламасы Конфуций (Күн-цзы) былай деген екен : «Маған айтып берсең – ұмытып қаламын, көрсетсең – есте сақтармын, ал өзіме жасатсаң – үйренемін!» деген пікірі дәлел бола алады. Сондықтан интербелсенді оқыту оқушылардың оқу үдерісіндегі белсенді әрекеттерін үйренудің негізгі құралдары мен тәсілдері ретінде танылады. Интербелсенді әдісті қолдану аясында оқушылар терең ойланып, рефлексиялық қабілеттері дамиды. Өз пікірлері мен әрекеттеріне талдау жасап, баға береді. Ақпаратты өздігінен түсініп, жан-жақты талдайды.

“Автор орындығы” әдісімен оқушының өзі жазған шығарма, эссесін оқытқанда отырғызып оқытуға болады. Бұл әдіс үй тапсырмасын сұрауда, өткен сабақты бекітуде тиімді.

«Өзіңізді тексеріңіз» әдісімен өтілген мәтін бойынша мысалдар келтіреді. Бұл мәлімет шындық па немесе жалған ба? Мысалдарды оқу кезінде оқушылар ол келтірілген мысалдың өтілген мәтінде бар, жоғын анықтауға болады. «Коллаж әңгіме» әдісін пайдаланғанда оқушыларға түрлі-түсті суреттері бар журналдар беріледі. Олар журналдардан қиып алып алған суреттерін флипчартқа жабыстырып, әңгіме құрастырады. Оқушылардың сыни ойлау және коммуникативтік дағдылары дамиды.

«Жағымды, жағымсыз, даулы» әдісін қолданғанда оқушылар шағын топтарға біріктіріледі. Әр топ оқылған әңгімені немесе мәтінді «жағымды, жағымсыз, даулы» мәселелерге бөліп, талқылап, өз ойларын(идеяларын) айтады. Содан кейін әр топқа тек бір мәселені бөліп беріп, олар үлкен топқа өз ойларын (идеяларын) ұсынады, ал басқа топтар толықтырып немесе қарсы пікірлер айтуына болады. Топпен жұмыс жасалып, оқушылардың сыни ойлау, талдау дағдылары дамып, сабаққа қызығушылықтары арттырылады.

«Суретті әңгімеле» әдісімен жұмыс жасалғанда оқушыларға сурет көрсетіліп, әңгімелетіледі. Қажет болған жағдайда әңгіменің жаңа сөздерін алдын ала үйретуге болады. Сурет әңгіменің бір бөлігі екені ескертіледі. Оқушыларға суретте бейнеленген сәттің алдында не болғаны және кейін не болатыны болжатылады. Оқушылардың өз әңгімелері тыңдалғаннан кейін әңгіменің толық нұсқасы оқып беріледі. Бұл әдіспен тапсырмалар орындау барысында барлық сыныппен, жұппен жұмыс орындатуға болады.

«Бағдаршам» әдісін пайдаланғанда әрбір оқушыға бағдаршам түстеріне сәйкес карточкалар таратамын. Оқушылардан сабақты түсінген-түсінбегеніне сәйкес карточкаларды көтеруін сұраймын. Жасыл карточка көтерген оқушылар барлығын түсінген боп есептеледі. «Не түсіндің?» сұрағын қосымша қоямын. Сары және қызыл карточка көтергендерден не түсініксіз болғаны айқындалып, тақырып төңірегінде қосымша жұмыстар жүргіземін. Бұл әдіс арқылы тақырыпты пысықтау немесе әлі де жетілдіру керектігін білуге болады.

«Менің сөзім» әдісін сабақты қорыту барысында қолданамын. Сыныптан бір оқушы тұрып, сабақтан бүгінгі үйренгендерін қорытындылап айтады. Айтып болған соң, басқа бір оқушының атын атайды. Сөзді сол оқушы жалғастырып, сабаққа рефлексия жасайды. Барлық оқушы сабақты қорытындылауға осы ретпен қатысады. Оқушылардың сабақта алған білім, біліктері бағаланып, ұжымдық жұмыс жасалынады. Мұғалімнің әр сабаққа дайындаған тапсырмасының өзі бірқалыпты деңгейде болмауы керек. Сол себепті шығармашыл оқушыға күрделі әрі сыни тұрғыда ойландыруға жетелейтін тапсырмалар беріп отыруы керек. Осыдан барып біз баланы алған білімін өмірде қолдана алатын тұлға ретінде қалыптастырамыз. Сапалы білім берудегі негізгі мақсат та, міндет те осы. Сол себепті де сапалы білім берудегі басты мақсат деп мына үш факторды атап өткім келеді:

1\ сыни тұрғыда ойлауға жетелеу;

- 2\ шығармашыл оқушылардың талантын ұштау;
- 3\ нәтижесінде алған білімді өмірде қолдана білуге дағдыландыру.

Теорияны алған біліммен ұштастыру. Алған білімді бала тек біліп қана қоймай, өмірде қолдана алуы маңызды. Нәтижесінде біз өмірге бейім, кез-келген тығырықтан жол таба білетін тұлғаны тәрбиелейміз. Бұл еліміздің де іргесі биік елдердің қатарына қосылуының бірден бір себебі болмақ.

Қорыта айтқанда, жаңартылған бағдарламаға сәйкес алынған тәсілдерді сабақта тиімді қолдансақ, баланың танымдық белсенділігін арттыруға, өз бетінше білім алып, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерінің қалыптастыруға ықпал етеміз. Оқушылар бойына мейірімділік, бір-біріне деген сенімділік қасиеттерін ұлата аламыз, себебі олар топпен жұмыс жасағанда бірлесіп жасауға үйренеді, білімнің тереңдігі, әрі тиянақтылығы артады.

Пайдаланылған әдебиеттер:

- Нұсқаулық (III негізгі деңгейге арналған) www.cpm.kz
- Оқытудың нәтижелерін бағалаудың әдістемесі Әдістемелік құрал Орал қаласы 2013ж
- Блум таксаномиясын оқу үрдісінде пайдалану әдістемесі Әдістемелік құрал ,Орал қаласы 2013ж
- Жаңа тұрпатты мұғалімнің кәсіби іскерлік сапалары Қазақстан мектебі журналы, №9 2011ж,24-бет
- «Өзгеріс. Тәжірибе. Ойтолғау» облыстық деңгейдегі идеялар жәрмеңкесі Жинақ ,2014 ж 21-ақпан
- К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында» «Принт АСС», 2016ж. Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері,

* * * * *

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДА БІЛІМ БЕРУДІ ДАРАЛАНДЫРУ

*Шымкент қаласы № 20 «Қазына» бөбекжай бақшасының
тәрбиешісі Калымбетова Динара Абдихаликовна*

Егемен ел болып, тәуелсіздігімізді еншілеп, еңсеміз тіктеліп, өркениет көшінің алдыңғы қатарына шыққан, бәсекелестікке қабілетті, дамыған алдыңғы қатарлы 50 елдің қатарына қосылуы мақсат жайдары еліміздің жарқын болашағы – жас ұрпақ.

Тұңғыш Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев «Еліміздің ертеңі бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» деген болатын. Ұстазы білімді болса ғана, осы мақсатқа-еліміздің терезесі тең елге айналуды, мойын бұрамыз.

Қоғам барған сайын күрделене түсуде. Жаңа ғасырға сай өзгеше қабілет, қасиетке ие ұрпақ қалыптасып келеді. Ал осының барлығы тікелей білім-ғылым саласына байланысты. Сондықтан білім беруді жетілдіру, ақпараттандыру, білім алушылардың танымдық, шығармашылық қабілетін арттыру, оқу дағдысын жетілдіру мәселелері көтерілуде. Педагогикалық инновация, жаңа педагогикалық технологияға негізделген сабақтың дәстүрлі емес типтері, жаңа ақпараттық технологияны пайдалану тірек-сигналдар технологиясы, проблеманы оқыту, интерактивті оқыту, интеграция, модульдік оқыту тағы басқа қайысын алсақ та жас жеткіншекті, жеке тұлғаны білімімен, біліктілікпен қаруландырудың түрлі құралдары болып табылады.

Бүгінгі күнде ең алдымен, балаға оның қажеттілігі мен қызығушылығына көңіл аударуды күшейтіп, әр баланың жеке тұлғалық қасиеттерінің барлық байлығын дамытып, оны толық ашуға мүмкін болған жағдайды құру қажет. Осыған байланысты қазірде алдымызда тұрған міндет балаға белгілі бір білім жүйесін терең меңгертіп қана қоймай, оқу белсенділігін арттырып, олардың әрқайсысының шығармашылық қабілетін айтарлықтай дамыту болып табылады. Сондықтан балалардың сабаққа қызығушылығын арттырып, әр сабақты дұрыс ұйымдастыру әр ұстаздың педагогикалық шеберлігіне байланысты. Өміріне құр ғана сабақ болып қоймас үшін, ол қызықты болуы керек. Осыған қол жеткенде ғана білім ордаларымыз бала үшін рухани ошағына, жетпес қазынасына айналатыны сөзсіз.

Жоғарыда айтылғандарды негізгі ала отырып интеграцияға ерекше мән беруді жөн көрдім. Интеграциялық оқытуды жүзеге асыру, оның ғылыми деңгейін арттыру, тұтастай алғанда балалардың танымдық әрекетіне тән дағдыларды қалыптастыру, тіл мәдениетін дамыту міндеті күн тәртібіне қойылған мәселелердің бірі екендігіне дау жоқ. Осыған орай интеграция, интеграциялық оқыту мәселесі сан қырынан зерттелуде. Оқыту мен тәрбиелеудегі пәнаралық байланыс мәселесін және білім берудегі интеграцияны әр түрлі негізде жасауға Н.В. Малахов, И.А. Лошкарева, В.Н. Максимова, тағы басқалар зор үлес қосты. Қазақстандық педагогика да жалпы білім беретін мектептегі оқу-тәрбие үрдісіндегі интеграция мәселесінің педагогикалық негізін Б.Т.Набиева, А.Ерімбетова, А.А.Әбдиева тағы басқалар сипаттады. Жалпы білім беру бағдарламасының негізгі құрлымына сай, мектепке дейінгі ұйымда педагогикалық жұмысы білім беру салаларының мүмкіндіктерін,

тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескере отырып, білім беру салаларының кіріктірілген қағидаларының негізінде құрылуы қажет. М.В Крулехт, А.Г Погоберидзе, М.В Лазереваның зерттеулерінше интеграциялау қағидаларын жүзеге асыру арқылы балаларда әлемнің біртұтастығын, өзін ойын еркін жеткізуге және қарым-қатынас дағдыларын, шығармашылық қабілеттерін дамытуға мүмкіндік береді.

Кіріктірілген қағидасы білім беру мазмұнының таңдау мен талдауын қажет етеді, сондай-ақ балаға қоршаған орта құбылыстарын қабылдауға мүмкіндік береді. Ең бірінші «интеграция» түсінігін анықтау маңызды. Интеграция терминін жалпы ғылыми терминдер қатарына жатқызады. Отандық ғылымда 1980 жылдан бастап, бұл терминді белсенді түрде қолдана бастады. Философия, педагогиканың ізімен алға ілгерілей бастады. «Интеграция» түсінігі «байланыс», «қарым-қатынас», «кешенді әдіс», «жүйе», «біртұтастық» ұғымдарымен мағыналас. Бұл ұғымның мағынасы жыл өткен сайын тереңдей түсті.

Қазіргі уақытта философтар интеграцияны байланыс жасау арқылы қалыптасқан қандайда бір кері түсініктердің шешімінің нәтижесі ретінде қарастыруда. В.С Безруковтың пікірінше, педагогикалық интеграция бұл педагогикалық мақсатта, педагогикалық әдістермен қатынас және байланыс жасауды орнықтыру. Ол педагогикалық теория және тәжірибе шеңберінде жүзеге асады.

Интеграция - жалпы мағынада біріктіру, өзара түсінісу- әртүрлі элементтердің немесе бөліктердің бір «тұтас» болып бірігуі. Жеке элементтерге қарағанда, тұтастардың артықшылығы мен мүмкіншіліктері көп. Интеграциялық қызмет педагогикалық процесті қызық әрі мазмұнды етеді.

Интеграция мектепке дейінгі білім беруде балаларға білім беру компоненттерінің жалпылама ықпалын тигізеді, бұл әр қайсысына бөлек ықпал жасағаннан әлде қайда белсенді және қолайлы, білім беру барысында жақсы нәтижелерге әкеледі. Интеграцияның ішіне бастапқы мақсаттарды жүзеге асыру және тәрбиелеу тапсырмалары және айналадағы дүниеге көзқарасын толықтай қалыптастыру негізінде жеке тұлға ретінде қалыптасуы; мазмұнын жүзеге асыру ғана емес формальды мақсаттарымен тәрбиелеумен дамыту тапсырмалары; әр түрлі бөлімдердің (тұраралық интеграция) және бөлім ішінде (ішкітүрлі интеграция) байланыс компоненттерін нығайту; тәсілдердің өзара әрекеттесуі және тәрбиелік тәсілдері және балаларға білім беру жұмыстарын тікелей ұйымдастыру (методикалық интеграция); балалар шығармашылық түрлерінің синтезі; үлкендер мен балалардың және балалардың өзіндік жұмысына интеграция түрлерін енгізу.

Интеграцияның басты бағыты баланы дамыту дәрежесінде әр түрлі элементтердің (бөліктердің) бір «тұтас» болып бірігуі, бала дамуының әр түрлі бағыттарының категория түсініктерінің бірігуі, педагогикалық үрдісті қызық және мазмұнды қылады.

Білім беру саласының интеграциясының дәрежесінде бір білім беру саласының мақсаттары мен тапсырмалары мен екінші білім беру саласының мақсаттары мен тапсырмалары арасында байланыс болады.

Интеграциялық тапсырмаларды шешу барысында, бала үлкендердің көмегімен ассоциялық байланыстарды «тізбектеп» және қандайда да бір белгіні еншілейді, тек өзі ғана емес, басқа ерекшеліктер жүйесінде және интеграциялық білім беру саласын байланыстырып, талдаудың негізі болады. Жүйелі зерделеу нәтижесінде білім беру саласын жан-жақты танып басты талдамаларды қолдана отырып (бала көреді, естиді, сезеді), мектепке дейінгі бала бір білім саласын танудан екінші білім саласын тануға оңай қайта бағдарлана алады. Неғұрлым маңызды белгілерін бөлу үрдісі сәтті болса, соғұрлым баланың білім саласында тұспалдауы кеңірек болады. Нақты бір немесе басқа білім саласын толығырақ және тереңірек танығанда керек белгілерді талдауда бірталай жеңілдетеді. Бірақ педагогикалық тәжірибеде жаңартпашыл құбылыс ретінде тәжірибеге енгізуде теориялық, методикалық дәлелділігінің әлсіз болғандығынан қиындықтар туғызады.

Көптеген зерттеулерде педагогикалық әртүрлі аспектілер қаралады: Мектепке дейінгі білімнің мазмұны, үлгі ретінде бейнелеу қызметі және бейнелеу өнері арасындағы байланыс, басқа өнер түрлерімен және қоршаған орта туралы түсініктерінің қалыптасуымен байланысты жағдайына байланысты әр түрлі білім беру аумағына интеграцияның әдіс-тәсілдерін өңдеу қажет. Интеграция тәсілі интеграцияның қағидаларын жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Білім беру аймағына тәрбиеленушілердің артықшылықтары мен ерекшеліктерін ескерілуі тиіс.

Біріктіру - білім беру аймағындағы барлық элементтердің жинағы;

Үйлестіру - білім беру аймағындағы психологиялық – педагогикалық міндеттердің шешімін анықтайды.

Қорыта келгенде айтатыным, баяндамада өн бойында сөз болып отырған интеграциялық сабақтар балаларды жалықтырмайды, жұмыстың түрі өзгеру барысында біртұтастықпен тақырыпты жан-жақты дамытады. Әрине ол тәрбиешінің шеберлігіне оқу материалдарын өткізуге сабаққа мұқият әзірленуіне байланысты. Интеграция – іс-әрекетті алмастыру және бір пәннен басқасына білімді жай келтіру емес, қазіргі ғылыми білімнің тенденциясын бейнелейтін жаңа дидактикалық эквивалентті құру процесі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан жолы – 2050: бір мақсат, бір мүдде, бір болашақ: ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың Қазақстан халқына жолдауы - Астана, 2014 жылғы
17 қаңтар, - http://www.akorda.kz/kz/page/page_215740
2. Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін мектептері педагогтерінің біліктілігін арттыру курстарының бағдарламасы - Алматы, 2012.
3. Бекбосынов М. «Интеграция әдісін сабақта қолданудың тиімділігі», - Қазақ тілі мен әдебиет орыс мектебінде, 2009 №1.
4. Жайлауова М. Әбуова А. «Пәнаралық байланыс», - Бастауыш мектеп 2010 ж.

АҒЫЛШЫН ТІЛІН ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІСТЕРДІ ҚОЛДАНУ

*Шымкент қаласы № 28 жалпы орта білім беретін мектебінің
Ағылшын тілі пәні мұғалімі Егембердиева Загида Манатовна*

Тұңғыш Елбасы Н.Ә.Назарбаев өзінің “Қазақстан 2030” жолдауында: “оқушыларды қазақстандық патриотизм мен шығармашылық жағынан дамыған жеке тұлға ретінде тәрбиелеу аса қажет... ұлттық мінез-құлық, биік талғампаздық, тәкаппарлық, тектілік, білімділік, биік талғам, ұлттық намыс қасиеттерін сіңіріп, қалыптастыруымыз керек” дегені мәлім. Елбасының осы алға қойған зор міндеттерін іске асырушылар-әріне, жастар. Олай болса, сол жастарға саналы білім мен салауатты тәрбие беру қажет. Ол, мектеп пен ұстаздарға байланысты. Қазіргі таңдағы өзгерістер қоғамның шығармашыл әрекет пен шығармашыл тұлғаға мұқтаж екенін күнделікті өмірдің өзі дәлелдеп отыр. Сондай басым бағыттардың бірі- жеке тұлғаға бағытталған білім беру.

Үш тілді білу бүгінгі күннің басты талабына айналып отыр. Әлемнің алпауыт мемлекеттері көп тілді, әсіресе халықаралық тілдерді меңгеруді маңызды деп санайды. Сондықтан да біз де өз халқымыздың, еліміздің қарыштап дамып, өркениетті, дамыған елдер қатарынан қалмау үшін көп тілді меңгеруіміз қажет. Бұл-заман талабынан туындап отырған қажеттілік. Өйткені бірнеше тілде еркін сөйлейтін, жаза білетін маман ғана бәсекеге қабілетті тұлғаға айналатыны сөзсіз.

Білім беру мақсаттарының өзгеруі білімділік үдерістерді жүзеге асырудың жаңа тәсілдерін талап етеді. Қазіргі кезде жас ұрпақтың жаңаша ойлауына олардың біртұтас дүниетанымын білім беру арқылы қалыптастыру әлеуметтік сапа деңгейіндегі әлемдік жаңа талаптарға сай берілетін білім, білік, дағды болып саналады. Осыларды өскелең ұрпақтың жаңаша мазмұнда меңгеруіне ықпал жасау білім беру жүйесіндегі идеямен ұштасып жатыр.

Әлемнің жетекші елдерінің көпшілігінде білім беру жүйесін, білім берудің мақсатын, мазмұны мен технологияларын оның нәтижесіне қарап бағалайтын болды. Білім берудің қазіргі негізгі мақсаты білім алып, білік пен дағды, іскерлікке қол жеткізу ғана емес, солардың негізінде дербес, әлеуметтік және кәсіби біліктілікке-ақпаратты өзі іздеп табу, талдау және ұтымды пайдалану, жылдам қарқынмен өзгеріп жатқан дүниеде лайықты өмір сүру және жұмыс істеу болып табылады. Осы тұрғыда оқушыларға ағылшын тілін жылдам әрі оңай үйретуде ақпараттық технологиялардың маңызы зор деп білемін. Ақпараттық-коммуникациялық технология оқу барысында компьютерді пайдалануға, модельдеуге, электрондық оқулықтар мен интерактивті құралдарды қолдануға, интернетте жұмыс істеуге, компьютерлік оқу бағдарламаларына негізделеді. Сонымен қатар, ақпараттық әдістемелік материалдар коммуникациялық байланыс құралдарын пайдалану арқылы білім беруді жетілдіруді көздейді деп білемін. Ақпаратты-коммуникациялық технологиялар арқылы оқушы керекті мәліметті өздігінен іздеп табуға талпынады, яғни іздемаздыққа ұмтылады. Ал, интерактивті тақта арқылы қызықты және динамикалық түрде мультимедиялық құралдар көмегімен оқушылардың оқуға деген қызығушылықтарын оята аламыз. Яғни, менің ұсынып отырған идея- ағылшын сабағында компьютерлік техниканы, электрондық оқулықтарды оқу үрдісіне тиімді пайдалану арқылы білім сапасын көтеру. Электрондық оқулықтар арқылы :

Жылдам байланысқа;

Керекті анықтамалық-ақпаратты жылдам табуға қол жеткізе аламыз. Электрондық оқулықтарда қарапайым оқулықтарға қарағанда пайдалану ыңғайлы және оларға өзін-өзі тексеру жүйесі бар. Электрондық оқулықтың артықшылығы осында. Айта кетерлігі, электрондық оқулықтарды пайдалану оқушылардың танымдық белсенділігін арттырып қана қоймай, логикалық ойлау жүйесін қалыптастыруға, жағдай жасайды. Әр сабақта интернет, электронды оқулық, ғаламдық ақпарат жүйесі пайдаланылса, пәндік әдістеме оқушыларға сол пәнді: тереңненіп игеруге, алған білімді практика жүзінде қолдануында айқындалады.

Ал ақпараттық технологияларды ағылшын тілінде қолдану оқушыларға не береді?

1. Оқу материалдарын жиі қайталау шығармашылық шеберлігінің артуына жағдай туғызады;

2. Оқуға деген қызығушылығын арттырады;
3. Өз білімдеріне сенушілік қалыптасып, эмоционалдық сезімдеріне әсер етеді;
4. Өздігінен ізденіп, игерген материалдарды ұзақ есте сақтауларынан білімдерін тереңдетеді.
5. Іздену, зерттеу жұмыстарымен айналысуға үйретеді;

Қорыта айтқанда, бүгінгі күні ағылшын тілін үйретудің тиімділігін арттыру үшін оқу үрдісін адамды қоршаған ортадағы болып жатқан өзгерістерді есепке ала отырып, ұйымдастыру қажет екендігі баршамызға мәлім. Әлемдегі орын алған өзгерістер ақпараттық-коммуникативтік технологиялар саласын ағылшын сабағына қолдану арқылы келесідей нәтижелерге жеткізеді:

- оқушыларға еркін ойлауға мүмкіндік береді;
- сабақтың нақты мәнін терең ашуға көмектеседі;
- оқушылардың барлығын сабаққа қатыстыруға мүмкіндік береді;
- жеке тұлғаның сипатын дамытуға, шығармашылығын шыңдауға, өзіне деген кәсіби сенімін қалыптастыруға көмектеседі;

- тіл,сөздік қор байлығын дамытады;
- өз ойын жеткізуге жан-жақты үйретеді;

-өз бетімен білім алатын, ақпараттық технологияларды жақсы меңгерген, білімді жеке тұлғаны қалыптастырады. Көшбасшымыз Н.Ә.Назарбаевтың “Біздің міндетіміз бәсекелестікке лайықты ұрпақ тәрбиелеу” деген сөзін басшылыққа алып, жаңа замандағы жаңа тұлғаны тәрбиелеу ұстаздың, біздердің зор міндетіміз болып табылады.

*Маңғыстау облысы Тұңқараған ауданы Сайын Шапағатов ауылы
 Ғ.Айдаров атындағы №1жалпы орта білім беретін мектебінің
 Ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Рскалиева Аккумис Мадиевна*

Lesson plan

Unit 2. Light and Dark	School: №1	
Date:	Teacher name: Рскалиева Аккумис Мадиевна	
Grade: 3	Number present:	Absent:
Theme of the lesson: Day and night 2		
Learning objectives that this lesson is contributing to		
Lesson objectives	Learners will be able to: 3.1.6.1 understand some specific information and detail of short, supported information or talk on a limited range of general and some curricular topics; 3.1.7.1 use contextual clues to predict content in short, supported talk on a limited range of general and some curricular topics; 3.2.4.1 respond to questions on a limited range of general and some curricular topics; 3.3.5.1 understand the main points of short simple texts on a limited range of familiar general and some curricular topics by using contextual clues	
Assessment criteria	Learners have met the learning objective (3.1.6.1 / 3.1. 7.1/3.3.5.1) if they can: Identify Day and Night animals Talk about Day and Night animals using some of the new words in simple sentences respond to questions (at least 3) demonstrate understanding of the words through answering questions	
Value links	Teamwork: Ls will work well together in their groups showing respect and being polite with each other.	
Cross-curricular links	Introduction to science. Geography	
ICT skills	Using videos& pictures	
Previous learning	Day and Night 1	
Plan		

Planned timings	Planned activities	Resources
Beginning 5 mins	<p>Warm up Teacher suggested to watch video (day and night)and make predictions about theme of the lesson The topic and Los are presented</p>	<p>https://www.youtube.com/watch?v=gXh8t6iqKhc</p>
Middle 30mins	<p>Presentation. Group work Have students think of possible vocabulary for the new topic Day and Night. Divide students into 2 groups(like 1st row and 2nd row), give one of the following topics to each group: day, night, Have Students in each group tell a word related to their topic. Example: In the day group, hopefully students will tell words such as sun, light, rises, east, set, west, morning, afternoon, etc. Each student should read their word and another studens should try to spell the word. Ask students why o we have day and night? Tell them we will practice learning the words related to the day and night cycle of the Earth. Presentation of the new vocabulary: Earth, Sun, Moon, light, dark, sunrise, sunset, day, night, noon, East, West Teacher distributes worksheet 1 learners read words</p> <p>Feedback: Learners share their ideas. Teacher monitors their work and writes down the words with incorrect pronunciation on the board. Teacher drills the pronunciation of certain words.</p> <p>Ph. Training Good Morning, Afternoon, Evening, Night" - Rockin' English Song Lesson (Parts of the Day)</p> <p>Reading Have Ls read the story. Encourage Leaners to look at the words on the PPT/ worksheet 1 if they don't remember the translations.</p> <p>Pre-reading</p> <p>4. Peer discussion Leaners read in the class, in pairs, individually and work with new active vocabulary. [Peer'support]</p> <p>Reading Learners</p> <ul style="list-style-type: none"> - Read the text - Underline new words - Answer the questions <p><i>For differentiation at this lesson it is recommended to pair students of the same ability levels (weak+weak or strong+strong). For this activity the teacher comes up to weaker students to support with vocabulary or ideas.</i></p> <p>Group 1 (high level students) Retell the text Group 2 (low level students) Answer the questions</p> <ul style="list-style-type: none"> - What time of the day was when dad packed the car? - What did he see when he woke up? - Was Sammy feeling hungry? - What time of the day was when Sammy's family finally got to his grandparent's house? <p>Post-reading/Speaking Pair work: Tell your classmate 5 sentences using Past Simple tense Feedback: Leaners share their ideas. Teacher monitors their work and writes down the words with incorrect pronunciation on the board. Teacher drills the</p>	<p>PPT DIDACTIC MATERIAL 1</p> <p>https://www.youtube.com/watch?v=4lVzuPSvWBU</p> <p>DIDACTIC MATERIAL 2</p>

	pronunciation of certain words. Speaking. Discussion. Ask Learners if they like or dislike the story. Why? Why not?	
End 5 mins	Reflection Learners reflect on their learning: - What has been learned? - What remained unclear? - What is necessary to work on Home task: learn the new vocabulary	DIDACTIC MATERIAL 1
Additional information		
Differentiation – how do you plan to give more support? How do you plan to challenge the more able learners?	Assessment – how are you planning to check learners’ learning?	
Less able students – greater support by means of prompts, visuals or writing difficult words on the board More able students – independent work on definite tasks with little/no support Allow for flexible groupings and cooperative learning, depending on the appropriateness to the task Allow for extra time for students needing it, when appropriate Give extra text or visual support to students needing extra English support Create small learning groups for students needing extra support or enrichment with the co-teacher, when appropriate	through observation	
Reflection Were the lesson objectives/learning objectives realistic? What did the learners learn today? What was the learning atmosphere like? Did my planned differentiation work well? Did I stick to timings? What changes did I make from my plan and why?		
Summary evaluation What two things went really well (consider both teaching and learning)? 1: 2: What two things would have improved the lesson (consider both teaching and learning)? 1: 2: What have I learned from this lesson about the class or individuals that will inform my next lesson?		

Город Шымкент Ясли сад № 20 «Казына»
воспитатель дошкольной группы
Бейсенбаева Айнагул Бекмуратовна

Тема: "Я и моя мама"

Вид деятельности: познавательное развитие детей с элементами художественно-творческих видов деятельности.

Возрастная группа: средний дошкольный возраст

Задачи:

1.Образовательные задачи:

- Формирование у детей образа мамы.
- Закрепление умение работать по схемам и таблицам.
- Закрепление умения навыка распределять готовые элементы по всей плоскости равномерно.
- Закрепление навыка аккуратного наклеивания.

2.Развивающие задачи:

- Развитие образных представлений об особенностях праздников на примере праздника "День матери".
- Развитие точности и ловкости движений руки при работе кистью и салфеткой на горизонтальной плоскости.

3.Воспитательные задачи:

- Воспитание доброго .уважительного отношения к своей маме. -Воспитание чувства гордости и радости за дела и поступки родного человека, чувство благодарности за заботу.

Материалы и оборудование:

- 1.Схемы для составления рассказов о своей маме.
- 2.Таблицы "Что умеет делать твоя мама".
- 3.Фонограмма для проведения физкультминутки с детьми.
- 4.Лист ватмана для коллективной работы.
- 5.Кисть для клея и салфетка для каждого ребёнка.
6. Клей в баночках.
- 7.Готовые элементы из цветной бумаги для составления коллективной аппликации.

Методы и приёмы:

- 1.**Словесные-беседа** проблемного изложения. Вопросы частично-поискового характера.
- 2.**Наглядные-**рассматривание, анализ объекта для работы над композицией. Составление схем и таблиц, поиск ассоциативных связей.
- 3.**Игровые** - проведение динамической разминки "Стираем белье".
- 4.**Практические-**изготовление коллективной работы-"Подарок маме".

Предварительная работа:

1. Беседа "Моя мама".
2. Рассматривание фотографий своих мам.
- 3.Составление рассказа о своей маме.
- 4.Прослушивание и пение песен о маме.
5. Чтение стихов, рассказов о маме.
- 6.Оформление выставки "Я большому кораблю дам название Мама".

Ход занятия

1-ая часть занятия. Организационный момент. Беседа о маме.

Воспитатель: Ребята, сегодня к нам на занятие пришли гости. Поздороваемся с ними. (Дети здороваются, проходят к мольберту на стульчики. присаживаются).

Воспитатель: Ребята, давайте с вами поговорим о самом близком человеке. Вы можете назвать его?

Дети: Это Мама.

Воспитатель: Конечно это Мама скоро будет праздник, который называется "День Матери".

2-ая часть занятия. Основная часть.

1.Имена.

Воспитатель: А все ли дети знают имена своих мам?

Дети называют имена своих мам.

2.Составление рассказа по схемам.

Воспитатель: Ребята, у ваших мам не только разные имена, но и разная внешность.

А как вы узнаете свою маму?

Ответы детей. Воспитатель составляет схему по ответам детей и дополняет её.

Воспитатель: Внимательно посмотрите на схему и попробуйте рассказать о своей маме.

Ответы детей: (Моя мама высокая (низкая).стройная (полная), У неё голубые (карие) глаза, пухлые (тонкие) губы, рыжие (чёрные, светлые) волосы, у неё зелёное платье, чёрные туфли, бусы и серёжки).

Воспитатель: Конечно же ваши мамы разные. У них разные имена, разная внешность, разная одежда, но есть кое-что, в чём они очень похожи, какие они, ваши мамы?

Дети: Красивые, добрые, лаковые, нежные, умные и т.д.

3. Работа с таблицами.

Воспитатель: А ещё я знаю, что ваши мамы очень трудолюбивые. В этом они все очень похожи друг на друга. Что же умеют делать ваши мамы?

Дети отвечают, дополняют и составляют таблицу.

Воспитатель: Молодцы, ребята, давайте ещё раз повторим. что умеют делать ваши мамы

Дети повторяют. **4.Физкультминутка."Стираем бельё".**

Воспитатель: Ребята, а кто уже научился своей маме помогать?

Ответы детей.

Воспитатель: Ребята, а вы хотите помочь постирать бельё своей маме?

Дети: Да!

Воспитатель: Тогда я вам предлагаю прямо сейчас помочь маме постирать бельё.

Дети под музыку выполняют следующие упражнения:

-Стирают

-Вьжимают

-Поласкают

-Вьжимают

-Встряхивают

-Вешают

-Гладят

Воспитатель: Молодцы! Мамы очень рады, что у них такие замечательные дети помощники.

5.Выполнение практической работы.

Воспитатель: Как хорошо, ребята, что у вас есть такие добрые и любящие вас мамы!

Воспитатель: Ребята, а вы своих мам любите?

Дети: Да!

Воспитатель: А вы хотите сделать мамам подарок?

Дети: Да!

Воспитатель: Ребята, а как вы думаете, что больше всего любят ваши мамы?

Дети: Цветы.

Воспитатель: Я предлагаю подарить вашим мамам большой букет цветов?

Дети: Да!

Продуктивная деятельность. Аппликация "Букет цветов".

-Составление плана выполнения работы.

-Практическая часть.

3-ая часть занятия. Заключительная часть.

Подведение итогов.

Воспитатель хвалит детей за прекрасный подарок мамам.

Последующая работа.

1. Чтение произведений о маме.

2.Фотовыставка "Портреты мам".

3.Акция "Это моя мама".

4.Организация сюжетно-ролевой игры "Моя семья".

5. Рассматривание семейных фотоальбомов.

6.Рисование на тему: "Моя мама".

7.Обучение детей рассказыванию по сюжетной картине "Семья".

8.Работа с родителями: "Консультация для родителей о значении традиций в семейном воспитании".

* * * * *

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЖӘНЕ РӨЛІ

Аханбекова Лазат Женисовна

Қазақ тілі мен әдебиеті пәні

Алматы облысы, Қарасай ауданы, Каскелен қаласы

"С. Керімбеков атындағы орта мектеп" коммуналдық мемлекеттік мекемесі

Қазіргі ХХІ ғасырда ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан тек білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс.

Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтан оқытудың маңыздылығын арыттырды. Информатика дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы.

Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту ХХІ ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Информатика – техниканың дамуындағы негізгі ғылымдардың бірі.

Технология – ғылымның практикалық қолданылуы. Қазіргі заманда дүниежүзінің негізі технология. Ол адамның сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жеткен үлкен жетістігі. Яғни ғылым, прогресс болып табылады.

Болашақта ғарышты игеру, адам баласының өмір сүру ортасын кеңейту, дәлірек айтқанда, экологиялық мәселелер шешіліп, информатиканың қыр-сырлары ашылады. Сонымен қатар, әлі шешілмеген мәселелер тарапында қашықтықтан оқытуды тиімді пайдалансақ, біз көптеген жағымсыз жағдайлар мен қиын тақырыпты мәселелерді жеңілдетер едік. Ал білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолдануда, сондықтан қашықтан оқыту маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық құралдарды зерделей отырып, мамандармен бірлесе отырып, қашықтықтан оқытудың әдіс-тәсілін анықтау

Қашықтықтан оқытудың маңызы мен рөлінің пайдасын дәлеудеу

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттер бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет.

Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

- Қашықтықтан оқыту маңыздылығы, қолданылу аймағының анықталуы
- Телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару

- Қосымша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттей отырып, қашықтан оқыту мүмкіндігін пайдаланып, өздігінен қосымша білім алуға болады деген тұжырымға өзіндік тұрғыдай ой қосуға талпыныс жасадым.

Қашықтан оқыту технологиясын дамыту мен тарату білім жетілдірудің бұрынғы дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілуі. Оқу ақпаратын шалғайдағы елді мекендерге жеткізуде қашықтан оқыту технологиясын қолданудың ерекше маңыздылығының бар болуы. Қашықтан оқытандардың құрамына біріншіден физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оларды күтушілер, яғни бірыңғай үйде отыратын адамдар, денсаулығына байланысты күндізгі оқу сабақтарына қатыса алмайтын оқушылар оқи алады.

Екіншіден жоғары, арнайы оқу орындарында аз шығынмен неғұрлым көп адамдар оқыта алу. Үшіншіден адамдар тұрғылықты жерін ауыстыруына немесе өміріндегі әр түрлі өзгерістерге қарамастан білім алуды жалғастыра алады. Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқытуға көптеген ғалымдар анықтама берген сол анықтамаларды жинақтай келе «Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы» деген анықтамаға тоқталдым.

Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға көзқарастарын өзгертеді.

Түрлі статияларды салыстыра отырып, қашықтан оқыту – бұл әдеттегі күндіз немесе сырттай оқудан көп айырмашылығы мен артықшылығы бар оқытудың жаңа, арнайы формасы. Ол оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың өзара қарым-қатынасының өзгеше формасын, өзгеше оқу құралы мен әдістемені, оқытудың ұйымдастыру өзгеше түрін ұсынады. Сонымен қатар оның құрамы кез-келген оқыту формасында, кез-келген оқыту жүйесінде бар компоненттерден; оқытудың барлық түрінде, әлеуметтік қажеттілікті өтейтін мақсаттардан; оқу орнының түріне қарай қолданыстағы программаларды қамтиытын мазмұннан; әдістемелерден, ұйымдастыру формасынан, оқу құралдарынан тұрады.

Қашықтан оқыту формасының соңғы үш компоненті қолданыстағы технологиялық негіздерге (мысалы, тек компьютерлік телекоммуникацияға, баспа құралымен, компакт-дискімен, кейс-технологиямен жабыдықталған компьютерлік телекоммуникацияға) қарай айрықшаланған.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты, жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелерінің жетілдірілген түрі деп қарауға болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйелеік және жүйелілік, белесенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифференциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқыудағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады.

Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек.

Қашықтан оқыту – процесс. Қашықтан оқу – жүйе. Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағаналы етуді ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендірін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағадай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оның көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды.

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы
«Үміт» мектеп – интернатының тәрбиешісі
Токбергенова Қулайра Жидебаевна

Сабақтың тақырыбы: Достық қымбат өмірде.

Сабақтың мақсаты:

Білімділік: Оқушыларды достарымен жағымды қарым – қатынас жасауға үйрету.

Дамытушылық: Өзара сыйластық, өзара түсінік, өзара көмек қарым – қатынастарын, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту.

Тәрбиелігі: Татулыққа, достыққа, ұжымдылыққа тәрбиелеу.

Сабақтың әдісі: сұрақ – жауап, түсіндіру.

Сабақтың көрнекілігі: тақырпқа сай суреттер.

Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

1. Балалармен сәлемдесіп, назарларын сабаққа аудару.

2. Шаттық шеңбері

Қайырлы күн, қымбатты менің достарым! Мен сендермен кездескеніме өте қуаныштымын. Бір-бірімізді көргенімізге, осы күнге қуанайық.

Армысың, Алтын Күн!

Армысың, Көк Аспан!

Амансың ба, достарым?

Сендерді көрсем қуанам.

- Жарайсындар, достарым! Бәріміздің бірге екенімізді сезіну қандай тамаша! Ал, олай болса бәріміз жайғасып отырайық.

- Балалар біз күнде аспанға қарағанда нені көреміз?

Балалар:

- Күнді көреміз.

Тәрбиеші:

- Күн жылуы не істейді ?

Балалар:

- Күн жылуы жүзімізді жылытады.

- Күн жылуы көзімізді жылытады.

Тәрбиеші:

- Күн жылуы тағы нені жылытуы мүмкін ?

Балалар :

- Жүрегімізді.

Тәрбиеші:

- Олай болса, жүректерімізді ұстап жылуын сезінейікші. (Балалар қолдарымен жүректерін ұстайды.)

Тыңдаңдаршы, біздің барлығымыздың жүректеріміз бірдей. Олар барлық адамдарда бірдей соғады. Кәнекей жүрек дүрсілін тыңдап көрейікші. (Осы кезде ұнтаспадан жүректің баяу соққан дүрсілі естіліп, біртіндеп қатты –қатты соғады.)

Тәрбиеші:

- Енді осы жүректердің жылуын бір-бірімізге алақандарымыз арқылы сыйлайықшы. Біз бәріміз доспыз, тілегіміз бір.

Тәрбиеші:

- Балалар, достық дегеніміз не ? Оны қалай түсінесіңдер?

Балалар:

- Балалар бір-бірімен ойнайды.

- Балалар бір-біріне ойыншық береді.

- Балалар бір-біріне көмектеседі.

Тәрбиеші:

- Ал қай кезде сендер достарыңның көмегін сезіндіңдер?

Балалар:

- Мен сурет салғанда Мирас маған түрлі-түсті қарындашын берді.

- Мен кезекші болғанда Арман маған үстел жинауға көмектесті.

-

Тәрбиеші:

- Балалар өмірде адамдар бір-бірімен, кел дос болайық деп дос бола салмайды. Достық бір-бірімізге адал көңілімізбен жақсы әдепті қылықтарымызбен өзара сыйластық пен татулықтан, көмекпен бірте-бірте қалыпта-сады. Бұл достықтың белгілері екен.

1. Суретпен жұмыс.

Суретке қарап «менің достарым» тақырыбында әңгіме құрастыру тапсырылады.

2. Мәтінмен жұмыс.

«Қарлығаш және дәуіт» ертегісін оқып беріп, ертегі бойынша қойылған сұрақтарға жауап алу.

Қарлығаш жардың қуысына ұя салып, балапан шығарыпты. Анасы азық әкелуге кеткенде, балапандары шы-дамсыздана күтумен болады екен. Бір күні қарлығаштың ұясына жылан өрмелеп бара жатады. Мұны көрген қарлығаш шыр-шыр етіп, балапандарына арашасы іздейді. Ұшып көкекке барады.

Қарлығаш: «Көкек, маған көмек бере гөр, балапандарымды жылан жейін деп жатыр!» – дейді.

- Бүркіт қонаққа шақырып еді, уақытым жоқ, – дейді көкек.

Қарлығаш ұшып қарғаға келеді.

- Қарғажан, маған көмек бере гөр. Балапандарымды жылан жегелі жатыр, – дейді жылап тұрып.

- Қарға қарлығашқа бұрылып қарамастан:

- Мен үйленейін деп жатырмын, мазамды алма! – дейді маңғазданып.

Қарлығаштың амалы таусылып, шырылдап ұшып келеді.

Қарлығашқа дәуіт кездеседі.

- Досым, неге жылайсың? – деп сұрайды ол қарлығаштан.

- Улы жылан балапандарымды жұтпақшы болып, ұяма өрмелеп барады.

- Олай болса, мені тезірек жеткіз, -дейді дәуіт. Қарлығаш қанатын тосады.

Қарлығаш пен дәуіт көзді ашып-жұмғанша ұяға жетеді. Дәуіт ұяға жетіп қалған жыланға тап береді. Жылан сылқ етіп жерге құлап түседі. Дәуіттің ерлігіне сүйсінген қарлығаш онымен айнымас дос болады.

Содан бері талай заман өтсе де, қарлығаш пен дәуіт бір ұяда тұрып, бірге өмір сүретін болған екен.

- Балалар, қарлығаш неге ренжіді?

- Не себепті көкек пен қарғаны достар деп атауға болмайды?

- Дәуіт пен қарлығаш қалай достасты?

3. Дәйексөз.

«Жүз теңгең болғанша – жүз досың болсын» дейтін мақалды жазып, түсіндіру.

4. Дәптермен жұмыс.

Мақалды дәптерлеріне жазғызу.

5. Сергіту сәті .

Ойлану жұмысының алдында балалардың денесі сергітіледі. Оқушылар мына өлең жолдарын және қимыл-қозғалысты екі рет қайталайды.

Санайық жаңаша (Орындарынан тұрады.)

Бір, екі, үш... (Екі қолын алға, жоғары, екі жанына созады.)

Желбіре жалауша! (Қолдарын жоғары көтеріп, әрі-бері бұлғайды.)

Достықта біздің күш! (Қолдарын ішке қарай бүгеді.)

6. Тапсырма.

Тапсырмада суреттер берілген. Суреттерде сүйікті істерімен шұғылданғанда балалардың достық көмек берудегі адами құндылықтардың маңызы және адамгершілік қасиет туралы айтуларына ықпал ету.

7. Ойын «Мен қандай баламын».

Тақтаға күн тәріздес дөңгелек сары қағаз ілінеді. Қағаздың ортасына «Мен» деген сөз жазлады. Алдын ала оқушылар санына сәйкес қағаздан жасалған күннің шуағы тәріздес сары жолақтар балаларға таратылады. Әр бала досының бойындағы жақсы қасиеттерін айтып «шуақты» тақтаға іледі. Тақтада жақсы қасиеттерге толы үлкен күн құрастырылады.

III. Қорытынды.

- Балалар, достарымызбен болған әрбір күн бізге қуаныш, жақсылық сыйлайды. Достар қашанда бір – біріне жақсы тілек білдіріп, жылы сөзін айтады. Біз де достарымызбен бірге қуанып айналамыздағыларға тек жақсылық тілеп жүрейік. Сонда өзіңнің де, достарыңның да көңіл күйі көтеріңкі болады.

*Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы
«Үміт» мектеп – интернатының тәрбиешісі
Рустемова Бағдат Мейрамбековна*

Сабақтың тақырыбы: Адамгершілік – асыл қасиет.

Сабақтың мақсаты:

Оқушыларды адамгершілікке, қарапайымдылыққа, әдептілікке, кішіпейілділікке баулу арқылы өз халқының салт-дәстүріне үйрете отырып, жаман әдеттерден аулақ болуға, кішіге қамқор, үлкенге құрметпен қарауға, ізетті болуға тәрбиелеу.

Көрнекілігі: интерактивті тақта

Сабақтың әдісі: сұрақ-жауап, әңгіме.

Сабақтың барысы:

Ұйымдастыру кезеңі.

- Балалар! бүгін мен сендерді көргеніме қуаныштымын. Сендер қандай көңіл - күйдесіңдер?

Бір - біріміздің қолымыздан ұстаған кезде нені сезініп тұрмыз? Жақсы көңіл - күйді сезініп тұрмыз ба?

Оқушылардың жауаптары.

Ендеше бәріміз бірге мына өлең шумақтарын айтып шығайық:

Армысыз, қайрымды Аспан - Ата,

- Армысыз, мейрімді Жер - Ана,

- Армысыз, Шұғылалы Нұрлы Күн,

- Армысыз, мектептегі сыныптас,

- Армысыздар, құрметті апай.

Негізгі бөлім.

Кіріспе

Балалар адамгершілік дегеніміз не?

Өте тамаша балалар! Адамгершілік деп - адам бойындағы асыл қасиеттерді айтамыз. Демек, асыл қасиетіміз – еңбек сүйгіштік, достық, әдептілік, көмек беру, қоғамға қызмет ету, инабаттылық, имандылық, елін, жерін сүю, кішіпейілділік. Яғни, адам бойында осы қасиеттер жоғары тұрса, ол адамның адамгершілігі жоғары болмақ.

Сондықтан, біз осы қасиеттерді кішкентай кезімізден бойымызға сіңіруіміз қажет. Ал, керісінше, сөзі дөрекі, мінезі шайпау, менмен мақтаншақ, керенау кесір мінезден аулақ болуымыз керек. **«Тәрбиесіз берілген білім-адамзаттың қас жауы»** деген екен ғұлама Әл-Фараби.

Адамның жоғарғы қасиеті- оның адамгершілігі.

Адамгершілігі мол адам басқаларға үлгі-өнеге.

Адамгершілік: ерлік, спайылылық, әдептілік, достық, мейірім, адалдық, асыл мінез, намыс. Бойынан осы қасиеттер табылатын адам – ол адамгершілігі өте жоғары, адамгершілігі мол адам.

Суреттер бойынша әңгімелету.

- Балалар енді мына суреттерге назар аударайықшы. Осы суреттерден жаңа аталған адамгершілік қасиеттерінің қайсысын көруге болады?

Жарқын күнімізді түнерген бұлттардан қорғайық

Адам атаулының жақсы қасиеттерінің бірі — адалдық, ол өмірден қымбат асыл қасиет, асыл мінез, ашық, шыншыл қарым-қатынас. «Өтіріктің балын жалап жүргенше, шындықтың уын ішіп өлген артық»,— деген Б.Момышұлы. Адамда асыл қасиеттермен қатар, жағымсыз қасиеттер де болады. Олар —

жалқаулық,өзімшілдік, күншілдік, сарандық, пайдакүнөмдік, қорқақтық, менмендік, мақтаншақтық, қулық, екіжүзділік, жарамсақтық, қатыгездік, ашу, ызақорлық, басарсыздық, т.б.

Ойымызды өрбітіп, бойымызға адамгершілік нәрін егу үшін тақтаға ілінген күннің суретіне қараңдаршы.

Жарқын күн — көлбейленіп тұр, күнді біз мейірбан, жан-шуағын төгетін құдіретті ананың біріне теңсек, біз оның жүрегіндегі көлеңке сезімін сейілтейік, ол үшін бетіндегі төнерген бұлттарды ашайық.

Кәне, бірінші бұлт. – Үлкен кісілермен қалай сөйлесу керек?

– Үлкен кісімен «Сіз» деп сөйлесу керек.

– Әдептілік деген не?

– Адамдардың жүріс-тұрысы мен өзара қарым-қатынасының ережелері.

Екінші бұлтты сейілтсек:– Мектептен үйге қарай жүгіріп келе жатқанда, алдыңнан бір үлкен кісі шықты.

Сен не істер едің? – Үлкен кісімен амандасып жол беремін

Үшінші бұлтқа таядық – Үлкендердің әңгімесін бөліп, сөзге араласуға болмайды.– Егер тығыз шаруам болса, «кешіріндер» деп айтар едім.

төртінші бұлтты сейілтейік, осы. Көшеде біреу жөн немесе жол сұраса не істер едің?– Асықпай түсіндіріп беремін.

Соңғы бесінші бұлт – Автобуста, қоғамдық орындарда егде адамдарды көрсең не істеген жөн?

– Үлкен кісілерге әрдайым орын беру керек.

Тапсырманы орындаған соң күнімдеп шығады. Осы жарқын күндей, мейірімді, жан-шуақты, көңілдерін адамға тек жақсылық жасай білетін адамгершілігі мол азамат пен азаматша болыңыздар.

Күн артынан күлімдеген кемпірқосақ сыры

Бүгінгі сабағымызда аз болса да, жақсылықтың нәрін, адамгершіліктің дөнін алдыңыздар деп ойлай отырып, ашылған күннің соңындағы әсем кемпірқосаққа көңіл аударайық. Кемпірқосақтың әрбір түсінің өзіндік бір мән-мағынасы бар. Ендеше, «Күн артынан күлімдеген кемпірқосақ сыры» не айтады екен көрейік.

1-түсі. Әр күнді жақсы ойлар ойлаумен бастаңыздар.

2-түсі. Күні бойы өзіңізді қоршаған адамдар туралы тек сүйіспеншілікпен және ізгілікпен ойлап жүріңіздер.

3-түсі. Ұйықтар алдында бүгін қанша адамды қуантқаныңызды, жұбатқаныңызды, күлдіргеніңізді еске түсіру үшін бірнеше минут арнап көріңіз.

4-түсі. Әнді жиірек тыңдағаныңыз дұрыс, бәрінен жақсысы жаныңызды жадыратып, рақатқа белінесіз.

5-түсі. Басқалардың қажетіне жарай білуге талпыныңыз.

6-түсі. Тыныштық сақтай білуге үйреніңіз. Нәзік үнмен биязы сөйлеуге дағдыланыңыз.

7-түсі. «Жақсылыққа жақсылық — әр кісінің ісі, ал жамандыққа жақсылық — ер кісінің ісі» деген нақыл сөз жадыңызда жүрсін.

Адамгершілік ағашын өсіру.

Көк аспан аясында күлімдеген күнімізді түнерген бұлттан қорғадық, артынан жадырап кемпірқосақ керілді, міне, осындай әсем табиғат аясына асыл қасиеттерге толы «Адамгершілік ағашын» өсірсек қалай болады?

Асыл қасиеттерге толы «Адамгершілік ағашы»

Оқушыларға жапырақтар таратылады. Жапырақтарға асыл қасиеттерді жазып, ағашқа жапсырады.

Мінекей, жаңа ғана біз сізбен асыл қасиеттерге толы «Адамгершілік ағашын» өсірдік. Осы әсем ағаш сіздерге алдағы уақытта сая болсын, бір-біріңізге деген ықылас сезімдеріңіз еш уақытта жойылмасын, үнемі қайырымды, мейірімді, адал, ақкөңіл, еңбекқор, ақылды, әділ, парасатты бала болыңыздар!

Адамгершіліктің қарапайым қағидалары: /Дәптермен жұмыс/

1. Амандасу
2. Үлкенді құрметтеу
3. Тілін сыйлау
4. Отанын қорғау
5. Дінін сатпау

Сергіту сәті

Әңгіме. «Байлық, бақыт, адамгершілік»

Ерте заманда Байлық, Бақыт, Адамгершілік үшеуі бас қосады. Олар өзара өткен кеткен әңгімелерді айтысады. Сөз кезегінде үшеуі адам баласына тигізетін пайдасы жайында таласып қалады.

Байлық: Менің арқамда ғана адам баласының төрт түлігі сай, үйі дүние-мүлікке бай, ішіп-жемі мол болады.

Сондықтан маған тең келер ештеңе жоқ (кеудесін қағады).

Бақыт: Мен бақпын, кімнің басына қонсам, соның атақ-даңқын шығарамын, мансабын аспанға көтеремін. Ақ дегенім – алғыс, қара дегенім – қарғыс дөкей етемін.

Адамгершілік: О, достарым, мен сендердің таластарыңа қосылмаймын. Үшеуіміз тең тудық. Бірақ, мен бірер ит жейдені сендерден бұрын тоздырдым. Айтыстарың көңіліме қонбайды. Мен ақылмын, сондықтан, бекер даурығып, менменсініп сөйлегенді жақтармаймын. Үшеуіміз де адам баласына қажетпіз. Көңілдеріңе келсе де айтайын, екеуің де маған бағыныштысыңдар. Адам баласы менсіз өмір сүре алмайды. Келіспесендер Данышпанға жүгінейік. Төрелігін сол айтсын.

Сөйтіп, үшеуі Данышпанға келеді. Үшеуінің таласын тыңдап алған Данышпан: Өмірдің өзі сабақ. «Байлық – бір жұттық», «Бақыт – баянсыз». Ақыл бар жерде адамгершілік те, байлық та, бақыт та, бір ынтымақта түгел болады деген екен.

Міне балалар, ақылмен, адамгершілікпен бәрін ойдағыдай басқаруға, атқаруға болады. Олардың еңбек деген сүйеніш, тіреуі, тұтқасы бар. Сондықтан да, ақылды, адамгершілігі мол адам баласы байлыққа да, бақытқа да кенеліп, мәнді де, сәнді өмір сүре алады екен.

Сұрақ – жауап.

- Қазіргі кезде адамның бойынан қандай қасиеттерді көп байқауға болады?
- Кей адамның жаман әдетке үйір болуының себебі неде деп ойлайсыз?
- Адамгершілік қасиеттерді қаншалықты бағалап жүрміз?
- Сіз өзіңіз жіберген қателігіңізді мойындай аласыз ба?

Постер құру.

Адамгершілік – сөзіне постер құрып, қорғау.

Рефлексия:

Карточкалардағы сұрақтарға жауап беріп, керектісін сандыққа салады, керексізін себетке салады.

- Мен әрдайым өз құрбыларым мен және үлкендермен мейірімді боламын.
- Мен сыныптасым қиыншылыққа тап болса әрдайым жәрдем беремін
- Кейбір ересек адамдармен ұстамсыздық танытуға болады деп санаймын
- Мен өзіме ұнамайтын адамға дәрекілік көрсетуге болады деп ойлаймын
- Мен сыпайылық адамдар арасында өзімді жайлы сезіну үшін жәрдемін тигізеді деп санаймын
- Мен өз тарапыма айтылған орынсыз ескертулерге ұрысып тастауға болады деп ойлаймын.
- Сыныптастарым біреуді келемеждесе, менде қосылып мазақтаймын
- Маған адамдарға жақсылық істеген ұнайды.
- Мен адамдардың қателіктерін кешіре білу керек деп ойлаймын.

Қорытынды:

Адамгершілік қасиет – жеке адамның басындағы емес, жалпы қоғамның қордалы байлығы.

Адамдық борыш ар үшін,

Барша адамзат қамы үшін

Серт бергем еңбек етем деп,

Алдағы атар таң үшін, – демекші расында, адамгершілік бір күнде немесе біраз уақытта пайда болатын нәрсе емес, ол күнделікті көруден, көре жүріп үйренуден пайда болатын асыл қасиет деп тәрбие сағатын аяқтаймыз.

Кері байланыс

- Не жақсы өтті?
- Не жақсы өтпеді?
- Өзіңнің қандай күшті жақтарына арқа сүйедің?
- Нені өзгерткің келеді?
- Саған ең пайдалысы не болды?

*«Б.Тұрсынов атындағы орта мектебі» КММ
География пән мұғалімі Шалабаева М.Т.*

Сыныптар: 7 сыныптар. Іс-шара

Күні:

Тақырыбы: Әлемнің географиялық бейнесін қалыптастыру

Іс-шара түрі: «Жас географ» ойыны

Мақсат-міндеттер: Жер туралы білімді кеңейту, қайталау және бекіту.

Білімділік мақсаты – Физикалық-география курсынан алған білімдерін еске түсіру және бекіту, жинақтау.

Дамытушылық мақсаты – оқушылардың географиялық ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық белсенділігін арттыру, оқушылардың карта мен кескін картамен жұмыс істеу біліктерін ары қарай дамыту және өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын арттыру.

Тәрбиелік мақсаты – оқушыларды ұйымшылдыққа, ұжымшылдыққа, отан, халқына, еліне деген сүйіспеншілікке баулу, топпен жұмыс істеу дағдыларын молайту.

Оқыту әдістері: Топпен жұмыс

Оқу құралдары: Дүние жүзінің картасы, үйлестірімелер, тапсырма қағаздар, плакаттар, глобус, 7 сынып кестелер жинағы, конверттегі тапсырма карточкалар, қиылған әріптер, түрлі түсті қағаздар

Іс-шара жоспары:

I кезең – ұйымдастыру кезеңі

II кезең – ойын кезеңі

III кезең – қорытынды кезеңі

Ойын жоспары:

I кезең – «Жұмбақтар шешу» сайысы

II кезең – Білім сайысы

III кезең – Полиглот

IV кезең – Тамаша ондық

V кезең – Географиялық диктант

Ойын барысы:

Жүргізуші: Қайырлы күн, бүгінгі сайыстың құрметті қонақтары.

Жүргізуші: Бүгін біздің «Жас географ» атты ойын сайысын бастаймыз.

Жүргізуші: Бүгінгі ойын сайысқа алтыншы сыныптар қатысады, яғни әрбір сыныптан өз сынып беделін қорғауға екі оқушы шығады. Сонымен бізде үш топ қатысады.

I команда – 7«А» сыныбы,

II команда – 7 «Б» сыныбы

III команда - 7«В» сыныбы

IV команда -7 «Г» сыныбы

V –команда -7 «Д» сыныбы

Жүргізуші: Бүгінгі ойынды бағалайтын және сын беретін әділ-қазылар құрамымен таныстырайық:

1.

2.

3.

4.

Жүргізуші: Енді ойын шарттарымен таныстырып өтелік.

I кезең – «Жұмбақтар шешу» сайысы

II кезең – Білім сайысы

III кезең – Полиглот

IV кезең – Тамаша ондық

V кезең – Географиялық диктант

Жүргізуші: Ойынымызды бастамас бұрын осы география ғылымы туралы айтып өтейік.

Жүргізуші: Дұрыс айтасын. География ғылым ретінде ежелгі Грекияда туған. Біздің заманымыздан бұрын өмір сүрген грек ғалымы Эратосфен өзінің Жерді сипаттауға арналған еңбегін «география» деп атаған екен. Және, ұзақ уақыт бойы география жаңа жерлерді ашып сипаттаумен ғана айналысатын ғылым деп есептелініп келді. XIX ғасырдың басында бүкіл Жер шарында ашылмаған жер қалмаған екен. Осыған орай географияның міндеті де өзгерді. Ендігі жерде ол Жер бетіндегі денелер мен құбылыстардың таралуын сипаттап қана қоймай, олардың себебін түсіндіретін ғылымға айналды.

Жүргізуші: Ал енді ойынымызды бастаймыз. Ортаға командаларды шақырамыз. (команда өздерін таныстырып өтеді, белгіленген орындарына отырады.)

Жүргізуші: Ойын шарты бойынша 5 топқа бірдей географиялық жұмбақтар жасырылады. Әрбір шешілген жұмбаққа 5 ұпай беріледі. Жұмбақтың шешімін тапсаңыз қол көтересіздер. Орнынан айтылған жауап қабылданбайды. Кезең шарты түсінікті болса, онда біз бастаймыз. Командаларға сәттілік тілейміз.

1. Жүргізуші:

2. Ол бар жерде бар ма, жоқ па білмейсің,

Ол жоқ жерде өмір сүріп жүрмейсің (ауа).

3. Жүрсен де жетпейсің, ұшсаң да жетпейсің (жел)Тұрғыны жоқ елдер, үйі жоқ қалалар,

Ағашы жоқ ормандар, суы жоқ теңіздер (карта)

4. Жүргізуші:

5. Есік ашсаң, лап етер,

Сабалақ ит сап етер. (жел)

6. Қолы да жоқ, көзі жоқ, сурет салар өзі кеп (аяз)

7. Жылт-жылт өтеді, Жырлардан өтеді (су).

Жүргізуші: Осымен, 1 кезеңді аяқтаймыз. Әділ-қазы алқасы командаларды бағалайды, ортақ балдарын шығарады. Ал, біз, ойынның келесі кезеңге өтелік.

Жүргізуші: Бәрекелді өте тамаша. Ал енді біз келесі «Білім сайысы» кезеңіне көшеміз. Әр топқа 6 сұрақ қойылады. Әр жауап берілген сұраққа 5 ұпай.

Жүргізуші: 7 «А» сыныбының тобына:

- Атмосфера құрамында ең көп кездесетін газ? (азот)
- Жердің ең орталық өзегі? (ядро)
- Биіктігі 1000-2000 м дейінгі таулар? (орташа биік)

Жүргізуші: 7 «Б» сыныбының тобына:

18- Жер бетіндегі ең ескі таулардың бірі? (Сарыарқа)

19- Атмосфераның ең төменгі қабаты? (тропосфера)

20- Мұхиттың тереңдігін өлшейтін құрал? (эхолот)

Жүргізуші: 7 «В» сыныбының тобына:

1. Жердің ең сыртқы қабаты? (жер қыртысы)

2. Биіктігі 2000-нан жоғары таулар? (биік)

3. Дүние жүзіндегі ең ұзын мұхит орта жотасы? (Атлант орта жотасы)

Жүргізуші: 7 «Г» сыныбының тобына:

1. 1 см-де 100 м – бұл масштабтың қай түрі? (атаулы масштаб)
2. Күнге ең жақын айналатын планета? (Меркурий)
3. Грек тілінен аударғанда «план» деген сөз нені білдіреді? (жалпақ, тегіс)

Жүргізуші:: 7«Д» сыныбының тобына:

1. Жердің дәл үлгісі? (глобус)
2. Латын тілінен аударғанда орбита сөзінің мағынасы? (із,жол)
3. Күннен ең алыс орналасқан планета? (Плутон)

Жүргізуші::: Осымен, сайысымыздың екінші кезеңі аяқталды.

Жүргізуші::: Ендеше, «Полиглот» кезеңіне көшеміз. Тақтадағы ретсіз жазылған сөздерден географияға қатысты сөздер құрастырып, оны орыс және ағылшын тілдеріне аударыңыздар! (слайдтарда)

Жүргізуші::: Осымен, сайысымыздың үшінші кезеңі де аяқталып қалыпты.

Жүргізуші::: Ал, келесі кезең «Тамаша ондық» деп аталады. Осы кезеңнің шарты мынадай: тақтада берілген суреттер қай елдің әсем жерлері екенін анықтау?

Жүргізуші::: 4-кезеңді аяқтап, келесі – соңғы «Географиялық диктант» кезеңіне көшуге рұқсат етіңіздер.

Жүргізуші::: Әр топқа бірдей текст таратылады. Арасында қалдырылып кеткен сөздерді топографиялық шартты белгілер арқылы толықтырыңыздар.

Жүргізуші: Тапсырмаларды әділ қазыларға тапсырып, тиесілі ұпайларын санайды.

Жүргізуші: Осымен сайысымыз өз мәресіне жетті. Әділқазылардан жеңімпаз топты атауларын сұраймыз.

Жүргізуші: Жеңімпаздарды құттықтаймыз. География апталығының жабылу салтанатында жеңімпаздар марапатталады. Қош сау, болыңыздар!

*БҚО, Орал қаласы, № 14 жалпы орта білім беретін мектеп
Бастауыш сынып мұғалімі Умбетова Гульмира Борисовна*

Пән: Сауат ашу	Мектеп: 14 ЖОББМ
Күні: 20.11. 2020ж	Мұғалімнің аты-жөні: Умбетова Г.Б
Сынып: 1 «А»	Қатысқандар саны: 20
	Қатыспағандар саны: 0
Сабақтың тақырыбы:	Менің отбасым. Қ дыбысы мен әрпі.
Осы сабақта қол жеткізілетін оқу мақсаттары	1.1.9.2. Дыбыстардың мағына ажыратушылық қызметін түсіну. 1.1.8.1. Берілген сюжетті сурет бойынша шағын әңгіме құрап айту.
Сабақ мақсаттары	А) Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, дыбыстық талдау жасайды. В) Сюжетті суреттерден отбасын реті бойынша әңгімелейді. С) Өз отбасы туралы өлең, жұмбақ, әңгіме құрастырып айтады.
Тілдік мақсаттар	Пәнге тән лексика мен терминология: Қарама - қарсы сөздер: Астында - үстінде, күн - түн, ыстық- суық. Отбасы мүшелері: ата, әже, әке, шеше, аға, әпке, сінлі, қарындас, іні т.б. Диалог пен жазу үшін пайдалы сөздер мен тіркестер: Талқыланатын мәселелер: – Мәтін не туралы? – -Үйде тамақ дайындайтын кім екен? - Отбасы мүшелеріне кімдер жатады?
Құндылықтарды дарыту	Құрмет, ашықтық, ынтымақтастық, жауапкершілік, өмір бойы білім алу. Отбасының, достарының алдындағы жауапкершілікке тәрбиелеу. Ұжымда бірлесе жұмыс жасауға баулу. Адалдық қағидаларын қалыптастыру.
Пәнаралық байланыстар	<i>Дүниетану, математика, музыка</i>

АКТ қолдану дағдылары	Интербелсенді тақта
Бастапқы білім	Менің отбасым. Қ дыбысы және әрпі. Отбасымен таныс, отбасы мүшелерін біледі. Қарама - қарсы сөздерді табады.

Сабақ барысы

Сабақтың жоспарланған кезеңдері	Сабақта жоспарланған іс-әрекет
Сабақтың басы 1 минут	Сәлемдесу Топқа бөлу
Сабақтың ортасы 5 минут	– Балалар, біз өткен сабақта қай дыбыспен таныстық. -Қ дыбысы қандай дыбыс? (дауыссыз) -Қ дыбысы туралы не айтуға болады? - Қ дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында келеді. - Олай болса Қ дыбысына қатысты сөздерді тізбектей оқиық.
6 минут	Оқулықпен жұмыс. 1. Оқылым 2. Айтылым (Ұ) Ұжымдық жұмыс Анам ас әзірледі. Ол, қасық, шанышқы алды. Мен атамды тамаққа шақырдым. Қуырдақ жедік. Артынан ыстық шай әкелінді. ҚБ: «Қолтаптау» әдісі. Мұғалімнің бағалауы Жарайсың! Бәрекелді! Өте жақсы!
3 минут	2. «Ойнайықта, ойлайық!» ойыны. Сөздерге мағынасы қарама-қарсы сөздерді тап. Шырын суық. Шай ыстық. Дөп үстелдің астында. Гүл үстелдің үстінде. Бас бармағым-атам-үйдің данасы, Балаң үйрек-әжем-ошақ анасы, Ортан терек-әкем-отау панасы, Шылдыр шүмек-анам-шаңырақ ажары,
Сергіту сәті 3 минут	Ал, біз бала -отбасының базары. Жазылым. Дәптермен жұмыс
7 минут	(Ө) Өзіндік жұмыс. Берілген сөздерді, сөйлемді әдемі жазады Қар, қатық, аққу, сауысқан, ынтымақ сөздеріне дыбыстық талдау жаса.
10 минут	Бірін-бірі өзара бағалауы. «+», «-» таңбалары (Т) Топтық жұмыс Тапсырма бойынша саралау «Ата, әже» тобы: А-деңгейі: Берілген әріптер мен буындардан сөздер жаса. «Әке, ана» тобы: В-деңгейі: Отбасы мүшелерін дұрыс орналастыр. «Ұл, қыз» тобы: С-деңгейі: Өз отбасың туралы білетініңді әңгімеле Топтың бірін-бірі бағалауы «Білезік» әдісі
Сабақтың соңы 5 минут	Кері байланыс. «Серпілген сауал» әдісі - Қ дыбысына сөздер айт - Қ дыбысы сөздің қай жерінде кездеседі? - Отбасы мүшелері туралы не білдің? - Бүгінгі сабақта не қызықты болды? Рефлексия «Бес саусақ» әдісімен өзін - өзі бағалауы
Белсенді оқыту әдістері Тапсырма бойынша саралау	Критериалды бағалаудың түрлері «Қолпаштау» арқылы мұғалімнің бағалауы Оқушының өзара бағалауы «+», «-» таңбалары Топтың бірін-бірі бағалауы «Білезік» әдісі «Бес саусақ» әдісімен өзін - өзі бағалауы

Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы
«Үміт» мектеп – интернатының тәрбиешісі
Мақұлбекова Гүлдана Ордабекқызы

Сабақтың тақырыбы:	Ұлы Абай-дара тұлға!
Сабақ мақсаты	14. Абай Құнанбаевтың өмірі мен шығармашылығы жайында білімдерін толықтыру , шығармаларына шолу жасау, өлеңдерін, әндерін мәнерлеп айтқызу, көркем сөйлеуге үйрету. 2. сөйлеу шеберлігі мен мәдениетін жетілдіру, танымдық қасиеттерін дамыту, өз ойларын тиянақты жеткізе білуге дағдыландыру, ұлы ақынның шығармаларына қызығушылығын арттыру. 3. Оқушыларды жақсы қасиеттерді бойға сіңіріп өсуге, адамгершілікке, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.
Сабақ нәтижесі:	Абай шығармаларынан өнеге алады, ұлы ақынның шығармаларына деген қызығушылығы артады. Топта бірлесіп жұмыс атқара отырып,шығармашылық қабілеттері артады
Ресурстар	АКТ, бүктемелер, суреттер,кітаптар, топқа бөлуге арналған кеспе қағаздар , топтық тапсырмалар, кері байланыс парағы, стикер
Әдіс-тәсілдер	СТО әдістері, оқу мен оқытудағы жаңа тәсілдер
Пәнаралық байланыс	Музыка, қазақ әдебиеті
Сабақ барысы :	Тәрбиешінің іс-әрекеті
Психологиялық ахуал қалыптастыру:	«Менің көңіл-күйім » тренинг Мақсаты: көңіл-күйлерін білу, жылылық, сенімділік деңгейін, еркіндікті дамыту.
Сабақтың басы	«Ой қозғау» Бейнебаян « Ұлы тұлғалар» «Миға шабуыл » әдісі -«Кел балалар ,оқылық» деп балаларды оқуға шақырған кім? (БІ. Алтынсарин! -Араб әріптерінің негізінде қазақтың төл әліпбиін жасаған , ірі қоғам қайраткері, Алаш қозғалысын ұйымдастырушы ? (А.Байтұрсынұлы) -«Абай жолы » романының авторы кім? (М.Әуезов) -Отырарда дүниеге келіп, күллі әлемге ілімін таратқан ұлы ойшыл кім? (Өл -Фараби) -Адамзаттың ақыны, қазақтың данасы атанған ұлы ақын кім? (А.Құнанбаев) -Биыл А.Құнанбаевтың туылғанына неше жыл толып отыр? Сабағымыз «Ұлы Абай –дара тұлға!» деген тақырыпта болмақ.
Сабақтың ортасы	<ul style="list-style-type: none"> • Абайдың өскен ортасы «Көшбасшы және тыңдаушылар» әдісі • Абай – ақын. Тәрбиеші Абайдың ақындығы жайлы айтып , сұрақтарға жауап алады 21- Ақынның қандай өлеңдерімен таныспыз? 22- Қай өлеңін жатқа білеміз? Топқа бөлу 1-топ: « Әсемпаз болма әрнеге » өлеңін оқып,талдау 1. Ақын қандай жақсы қасиеттер туралы айтады?

	<p>2. Осы өлеңде нақылға айналып кеткен қандай өлең жолдары бар? 3. Өлеңнің негізгі идеясы қандай? 2-топ: «Ғылым таппай мақтанба» өлеңін оқып,талдау -Ақынның «Ғылымды таппай мақтанба» дегеніне көзқарастарың қандай? -- Ақын айтқан бес асыл мен бес дұшпанды атаңдар? -Сендердің ойларыңша, «ғылым, білім» адамзат баласына не үшін керек? Сұрақ-жауап екі топқа: - Өлеңде көтерілген мәселелер қаншалықты өзекті?</p> <ul style="list-style-type: none"> • Абай- аудармашы. Абай орыс ақыны А.С.Пушкиннің, М.Ю.Лермонтовтың, И.Крыловтың, И.Гетенің шығармаларын оқып, аударған. 1-топ: « Қараңғы түнде тау қалғып » өлеңі мен құмырсқа» мысалы 2-топ : «Шегіртке <p>4. Абай- сазгер. Абай композитор ретінде қазақ музыка мәдениетіне үлкен үлес қосқан. Ол өз әндерінде махаббат және табиғат суреттерін, жыл мезгілдерін жырлаған. «Желсіз түнде жарық ай», «Көзімнің қарасы», «Сегіз аяқ», «Өзгеге көңілім тоярысың» және де Абай орыс ақындары Пушкин, Лермонтов, Крылов шығармаларын қазақшаға аударып, оған музыка да жазған. Сергіту сәті:</p> <p>Абай- ойшыл, ғалым. Абайдың 45 қара сөзі бар Бейнежазба « 19 қара сөзі»</p> <p>- Абай туралы ойлар Қазақтың бас ақыны Абай Құнанбаев. Онан асқан бұрынғы - соңғы заманда қазақ даласында біз білетін ақын болған жоқ. Ахмет Байтұрсынов Әдебиетіміздің негізіне қаланған бірінші кірпіш - Абай сөзі, Абай аты боларға керек...Ең жоғары, ардақты орын – Абайдікі. Міржақып Дулатов Абай әлемі бізді жеті түнде адастырмас Темірқазық іспетті. Соған қарап тірлігіміздің дұрыс-бұрысын сараптай аламыз. Нұрсұлтан Назарбаев</p> <p>Мемлекет басшысы Қ.К.Тоқаев 2020ж 9 қаңтарын- да «Абай және 21 ғасырдағы Қазақстан » тақырыбында мақаласын жариялады . Президент Ұлы Абайды Ұлттық болмыстың үлгісі,мемлекет ісінің мүдделісі,жаңа қоғамның жанашыры,әлемдік мәдениеттік үлгісі тұрғысынан қарастырып, Абай арманы – халық арманы. Халық арманы мен аманатын орындау жолында аянбағанымыз абзал. Абайдың өсиет-өнегесі ХХІ ғасырдағы жаңа Қазақстанды осындай биіктерге жетелейді- деді</p>
<p>Сабактың соңы</p>	<p>Қара сөзі, қара өлеңі қарымды, Толғайды Абай мұңым менен зарымды. Абай сынды дана туған халықтың, Ұл-қызы да болу керек дарынды . Кері байланыс «Жетістік» баспалдағы.</p>

*Ергалиева Тілекші Сексенғалиқызы - Социальный педагог
Западно – Казахстанская область
Теректинский район Подстепновская № 1 ОСОШ*

Тема мероприятия: «Доброе сердце»

Цель данного мероприятия – знакомство с родителями-опекунами, их знакомство друг с другом; обсуждение имеющихся у них проблем и трудностей на сегодняшний день и возможные пути их преодоления; выражение благодарности семьям, принявшим на воспитание и содержание детей-сирот и детей, оставшихся без попечения родителей, популяризация альтернативных форм устройства детей в семью.

Добрый день, дорогие родители! Мы приветствуем всех опекунов, попечителей на мероприятие « Доброе сердце»

Мы благодарим вас за то, что вы откликнулись на наше приглашение и пришли к нам, чтобы обсудить за круглым столом, поделиться своими успехами в общении с детьми, чтобы поднять Вам настроение в праздник, чтобы Вы немного пообщались между собой. 29 октября Республика Казахстан отмечает День опекуна - праздник людей с большим сердцем. Это особый праздник, праздник для людей, взявших на себя тяжелую ношу по воспитанию детей, людей, кто умеет от чистого сердца дарить тепло своей души, нежность и внимание детям, которые в этом особенно нуждаются.

- Прежде чем начать наш мероприятие, хочу представить вам тех, кто будет принимать в нем участие:
- Директор школы Утепбергенова Э.Б
- - это завуч по воспитательной работе : Пасмурцева Р.В, Айнур Г
- - это социальный педагог школы:Ергалиева Т.С Жанаева Г.С
- - это педагог-психолог : Туленова Т.В

Общение с вами хочу начать с **упражнения**, которое называется "**Добрый день**".

Те, к кому я обращаюсь, мне в ответ машут рукой.

Добрый день, тем:

- кто на нашу встречу пришел с хорошим настроением,
- чьи дети вновь обрели родителей, родительскую любовь, заботу и понимание,
- кто не разочаровался в том, что взял в свою семью ребят,
- кто хочет сделать счастливыми детей, оказавшихся без родителей.
- кто старается любить своих вновь обретенных детей,

Спасибо вам за это и всем еще раз добрый день.

А сейчас я предлагаю вам познакомиться друг с другом. Представиться, и если хотите, можно немного рассказать о себе и о своих подопечных - чем они занимаются, что любят делать? Все хорошее, что о них можно сказать.

Спасибо. **Посмотрите, пожалуйста, на экран.**

Я предлагаю вашему вниманию видеоролик.

1 Слайд стили родительского поведения.

2 слайд Рекомендации, как завоевать и сохранить доверие ребенка.

После всего сказанного здесь хотелось бы вас спросить: "Согласны ли вы с тем, что у добрых и заботливых родителей ребенок, как правило, вырастает хорошим и порядочным человеком, а недостаток заботы или излишняя суровость приводят к разнообразным нарушениям в его развитии и поведении. Обнимая и целуя ребенка, мама и папа не только демонстрируют ему свою любовь, но и способствуют налаживанию его полноценных эмоциональных контактов с миром. А вот дурные взаимоотношения родителей, семейные скандалы и рукоприкладство скверно сказываются на мироощущении и поведении детей".

Ситуационные задание.

- Ваш ребенок убежал из школы и рано пришел домой. Ваша реакция? Что будете вы делать?
- Ваш ребенок плачет что вы ему купили телефон. Вы сказали: Подождать до зарплаты. Ваш ребенок захлопнул дверь и ушел. Ваша реакция? Что будете вы делать?
- Ваш ребенок говорит, что ему не нравится определенный предмет и он не хочет его изучать. Ваша реакция? Что будете вы делать?
- Мы замечаем, что некоторые родители недовольны каждым действием своего ребенка и говорят: «Ты не можешь этого сделать». Как вы относитесь к негативной оценке поведения ребенка?

Давайте теперь все воспоем песню «Мы желаем счастье вам»

Заключение. Упражнение "теплое сердце»

Начинает с фразы «Я хочу такому замечательному родителю как ты пожелать...

и надо продолжать. Выражают добрые пожелания друг другу.

Тренинг " теплое сердце». Здесь вы загадываете желание друг другу, то есть, когда говорите, обнимаете этого человека или выражаете желание другими действиями.

Анализ: - как вы себя чувствовали, когда загадывали желание?

В заключение хочется пожелать вам крепкого здоровья, всяческих успехов, правильного выбора стиля родительского поведения, взаимного доверия, и, если принять слова американских психологов на веру, еще душевных сил и терпения. Всего вам доброго. До свидания.

* * * * *

«КРИТЕРИАЛДЫ БАҒАЛАУ – БҮГІНГІ БІЛІМ БЕРУ ЖҮЙЕСІНДЕГІ ЖАҢА ТАЛАП»

Шымкент қаласы № 103 ЖОББМ

*Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары Мамаков Сейдуали Курманалиевич
Бастауыш сынып мұғалімі Турсунжанова Ляззат Назиржановна*

**"Білім - біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік
сол білімді іске асыра білу дағдысы"** Байтұрсынов

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңа талаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, сол арқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә.Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша оң өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде.

Сапалы білім беру – оқыту мен тәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан-жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой- талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Бүгінгі білім беруде оқушыны білімділік, іскерлік, шығармашылық әдістерге баулудың жолдарын іздестіре отырып, мұғалім-шәкірт арасында рухани және сезім бірлестігін айқындайды.

Қазіргі кезде оған жететін жаңа педагогикалық технологияларда баршылық. Соның бірі - критериалды бағалау жолдары.

«Критериалды бағалау» терминін алғаш рет Роберт Юджин Глейзер (1963) қолданған және бұл термин оқушылардың оқу жетістіктерінің қол жеткізген және потенциалды деңгейлері арасындағы сәйкестікті анықтауға мүмкіндік беретін үдерісті сипаттайды.

Критериалды бағалау – оқушының оқу нәтижелерін білім беру мақсаттары мен мазмұнына сәйкес келетін, білім беру үдерісіне қатысушылардың (оқушы, мектеп әкімшілігі, ата-аналар, заңды тұлғалар және т.б.) барлығына алдын ала таныс, ұжым талқысынан өткен, нақты анықталған өлшемдер арқылы оқушының оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген үдеріс.

Сыныптағы бағалау тек қана техникалық тәсіл емес. Мұғалімдер жазбаша немесе ауызша түрде баға қою арқылы бағалайды. Олар қолданатын кез келген нысананың артында тек қана объективті немесе жеткілікті дәрежеде объективті емес нормалар мен стандарттар ғана емес, сондай-ақ баланың дамуы, оқуы және ынтасы туралы түсінік, сонымен қатар өзін өзі бағалау, қабілеттілік және күш-жігер сияқты ұғымдарға қатысты құндылықтар жатыр. (Александр, 2001)

Бағалау - оқу дәлелдері жоспарлы және жүйелі жинақталатын және де оқу сапасы туралы қорытынды қабылдау үшін қолданылатын кез келген қызметті сипаттайтын ұғым. Бұл ұғым екі аспектіні көздейді: *оқуды бағалау және оқу үшін бағалау*. Бағалаудың түрлі нысандары олардың оқуды жақсарту әлеуеті тұрғысынан сипатталған және бағытталған. Оқуды критериалды бағалауды зерделеуге бағытталған. «Бағалау» термині «жақын отыру» деген сөзді білдіреді. Бір адам басқа адамның не айтып, не істегенін немесе өзін өзі бақылау жағдайында өзінің дербес ойлауын, түсінігін, тәртібін мұқият бақылауы болып табылады. Бұл ресми тестілер, емтихандардан бастап, мұғалімдер күніне жүз рет өткізетін бейресми бағалауға дейінгі бүкіл бағалау түрлерін қамтиды. Бір тестілер қолдағы қарындаш пен қаламның көмегімен жүргізілсе, басқалары сыныптағы әдеттегі сөйлесу кезінде

сұрақ қоюға негізделеді. Бағалаудың барлық түрлеріне жалпы сипаттамалар тән және олар төмендегілерді қамтиды:

- 23- қадағалау;
- 24- алынған мәліметтер интерпритациясы;
- 25- бұдан арғы іс-әрекеттерді анықтауға бағытталған қорытынды.

Мұғалімнің бағалаудағы ролі:

- Мұғалім тәлімгер ретінде - кері байланысты және әр оқушыға қолдау көрсетуді қамтамасыз етеді;
- Мұғалім жетекші ретінде - топтағы ағымдағы жұмыс үдерісіне алып жүру үшін диагностикалық ақпарат жинастырушы;
- Мұғалім есепке алу маманы ретінде - оқушылардың өсуі мен жетістіктері туралы жазу;
- Мұғалім баяндамашы ретінде - оқушылардың өсуіне қатысты ата-аналарына, оқушыларға және мектеп әкімшілігіне баяндау.

Оқу үшін бағалаудың негізгі сипаттамалары:

1. Оқыту мақсатымен бөлісу.
2. Алда не күтіп тұрғанын оқушылардың білуіне көмектесу.
3. Өзін-өзі және құрбыларын бағалау.
4. Оқушылардың жақсарту үшін не қажет екендігіне көмек беретін пікірлермен қамтамасыз ету.
5. Оқушылардың өздерін жетілдіре алатынына сенімділігін дамыту.
6. Өзара бірлесіп бағалау туралы ақпаратты талдау және ойластыру.

Қадағалауды өткізу үшін оқушылардың нені білетіндігін және не істей алатындығын, сонымен қатар олардың қандай қиындықпен кездесуі мүмкін екендігін анықтау қажет. Сыныптағы әдеттегі іс-әрекетті, балалардың өзара әңгімесін тыңдап, тапсырманы орындап отырған оқушыларды қадағалау. Оқушының сұрақтарға берген жауаптары бақылануы керек. Бағалайтын тұлға алынған мәліметтердің мәнін анықтай білуі қажет.

Интерпритация қызығушылық тудыратын мәселелерге, ерекше дағдылар, көзқарастар немесе оқыту түрлеріне қатысты жүргізіледі. Мұндай өлшемдерді көбінесе критерий деп атап, оларды оқу мақсаттарына немесе міндеттеріне жатқызады. Мұғалім жоспарланбаған өзара әрекеттесушілікті, нәтижелерді бағалайды және өткенге шолу өлшемдерін қолданады. Интерпритацияның көмегімен мінез-құлықты сипаттауға немесе түсіндіруге талпындыруға болады, логикалық қорытынды шығарылады. Мысалы, бала айтқан нәрсе оның миында болып жатқан құбылыстың нәтижесі болып табылады. Мәліметтерді интерпритациялау негізінді қорытынды жасалады, ол бағалауды көздейді. Бұл кезеңде бағалау үдерісі туралы мақсаттарға және алынған ақпарат қолданылатын міндеттерге байланысты әр түрлі нысанда жүруі мүмкін.

Оқу үшін бағалауға қарағанды, оқуды бағалаудың мақсаты, керісінше, оқушы қазіргі уақытта не оқып білгенін жинақтау болып табылады. Оқуды бағалау кезінде бір оқушының жетістіктерінің белгіленген нормаларымен немесе бірдей жастағы оқушылардың қол жеткізген деңгеймен ара-қатынасы салыстырылған соң қорытынды жасалады. Мұндай қорытындылар стандартқа немесе деңгей түрінде келтірілген межелікке сәйкес немесе сәйкес емес деген нысанда жасалады.

Оқу үшін бағалау кезінде қолданылатын қадағалау, интерпритация және өлшемдер оқуды бағалау кезінде қолданылатын өлшемдерге ұқсас болуы мүмкін, бірақ олардан туатын қорытынды мен шешім басқа сипатта болады.

Оқу үшін бағалау - бұл білім алушылар өздерінің оқудың қандай сатысында тұрғанын, қандай бағытта даму керек және қажетті деңгейге қалай жету керек екендігін анықтау үшін оқушылар мен олардың мұғалімдері қолданатын мәліметтерді іздеу және түсіндіру үдерісі. [Мұғалімдерге арналған нұсқаулық]

Критерийлер - оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс-әрекеттер тізбесі.

Оқушы жетістіктерін критериялды бағалау жүйесі төменде қарастырылған міндеттерді шешеді:

15. Әрбір оқушының сабақ үдерісіндегі әр кезеңіндегі дайындық деңгейін анықтау;
16. Білімді меңгерудің жыл аяғындағы ғана емес, күнделікті білім алудың даму динамикасын айқындауы;
17. Оқушының сабаққа қызығушылығын, белсенділігін арттыруы. Бағаға қарсы теріс көзқарастың болмауы;
18. Оқушы білімінің жүйеленуі, тереңдеуі, есте сақтауы. Оқушыны табандылық пен шыдамдылыққа тәрбиелеуі;
19. Білім алу барысындағы қиындықты, қателікті, білім олқылықтарын және оның себептерін дер кезінде анықтауы;
20. Оқушының білім алу үдерісін қадағалап, дәл және жедел түрде сапалы білім алғаны жөнінде кері байланыс ақпаратын алуы;
21. Оқушының барлық жұмыс түрлерін бағалауы. (өзіндік жұмыс, ағымдағы бағалау, қорытынды бақылау, тренинг, үй жұмысы, шығармашылық т.б.)
22. Оқушының білімін ағымдық және қорытынды бағалауы;

23. Баға сапасын арттыру.

Критериалды бағалау жүйесі оқушының белсенділігін арттыруды, оқу үдерісінде жарыса, бәсекелесе білім алуға қол жеткізеді.

Тәжірибелік маңыздылығы:

- жеке тұлға емес, оқушының жұмысы бағаланады;
- оқушы жұмысы алдын- ала белгілі критерийлер бойынша бағаланады;
- бағалау критерийлері нақты оқыту мақсаттарын айқындайды, сондықтан оқушыларға баға оқып- зерделенген материал бойынша ғана қойылады.
- өзінің оқу жетістіктерінің деңгейін анықтау үшін және ата- аналарына осы ақпараттарды жеткізу үшін оқушыға нақты бағалау алгоритмі белгілі.
- оқушының оқуға және өзін-өзі бағалауға ынтасы артады.

Критериалды бағалау

Мұғалімдерге:

1. Сапалы нәтиже алуға бағытталған критерийлер әзірлеуге;
2. Өзінің іс-әрекетін жоспарлауға және талдауға жедел түрде ақпарат алуға;
3. Білім беру сапасын арттыруға;
4. Оқытудың сапасын жақсартуға;
5. Әр оқушының жеке ерекшеліктері мен қабілеттерін ескере отырып, жеке оқыту траекториясын құруға;
6. Бағалаудың түрлі тәсілдері мен құралдарын қолдануға;
7. Оқу бағдарламасын жетілдіруге ұсыныстар енгізуге мүмкіндік береді

Оқушыларға:

1. Өзінің түсінігі мен қабілетін көрсету үшін оқытудың түрлі стильдерін және ойлау әрекетінің типтерін қолдануға;
2. Өз нәтижелерін болжау арқылы табысқа жету үшін бағалау критерийлерін білуге және түсінуге;
3. Өзінің және өз құрдастарының жетістіктерін бағалап, рефлексияға қатысуға;
4. Шынайы міндеттерді шешу үшін өз білімдерін қолдануға, түрлі көзқарастарды білдіруге, сын тұрғысынан ойлауға мүмкіндік береді.

Ата-аналарға:

1. Өз баласының оқытылу деңгейі туралы объективті дәлелдер алуға;
2. Баланың оқудағы прогресін қадағалауға;
3. Оқу үдерісінде оқушыға қолдау көрсетуге;
4. Мектеп әкімшілігімен, мұғалімдермен кері байланыс орнатуға;
5. Баласының мектепте және сыныпта жайлы сезінуіне сенімді болуына мүмкіндік береді.

Мұндай бағалау жүйесінде біз балаларды оқытуда жеке жұмыс, топтық жұмыс, ой қозғау, ББҮ кестесі (INSERT), топтастыру, рефлексия сияқты бірнеше әдістерді қолдана аламыз. Осы әдістерді қолдана отырып оқушылардың оқуға деген ынтасының, қызығушылығының арта түскенін байқауға болады. Критериалды бағалау жүйесін әрбір сабақта тиімді пайдалануға болады.

Сабақтың соңында ББҮ кестесін толтырту. (INSERT) картасы беріледі

Білемін	Нені білдім?	Білгім келеді

Қосу-алу қызықта

Қатысушылар төмендегі кестені толтыру арқылы бүгінгі сабаққа кері байланыс жүргізеді.

+	-	Қызықты

+ не білдің? қандай ақпарат алдың?

- не түсініксіз? қандай ақпарат алу қиын болды?

Қызықты-бүгін саған ұнады?қандай ақпарат қызық болды?не білгіңіз келеді?

Топтарды сабақтың барысына қарай мынадай бағалау парағы арқылы қорытынды баға қоя аламыз

Тапсырмалар Топтардың аты	« Кезбе тілші» әдісі	Өлеңді оқыту, талдату	Венн диаграмм асы	Топп ен жұм ыс	«бумер анг» әдісі	Жалпы балы	Қорыт ынды
1-топ							
2-топ							
3-топ							
4-топ							

Рефлексия

"Жетістік" баспалдағы

Сабақ соңында қатысушылар баспалдақтың қай тұсында тұрғанын белгілейді, түсініктеме береді.
мен барлығын түсінгеніме сенімдімін.

мен барлығын түсінгеніме жартылай сенімдімін.

мен қайталауды қажет етемін.

мен ештеңе түсінбедім.

Сауалнама

Қатысушылар төмендегі сауалнамаға жауап беру арқылы бүгінгі сабаққа рефлексия береді.

- Мен сабақта жұмыс жасай білді- белсенді/белсенді емес
- Өз жұмысымды мен - қысқа/ұзақ
- Маған сабақ - түсінікті/түсініксіз
- Мен сабақта- шаршадым/шаршамадым
- Сабақтағы материал- қызық/қызықсыз
- Үй тапсырмасы маған- қиын/жеңіл
- Мен сабаққа- қажет/қажетсіз

Критериалдық бағалау жүйесінің қызметі:

24. балаға оқытудың әр сатысындағы дайындық (меңгеру) деңгейін анықтауға мүмкіндік береді.
 25. көп балды шкаланы пайдалануда үлкен саралау мүмкіндігімен ерекшеленеді және мұғалімге бағаның кейбір айырмашылығын көрсетуге мүмкіндік береді;
 26. оқушының тек оқу жылындағы ғана емес сонымен қатар оқу барысы кезіндегі білімді қабылдауының объективті динамикасын алуға мүмкіндік береді;
 27. ағымдағы және қорытынды бағалар қоры арқылы оқушы еңбегінің нәтижесін көрсетуге болады;
 28. білімді бағалаудың объективтілігін жоғарылатуға мүмкіндік береді;
 29. оқушының әртүрлі жұмысты орындағаны үшін алған бағаларының мәнін түсініп, жіберген қателіктерін анықтап, қатемен жұмыс жасауға мүмкіндік береді;
 30. ата-ана - мектеп - оқушы арасындағы байланысты нығайта түседі.
- Бүгінгі заман талабы - жан-жақты дамыған, өзіндік «мені» қалыптасқан тұлға тәрбиелеу. Оқушы тұлға болып қалыптасуы үшін оның бойында түрлі жағдаяттағы проблеманы анықтауға, өзіндік тұжырым жасай білуге, өзіндік бағалауға, сыни ақпараттарды өз бетімен табуға, талдауға, логикалық операцияларды қолдана отырып дәлелдеуге, жалпы алғанда жеке адамның құзыреттіліктері қалыптасуы қажет.
- Сөзімді қорытындылай келе, критериалды бағалау — бүгінгі білім жүйесіндегі жаңа талап. Оқушы сын тұрғысынан ойлау арқылы алдына мақсат қоя біледі. Әрі нәтижеге жетуге үлкен талпыс болатынын уақыт байқатып отыр. Сондықтан маңызды істі жауапкершілікпен атқарғанда ғана жұмыс жүйеленетіні белгілі.

Пайдаланған әдебиеттер

- Мұғалімдерге арналған нұсқаулық. Үшінші (базалық) деңгей. 4-басылым 2015 ж.
- www.cpm.kz Педагогикалық шеберлік орталығы NIS.
- <http://www.google.kz> Жаңа білім беру технологиясы мен әдіс тәсілдері
- К.С.Құдайбергенова «Құзырлық табиғаты тұлғаның өздік дамуында»- А: «Принт АСС» в современной школе» - Алматы; 2009 г.
- А.А.Жайтапова, Г.А.Рудик, Е.В.Белошниченко, А.С.Сатывалдиева «XXI ғасыр педагогикасы мектеп табалдырығында». Ақпараттық әдістемелік дайджест. Алматы, 2009 ж.
- Көкіжанова Г.К. Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалау білім сапасын басқарудағы негізгі критерий – Педагогика, 2009 ж.
- А.Құсайынов «Әлемдегі және Қазақстандағы білім берудің сапасы», Алматы, 2013 ж.

* * * * *

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДА БЕЙІНДІК ПӘНДЕРДІ ТИІМДІ ҰЙЫМДАСТЫРУ ЖОЛДАРЫ

*Түркістан облысы Кентау қаласы Қарнақ ауылы
М.Қашғари атындағы мектеп-лицейі ДИРЕКТОРДЫҢ бейіндік істері
жөніндегі орынбасары Дияра Мирзахмедова*

Қазіргі замандағы технологиялық жетістіктерге негізделген қашықтықтан білім беру жетекші рөл атқарады. Дүние жүзі бойынша қашықтан білім беру жүйесін еркендетудің басты мақсаттарының бірі - оқушылардың кез келген мектептер, колледждер мен университеттердегі оқу бағдарламалары бойынша оқып, білім алуларына жағдай туғызу болмақ. Осылай еткенде ғана студенттердің бір елден екінші елге орын ауыстыруларына ідектеу қойып, кедергілер туғыздан гөрі көзқарастар жүйелерінің бір арнаға тоғыстырылған идеяларымен қаруланып, білім беру ресурстарын өзара алмастыру жағдайында болашағы зор жаңа істерді өркендете түсуге мүмкіндік туады. Коммуникациялық каналдарды ауқымды түрде тарату қурысы маңызды міндеттерді ойдағыдай іс жүзінде асыруға септігін тигізбек.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы мақсаты: Білім берудің біртұтас ақпараттың жүйесін құру арқылы оқушылар мен студенттердің білім деңгейін көтеру.

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттері:

- бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;
- құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет. Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Осындай сан қырлы, әрі күрделі мәселелерді жүзеге асыруда оқытушының атқарар рөлі орасан. Оған әрі ауыр, әрі жауапты міндет жүгі жүктеледі: ол курстың бағдарламасының құрылымын дайындап, оны қашықтықтан білім беру жүйесімен астастырып бейімдейді, оқу үрдісінің барысын қадағалап, тапсырмаларды орындау барысында, өз бетімен бақылау-пысықтау жұмыстарын орындау жөнінде ұсыныстар береді. Бұл ретте қашықтықтан оқыту жүйесінің әдістерінде көрсетілгеніндей, көңіл-күй, психологиялық қарым-қатынас бой көрсетеді. Қашықтықтан оқыту тәсілі бойынша жұмыс істейтін оқытушы оқытудың жаңа технологиясын, оқытудың компьютерлі және тораптық жүйелерін жетік біліп, олармен іс жүргізу ісін орындау шарт.

Қашықтықтан оқыту тәсілімен оқытатын оқытушыларға және осы істе мүдделі басқа да адамдарға бірнеше талаптар қойылады:

- Оқытушы компьютермен жоғары дәрежеде сауатты жұмыс істей білуі қажет.

· Қашықтықтан оқытудағы мақсаттары мен міндеттері, оның алдағы уақытта ақпараттық технология және коммуникация құралдарының негізінде дамуы туралы білуі қажет.

· Қашықтықтан оқыту технологиясын жетік білетін, білім саласындағы қызметкерлерді, оқушыларды таныстыра білуі қажет.

· Оқытушының ақпараттық құралдармен жұмыс істеуге іс жүзінде дағдылануы қажет.

· Оқытудың телекоммуникациялық құралдарын қолдану ісіне дағдылануын қалыптастыру, атап айтқанда: тұтынушылар арасында ақпараттар алмастыру және ақпараттық жүйелердегі ресурстарды пайдалануға дағдылануын қалыптастыруы қажет.

· Жинақталған түрде оқу бағдарламасын құрайтын белгілі бір тәртіптегі модульдік курстардың әдістемелерін баяндай және курстарды өткізуді ұйымдастыра білуі қажет.

· Оқу үрдісін қашықтықтан оқыту шеңберінде жүргізу ісіне жан-жақты даярлау, қашықтықтан оқыту жүйесі бойынша сабақ өткізу үрдісінде үйлестіруші болуы қажет.

Бүгінгі таңда ақпараттық қамтамасыз ету жүйесіне баса мән бермейінше, білім берудің ақпараттық технологияларын, дәлірек айтқанда, электрондық оқулық және бейнефильмдерді, басқа да электрондық басылымдарды қашықтықтан оқытудың спутниктік арнасы арқылы ендімейінше, кез келген әлеуметтік-экономикалық саланың алға басуы мүмкін емес.

Білім беру жүйесін ақпараттандырудың негізгі бағыты ХХІ ғасырдың талаптарына сәйкес қоғамды дамытудың жоғары тиімділікті технологияларына сүйенген жаңа білім стратегиясына көшу болып табылады.

Білім беру жүйесін ақпараттандыру бағыты жаңа ақпараттық технологияларды пайдалану арқылы дамыта оқыту, қашықтықтан оқыту, дара тұлғаға бағыттап оқыту мақсаттарын жүзеге асыра отырып, оқу-тәрбие үрдісінің барлық деңгейлерінің тиімділігі мен сапасын жоғары-латуды көздейді.

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Ал, тармағынадағы қашықтықтан оқу ұғымы тыңдаушылар мен оқытушылар арасындағы, сонымен қатар тыңдаушылардың өзара белсенді ақпаратпен алмасуын қарастыратын және жоғарғы дәрежедегі қазіргі жаңа ақпараттық технологияларды (аудио-визуальды құралдар, дербес компьютерлер, телекоммуникация құралдары, т.б.) пайдаланатын белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылатын оқу процесі.

Қашықтықтан оқытуды ұйымдастырудың әр түрлі технологиялары бар:

Кейс-технология - оқытушы-тьюторлардың дәстүрлі және қашықтықтан консультацияларды ұйымдастыру кезінде мәтіндік, аудиовизуальды және мультимедиялық оқу-әдістемелік материалдарды жинау және оларды пайдаланушылардың өз бетінше меңгеруі үшін жіберуге негізделген.

Кейс технологиясы (ағылшынның case—портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады.

Кейс-технология арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарындағы пәндер бойынша электрондық тасымалдауышта (CD-ROM) оқу-әдістемелік материалдардың кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері пайдаланылады. Мұндай әдістер тыңдаушылардың белсенділігін арттыруға, шығармашылық қабілеттерін белсендіруге
2. Жұмыс дәптері.
3. Анықтама.
4. Оқу, аудио, бейне материалдары.
5. Бақылау және емтихан материалдары.

Қашықтықтан оқытуға арналған кейстердің сапалық қасиеттері:

- курстың терминдер мен ұғымдарына арналған гипертекстік құрылымы;
- пайдаланушыға ыңғайлы құрылым – мұғалім материалды беру реті мен бейнелеудің бірнеше түрін таңдай алады. Сол арқылы бір оқу материалын әр түрлі аудитория үшін әдістемелік қажеттілік болса әр түрлі түрде беру мүмкіндігі бар.
- Кейстің құрамына белгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған документтер мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланылады.
- Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға шығара алады.
- Оқушы оқу материалдарына кез келген әдіспен қол жеткізе алады (Интернет, CD-ROM).
- Оқулыққа кіріктірілген білімді тексеру жүйесі бар.
- Оқулық бетінен Интернет ресурстарына қол жеткізуге болады.

Желілік –технология - білім алушы, оқытушылар, әкімшілік арасындағы интерактивті өзара әсері мен оның оқу-әдістемелік құралдармен жабдықталуын қамтамасыз етуде телекоммуникациялық желіні қолдануға негізделген;

Оқытудың желілік –технологиясына жатады:

- Интернет желісін пайдалану;
- Электрондық поштаны пайдалану;
- Телекоммуникациялық құрылғыларды пайдалану;
- Мультимедиамен жабдықталған, Интернетке шығу мүмкіндігі бар желелік компьютерлік класс;

Электронды почта тыңдаушыларға курстың негізгі мәселелері бойынша конфиденциалды хат жазысуға мүмкіндік береді. Электронды почта арқылы ақпаратты жоғары жылдамдықпен жіберу мүмкіндігінің арқасында тыңдаушыға көмек дер кезінде, сұранысты алған соң бірден көрсетіледі. Интернет көмегімен тыңдаушылармен кері байланыс орнатып қана қоймай, олардың оқу қызметін бақылауға, бағалауға болады.

Қашықтықтан оқыту технологиясы бойынша оқытушының негізгі міндеті білім алушының келесі түрдегі орындалатын өз бетінше жұмысын басқару болып табылады: туындайтын мәселелерді қарастыру; мақсат пен міндеттерді қою; білім, тәжірибелерді беру; ұйымдастыру қызметі; білім алушылардың арасында өзара байланысты ұйымдастыру; оқу процесін бақылау. Тыңдаушылар қашықтықтан оқыту кезінде білім беру процесінің негізін қолайлы уақытта, ыңғайлы орында, тиімді темптегі өз бетінше жұмыс құрайды. Сондықтан тыңдаушылар өз бетінше жұмыстың техникасы мен әдістемесін, жоғарғы деңгейде білімді өз бетімен толықтыру негіздерін меңгеруі қажет. Сонымен бірге нәтижелі түрде оқу үшін жаңа ақпараттық технологияның құралдарымен жұмыс істей білуі тиіс.

Сонымен, қашықтықтан оқыту — адамның білім алуға және ақпарат алуға деген құқықтарын іске асыратын үздіксіз білім беру жүйесі нысандарының бірі ретінде мамандардың негізгі қызметін атқара жүріп білімін, біліктілігін арттыруға мүмкіндік береді.

* * * * *

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚИТУ ЖАҒДАЙЫНДА МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫН ОҚУҒА ЫНТАЛАНДЫРУ

*Түркістан облысы Кентау қаласы Қарнақ ауылы
М.Қашғари атындағы мектеп-лицейі ДИРЕКТОРДЫҢ инновациялық
істері жөніндегі орынбасары Лола Хамзаева*

Қазіргі ХХІ ғасырда ғылым мен технология жетік дамыған. Табиғат құбылыстары және оның заңдары осы күнге дейін адам баласын ойландырып, толғандырып, анықталмаған, сыры ашылмаған дүниелерге ақиқаттың түбіне бар сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жетуі әрқашанда үлкен жетістік болып табылады.

Қазіргі уақытта Қазақстан тек білім жүйесінде де жаңа ақпараттық технологиялар кеңінен қолданыла бастады. Ақпараттық технологияларды және компьютерлік желі арқылы жаңа білім әдістерін пайдалану кеңейтіліп келеді. Жаңа ақпараттық технологияларды білім жүйесінде қолданудың ең маңызды факторы негізгі қозғаушы күші адам, сол себепті білімнің негізгі принциптері іске асырылуы тиіс.

Стратегиялық проблемалар жөніндегі мамандар қашықтан оқыту формасын ХХІ ғасырдың білім беру жүйесі деп атап жүр. Бұл күні оған үлкен мән беріліп отыр. Бұрын технологияларға бағытталған қоғамдық прогрестің нәтижелерінің бүгінде ақпараттық аймақта орталықтандырылып жатқаны қашықтан оқытудың маңыздылығын арыттырды. Информатика дәуірі басталды. Оның қазіргі мезгілдегі даму кезеңін телекоммуникациялық деп сипаттауға болады. Бұл ақпарат пен білімнің қатынас аймағы.

Кәсіби білім тез ескіретіндіктен оны тұрақты түрде жетілдіріп отыру керек. Қашықтан оқыту формасы бүгінде, уақыт және кеңістік белдеулерінен тәуелсіз, көпшіліктің өз бетінше үздіксіз жалпы білім алу жүйесін, өзара ақпарат алмасуын қалыптастырады және жүзеге асырады. Одан басқа, қашықтан оқыту жүйесі әлеуметтік жағдайына (оқушыға, студентке, азаматтар мен әскерилерге, жұмыссыздарға ...) қарамастан және еліміз бен шет елдің кез-келген ауданында тұрса да адамның білім және ақпарат алу құқығын қамтамасыз етеді. Ел азаматының білім алу құқығын қамтамасыз етуде және қоғам қажеттілігін өтеуде, тек осы жүйе мейлінше тиімді әрі икемді. Жоғарыда айтылған факторларға сүйеніп айтқанда, мамандарды дайындау мен олардың жоғары квалификациялық деңгейін ұстап тұруда қашықтан оқыту ХХІ ғасырдағы ең әсерлі жүйе болып табылады.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Информатика – техниканың дамуындағы негізгі ғылымдардың бірі.

Технология – ғылымның практикалық қолданылуы. Қазіргі заманда дүниежүзінің негізі технология. Ол адамның сана-сезімімен, білімді де тәжірибелі ақыл-ой парасаттылығымен жеткен үлкен жетістігі. Яғни ғылым, прогресс болып табылады.

Болашақта ғарышты игеру, адам баласының өмір сүру ортасын кеңейту, дәлірек айтқанда, экологиялық мәселелер шешіліп, информатиканың қыр-сырлары ашылады. Сонымен қатар, әлі шешілмеген мәселелер

тарапында қашықтықтан оқытуды тиімді пайдалансақ, біз көптеген жағымсыз жағдайлар мен қиын тақырыпты мәселелерді жеңілдетер едік. Ал білім саласындағы жаңа коммуникациялық технологиялар түсінігі компьютерлік техника және электрондық анықтамалық жүйелері мен адамның әрдайым жаңа оқыту әдістерін ізденуінен пайда болады. Оны оқыту әдіс-тәсілі уақыт талабына сай өзгеруде. Қазіргі уақытта дидактикада инновациялық оқыту кеңінен қолдануда, сондықтан қашықтан оқыту маңызды рөл атқарады.

Ақпараттық құралдарды зерделей отырып, мамандармен бірлесе отырып, қашықтықтан оқытудың әдіс-тәсілін анықтау

Қашықтықтан оқыту дың маңызы мен рөлінің пайдасын дәлеудеу

Қашықтан оқытудың білім саласындағы міндеттер бір-бірімен тығыз байланысты бола отырып, мемлекеттік (республикалық) деңгейіндегі қашықтықтан оқытудың құрамына енуі;

құру кезінде мемлекеттің стандарт талаптарын сақтау;

Қашықтықтан оқытудың жергілікті жүйесі белгілі бір білім және жекелеген қала (университет) шеңберінде жұмыс атқарады, оның құрамына тек жоғары оқу орындары ғана емес, мектептер, гимназиялар мен колледждер де кіреді. Осындай жүйенің аясында жұмыс жасаудың алғашқы сатысында зиялылық потенциалын, компьютерлік техниканы ұтымды пайдалана отырып, үздіксіз білім беру принциптерін ойдағыдай іске асыру қажет.

Осыған орай, мектептер мен жоғары оқу орындары жергілікті және аймақтық желіні пайдаланып, шығармашылық жұмыстарын таратып, оқыту үрдісінде әдістеме бойынша тәжірибе алмасуы қажет.

Зерттеу жұмысының ғылыми жаңалығы.

- Қашықтықтан оқыту маңыздылығы, қолданылу аймағының анықталуы

- Телекоммуникациялық технологияларды пайдалану, қашықтан басқару

- Қосымша ғылыми-әдістемелік әдебиеттерді зерттей отырып, қашықтан оқыту мүмкіндігін пайдаланып, өздігінен қосымша білім алуға болады деген тұжырымға өзіндік тұрғыдай ой қосуға талпыныс жасадым.

Қашықтықтан оқыту технологиясын дамыту мен тарату білім жетілдірудің бұрынғы дәстүрлі жүйесіне елеулі өзгерістер енгізілуі. Оқу ақпаратын шалғайдағы елді мекендерге жеткізуде қашықтан оқыту технологиясын қолданудың ерекше маңыздылығының бар болуы. Қашықтан оқытандардың құрамына біріншіден физикалық мүмкіндіктері шектеулі адамдар, оларды күтушілер, яғни бірыңғай үйде отыратын адамдар, денсаулығына байланысты күндізгі оқу сабақтарына қатыса алмайтын оқушылар оқи алады.

Екіншіден жоғары, арнайы оқу орындарында аз шығынмен неғұрлым көп адамдар оқыта алу. Үшіншіден адамдар тұрғылықты жерін ауыстыруына немесе өміріндегі әр түрлі өзгерістерге қарамастан білім алуды жалғастыра алады. Оқытудың ауқымды және жергілікті жүйелерін ойдағыдай пайдалана білудің нәтижесінде білімнің базалық және деректердің банкілік мәліметтеріне, клиент - сервер, мультимедиа, компьютерді оқып-үйренуші жүйелерге, электрондық оқулықтарға, оқу-әдістемелік материалдарға, қашықтықтан оқыту жүйесінің технологиясымен үйлесімді болып келетін, алдағы уақытта оқыту тәсілдерінің ішінде кең тараған бес аспап әрі өміршең түрлері бола алатындай жайлы оқулықтарға, бағдарламаларға еркін кіруге болады.

Оқыту процесінде қолданылатын жаңа әдістердің бірі қашықтан оқыту әдісі болып табылады.

Қашықтан оқытуға көптеген ғалымдар анықтама берген сол анықтамаларды жинақтай келе «Қашықтан оқыту – ақпараттық құралдар және ғылыми негізделген тәсілдер арқылы білім алу формасы. Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл-тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы» деген анықтамаға тоқталдым.

Қашықтан оқытуда екі компонент бар: оқытуды басқару және өз бетімен білім алу. Қашықтан оқыту мұғалімнің біліктілігін көтереді, оқушының өз бетімен білім алуын қалыптастырады, ата-аналардың жаңа технологияға көзқарастарын өзгертеді.

Түрлі статияларды салыстыра отырып, қашықтан оқыту – бұл әдеттегі күндіз немесе сырттай оқудан көп айырмашылығы мен артықшылығы бар оқытудың жаңа, арнайы формасы. Ол оқушы мен мұғалімнің, оқушылардың өзара қарым-қатынынасының өзгеше формасын, өзгеше оқу құралы мен әдістемені, оқытудың ұйымдастыру өзгеше түрін ұсынады. Сонымен қатар оның құрамы кез-келген оқыту формасында, кез-келген оқыту жүйесінде бар компоненттерден; оқытудың барлық түрінде, әлеуметтік қажеттілікті өтейтін мақсаттардан; оқу орнының түріне қарай қолданыстағы программаларды қамтиатын мазмұннан; әдістемелерден, ұйымдастыру формасынан, оқу құралдарынан тұрады.

Қашықтан оқыту формасының соңғы үш компоненті қолданыстағы технологиялық негіздерге (мысалы, тек компьютерлік телекоммуникацияға, баспа құралымен, компакт-дискімен, кейс-технологиямен жабыдықталған компьютерлік телекоммуникацияға) қарай айрықшаланған.

Сырттай оқу мен қашықтан оқуды шатастырмау керек. Олардың басты айырмашылығы сонда, қашықтан оқытуда жүйелі, әрі әсерлі интерактивтік оқыту қамтамасыз етіледі. Қашықтан оқытуды оқудың жаңа бір формасы деп, тиісінше қашықтан білім беруді (оқыту нәтижесі сияқты, жүйені де, процестің өзін де) білім берудің жаңа формасы деп қарастыру керек. Әрине, оны басқа оқу жүйелерінің жетілдірілген түрі деп қарауға

болмас. Қашықтан оқыту да күндізгі оқытудағыдай мазмұн мен мақсаттар негізінде құрылады. Бірақ, материалды беру түрі мен мұғалім – оқушы, оқушының өзара қатынастары басқаша болады. Қашықтан оқытудың дидактикалық принциптері де (ғылымилық, жүйелек және жүйелілік, белсенділік принциптері, дамыта оқыту, көрнекілік, оқытудың дифференциалдығы мен жекелей оқыту принциптері т.с.с) күндізгі оқытудағыдай. Бірақ, Интернеттің ақпараттық ортасының және оның қызметінің мүмкіндіктеріне байланысты, қашықтан білім беруді жүзеге асыру ерекше болады.

Осылайша, бір жағынан қашықтан оқытуды жалпы білім беру арасында (үздіксіз білім беру жүйесінде), оның кейбір жақтарының ерекшеліктерін ескере отырып қарастыру керек. Басқаша жағынан, қашықтан оқуды жүйе және процесс ретінде айыра білу керек.

Қашықтан оқыту – процесс. Қашықтан оқу – жүйе. Басқа да оқыту формалары сияқты, қашықтан оқыту да педагогикалық жобалаудың кезеңдерін, оның мазмұндық және педагогикалық құрамын (педагогикалық технология жоспарындағы әдістеме, оқыту формаларын) теориялық тұрғыда мағаналы етуді ұсынады. Бұдан шығатыны, педагогикалық жобалау кезеңінің міндеттері мыналар: электрондық курстар, электрондық оқулықтар, оқу құралдарының кешендірін құрастыру, желіде оқыту процесін ұйымдастырудың педагогикалық технологиясын жасау. Қашықтан оқыту курсы оқушы әрекетінің тиянақты және дәл жоспарлануын, ұйымдастырылуын, оқыту мақсаты мен міндетінің айқын қойылуын, оқушы мен оқытушының арасындағы интерактивтілікті қамтамасыз ететін қажетті оқу материалдарының жеткізілуін, оқушы мен оқу материалы арасында кері байланыс болуын талап етеді, топтық оқытуға жағадай жасайды. Әсерлі кері байланыстың болуы оқушының білмісіздіктен білімділікке қарай қозғалысының дұрыстығы туралы ақпарат алып отыруға мүмкіндік береді. Мотивация да кез-келген қашықтан оқыту курсының маңызды бір бөлігі. Оның көтермелеу үшін әртүрлі әдістер мен құралдарды қолдану маңызды.

ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМГЕ ЖАҢАША КӨЗҚАРАС

*Нұрсұлтан қаласы М. Дулатұлы атындағы № 68 мектеп-гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі Көшкенова Жанбота*

Білімнің бастауы, қайнар көзі – мектеп болса, келешек ұрпақтың алғашқы баспалдығы – бастауыш білім беру саласы екені баршамызға аян. Мұхтар Шаханов ағамыздың мына бір сөзі ойға оралады. «Бала жүрегі кішкентай күй сандық. Сол сандықтың кілтін тапсаң ғана ашылады. Мұғалімнің қолында үнемі сол кілт жүруі керек» дегендей, бастауыш сынып мұғалімі үнемі ізденісте болуы керек. Бүгінгі күні әлемдегі барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесіне ұмтылуда. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі экономикасының дамуына қатысты болса, ал оның дамуы мемлекет азаматтарының білімділігі мен біліктілігіне байланысты. Сондықтан білім беру жүйесін болашақтың талабына сәйкес дамыту тиіс.

Қай кезде, қай қоғамда болсын жеке тұлғаның қалыптасуы ұстаздан басталады. Білім саласындағы өзгерістер ұстаздан үлкен жауапкершілікті талап етеді. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін өзінің ұстаздық ғұмырын арнайтын мамандар ғана сапалы да, жемісті еңбек ете алады деп ойлаймын.

Жаңартылған білім беру бағдарламасы оқушының сөйлеу әрекетінің төрт түрін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды жетілдіруге бағытталған. Қарапайымнан күрделіге қарай, бірте-бірте білім, білік пен дағдылары кеңейтіліп қалыптасады. Оқу мақсаттары оқушылардың зерттеу дағдыларын, қарапайым бақылауға тәжірибе арқылы білімі қалыптасуына, алған білімін қайта өмірде қолдана білуіне бағытталған. Оқушы бойында әлеуметтік дағдылар, жалпы білімнің іргетасы, танымдық белсенділігі, жүйелі оқу әрекетінің қалыптасуына көңіл бөлінген.

Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді, қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АҚТ-ны қолдану, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу, функционалды сауаттылықты, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді қолдана білу.

Жаңа оқулықтарда берілген тапсырмалар мәтінді оқу, оның мазмұнын айтумен ғана шектелмей, мәтінге қатысты өзі сұрақтар құрастыруына, себебін анықтауына, болжам жасау мен өзіндік бағалауына, сұраққа жауап болатын ақпаратты дереккөздерден табу ретін білуіне, жаман мен жақсыны айыра білуіне жетелейді.

Бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырап, критериалдық бағалау жүйесіне өтеді. Критериалды бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдың ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы – баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім

арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Қорыта айтқанда, аталмыш бағдарламаның мәні, баланың функционалды сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде қажетке асыра білуі керек. Сол үшін де бұл жаңартылған білім мазмұнының негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектенуі керек. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады. Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп.

Қазақстан 2030 стратегиялық бағдарламасы білім берудің ұлттық моделінің қалыптасуымен және Қазақстанның білім беру жүйесін әлемдік білім беру кеңестігіне кіріктірумен сипатталады. Қазіргі таңда қазақ тілі – мемлекеттік, қарым-қатынас тілі – орыс тілі және ағылшын тілі – әлемдік кеңістікті тану тілін оқытуда жаңа идеяларды әр сабақта жан-жақты қолданып, жаңаша оқытудың тиімді жолдарын тауып, жүйелі түрде қолдану – заман талабы болып отыр. Оқытудың парадигмасы өзгерді. Білім берудің мазмұны жаңарып, жаңаша көзқарас пайда болды. осыған байланысты ұстаздар алдында оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жаңартып отыру және технологияларды меңгеру, оны тиімді қолдана білу міндеті тұр. Мемлекетіміздің білім беру үдерісіне енген жаңартылған білім беру бағдарламасы – заман талабына сай, келешек ұрпақтың сұранысын қанағаттандыратын тың бағдарлама.

Қай елдің болсын өсіп-өркендеуі, ғаламдық дүниеде өзіндік орын алуы, оның ұлттық білім жүйесінің деңгейіне, даму бағытына байланысты. «Ұрпағы білімді халықтың болашағы бұлшығыр болмайды» дегендей, жас ұрпаққа сапалы, мән-мағыналы, өнегелі тәрбие мен білім беру – бүгінгі күннің басты талабы.

Мұғалімнің алдында оқушыларға білім мен тәрбие беруде үлкен жауапкершілік тұр. Әрбір оқушыны оқытып тәрбиелеуге байланысты мәселелерді өздігімен және шығармашылық ынтамен шешуге қабілетті жаңашыл мұғалім керек. Жаңа, тез өзгермелі, білімді де білікті, тың серпіліске, өзгеруге дайын және жаңа талап межесінен коріне алатын шығармашыл да кәсіби шебер мұғалімдерді қажет етіп отырғанына көзіміз жетті. Оқушылардың мектепте табысты оқуы ғана емес, өмірде де табысты болуы мұғалімнің қабілетіне, оның құзыреттілігіне байланысты екенін терең түсіндік. Мұғалім оқушылар үшін қандай да бір пән бойынша білім беретін адам ғана емес, сондай-ақ олардың оқудағы еңбегін қызықты, тиімді ұйымдастыра алатын, оларға үлгі болатын ерекше тұлға болуы керек. Жаңа заман мұғалімнен күнделікті оқушылармен қарым-қатынас барысында әрбір жағдаят үстінде ерекше білім деңгейін көрсетуде және шығармашыл шешім қабылдай алуын талап етіп отыр. Оны қанағаттандыру үшін қазіргі заманның мұғалімі жаңашыл, икемді, өзгерісті тез қабылдай алатын, жан-жақты, жаңа педагогикалық инновациялық технологияларды меңгерген болуы керек.

Соңғы жылдары педагогикалық теорияда және оқу-тәрбие үдерісінде өзгерістер болып жатыр. Білім берудегі жаңғырту мен инновациялық үрдістердің жалғасуына ықпал етудің маңызды факторының бірі – мұғалімнің кәсіби шеберлігі. «Кәсіби шебер» түсінігіне пәндік, дидактикалық, әдістемелік, психология-педагогикалық білім мен дағды ғана емес, педагогтің жеке тұлғалық потенциалы, кәсіби құндылықтары жатады. Білім мазмұның жаңарту тікелей шығармашылық ізденістегі мұғалімнің кәсіби шеберлігіне байланысты. «Мұғалім көп әдісті білуге тырысуы керек. Оны өзіне сүйеніш, қолғабыс нәрсе есебінде қолдануы керек»-деп Ахмет Байтұрсынов айтқандай, қазіргі заман талабына сай білім беру мәселесі сол қоғам мүддесіне сай болуы керек. Өз ісінің шебері ғана жоғары жетістіктерге жетеді.

Қазіргі таңда пәнді жақсы, терең білетін, күнделікті сабақтағы тақырыпты толық қамтитын, оны оқушыға жеткізе алатын, әр түрлі деңгейдегі тапсырмаларды білу іскерлігі, оқытудың дәстүрлі және ғылыми жетілдірілген әдіс-амалдарын, құралдарын еркін меңгеретін, оқушылардың пәнге қызығушылығын арттыра отырып дарындылығын дамытудағы іздену-зерттеу бағытындағы тапсырмалар жүйесін ұсыну өмір талабы. Ал, оның негізі бастауыш сыныптарда қаланбақ. Сондықтан да бастауыш сыныпта әр сабаққа әр түрлі тиімді әдіс-тәсілдерді қолдана отырып, оқушылардың білім сапасын арттыру ең басты мәселе.

Білім беру бағдарламасының негізгі мақсаты – білім мазмұнының жаңаруымен қатар, критериялды бағалау жүйесін енгізу және оқытудың әдіс-тәсілдері мен әр түрлі құралдары қолданудың тиімділігін арттыруды талап етеді. Бастауын сынып пәндеріне арналған оқу бағдарламаларындағы оқу мақсаттары оқушылардың шынайы проблемаларды анықтап зерттей білуді талап етеді.

Негізінен жаңартылған білім жүйесі құзыреттілікке және сапаға бағытталған бағдарлама. Жаңартылған білім берудің маңыздылығы – оқушы тұлғасының үйлесімді қолайлы білім беру ортасын құра отырып сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, тәжірибе жасау, АКТ-ны қолдану, коммуникативті қарым-қатынасқа түсу, жеке, жұппен, топта жұмыс жасай білу. Жаңа білім беру бағдарламасы – сыни тұрғыдан

ойлауға, шығармашылықты қолдана білуді және оны тиімді жүзеге асыру үшін қажетті тиімді оқыту әдіс-тәсілдерді (бірлескен оқу, модельдеу, бағалау жүйесі, бағалаудың тиімді стратегиялары) үйретеді.

Бағалау жүйесі де өзгеріске ұшырап, критериялық бағалау жүйесіне өтеді. Критериялық бағалау кезінде оқушылардың үлгерімі алдын ала белгіленген критерийлердің нақты жиынтығымен өлшенеді. Оқушылардың пән бойынша үлгерімі екі тәсілмен бағаланады: қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау. Бұл бағалау түрлері баланың жан-жақты ізденуіне ынталандырады. Критериялық бағалау жүйесі Филиппин, Сингапур, Жапония, Франция, Финляндия сынды дамыған елдерде пайдаланылады. Бұл бағалау жүйесінің артықшылығы, баланың ойлау қабілетін дамытып, ғылыммен айналысуына ықыласын туғызады. Қалыптастырушы бағалау күнделікті оқыту мен оқу үдерісінің ажырамас бөлігі болып табылады және тоқсан бойы жүйелі түрде өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау үздіксіз жүргізіле отырып, оқушылар мен мұғалім арасындағы кері байланысты қамтамасыз етеді және балл не баға қоймастан оқу үдерісін түзетіп отыруға мүмкіндік береді. Жиынтық бағалау оқу бағдарламасының бөлімдерін (ортақ тақырыптарын және белгілі бір оқу кезеңін (тоқсан, оқу жылы, орта білім деңгейі) аяқтаған оқушының үлгерімі туралы ақпарат алу мақсатында балл және баға қою арқылы өткізіледі. Қалыптастырушы бағалау және жиынтық бағалау барлық пәндер бойынша қолданылады.

Бүгінгі күні барлық елдер жоғары сапалы білім жүйесімен жұмыс істеуде. Өйткені қазіргі заманда елдің бәсекеге қабілеттілігі оның азаматтарының парасаттылығымен анықталады, сондықтан білім беру жүйесі болашақтың талабына сәйкес дамуы тиіс оқушыларды заманауи әдіс-тәсілдермен оқытып, ой-өрісі кең, саналы, еркін азамат етіп тәрбиелеу қажеттілігі де осы себептен туындап отыр.

Қорыта айтқанда, жаңа бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Сол үшін де бұл бағдарламаның негізі «Өмірмен байланыс» ұғымына құрылған. Ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған оқу бағдарламасы аясында тек өз пәнін, өз мамандығын шексіз сүйетін, бала үшін ұстаз ғұмырын құдіретті деп санайтын білімді мұғалімдер ғана жұмыс істей алады.

Үйренгеніміз де, үйренеріміз де көп, «Егер сен болашақтағы өзгерісті байқағын келсе, сол өзгерісті уақытында жаса» деген ілімін негізге ала отырып, оқушы бойындағы қабілетті жетілдіріп, оқушыларды болашаққа жетеклеп, жақсы істі бастағалы отырмыз.

МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ ТОПТАРЫНЫҢ СӨЙЛЕУ ҚАБІЛЕТТЕРІН ДАМУЫ

*Жамбыл облысы Талас ауданы Қаратау қаласы
«Үміт» мектеп – интернатының тәрбиешісі
Конақбаева Перизат Лесбековна*

Егемен еліміздің келешегі үшін дені сау, рухы биік жеке тұлғаны мектепке дейінгі кезеңнен қалыптастыру бүгінгі таңғы өзекті мәселелері болып отыр. Бүгінгі мектеп қабырғасында жүрген оқушылар еліміздің ертеңі, ұлтымыздың болашағы екені даусыз. Баланың ақыл-ойын жүйелеу, ойлау, қабілетін жетілдіру, дәлдікке үйрету, шындыққа тәрбиелеу мақсатында сауаттылыққа баулу-бүгінгі күн талабы.

Шығыстың ұлы ойшылы Әбу Насыр Әл-Фараби өзінің «Бақыт жолында» атты философиялық шығармасында адамның танымын дамыту арқылы ғана оны бақыт жолына жетуге болатындығына тоқталса, : Ағартушы ұстаз Ы.Алтынсарин өзінің көптеген еңбектерінде таным әрекетінің негізгі-оқу, білім деп тұжырымдайды. Мектепте даярлық топ балаларының ойын арқылы сөздік қорларын дамыта отырып, шығармашылық жұмыстар жүргізу, тіл дамытудың тың жолдарынан іздену, айқындау. Осы мақсатта ұлттық ойынды қолданғанда оқушылардың тілі ширайды, ойы дамиды, зейінділікті, ұстамдылықты, ойлылықты бағдарлай біледі.

Ойынның сабақ барысында басты мақсаты – білім беруді ойынмен ұштастыру. Баланың ойынға белсенді түрде қатысуы оның ұжымдағы басқа да әрекеттерін айқындайды. Ойын бір қарағанда қарапайым құбылыс не әрекет сияқты болғанымен, ол ұжымдық әрекет. Ойын арқылы оқушы неге үйренеді?

- Қисынды ой-қабілетін дамытады
- Өздігінен жұмыс істеуге үйренеді
- Сөздік қоры байыды, тілі дамиды
- Зейіні қалыптасады

- Байқампаздығы артады
- Өзара сыйластыққа үйретеді
- Ойынның ережесін бұзбау, яғни, тәртіптілікке баулиды
- Бір-біріне деген оқушы сенімі артады достыққа, ынтымақтастыққа баулиды

Сабаққа қызығушылығы артады. Мысалы; Қай сөз артық? деген ойынын ойнауда артық сөзді табу ақ, қара, сары, тауық. Сонымен бірге допты лақтыру арқылы «жабайы аңдардың атарын ата ойлай отырып ойынды айт ойыны айнааламен танысу тіл дамыту сабақтарында көп қолданамын мысалы сипап сезу арқылы затты сипаттау және не екенін табу. Вен диаграммасын құру көкініс пен жемісті тап олардың екеуі де ортақ ағзаға пайдасы мол.

Қарапайым математикалық сабақтарында айтылатын нәрсенің, әңгіменің логикалық жүйесін құру білігін қалыптастыру: әңгімені неден бастайтынын анықтау, оны немен аяқтау, бір ойдан келесі ойға бірізділікпен өту; мысалы слайдтан толассыз сұрақтар қою арқылы суретпен қарапайым математиканы байланыстыра әңгімету және есептер құратуға тырысамын.

Балалардың сөздік қорымен жұмыс жасау көркем әдебиет тіл дамыту сауат ашу сабақтарында жұмбақ . жаңылтпаштар айту мақал мәтелдер қарама қарсы сөздер жаңа сөздер мен ұғымдарды синонимдерді, антонимдерді игеру, кітап суреттерімен және көркем әдебиет тілімен танысу шығармадағы жағымды жағымсыз кейіпкер туралы әңгімелегенде, жақсылықтың жамандықты жеңгені сол кейіпкердің орнында өзің болсаң қайтер едің деген сияқты қызықтыратын жетекші сұрақтар қоя отырып ой –қиялын логикалық дұрыс жүйелеп шығармашылықпен әңгіме айта білуге жаттықтырамын.

Сөйлеудің дыбыстық жағын дамыту: дыбысты таза айту, дауыстың ырғағы мен күшін реттеу, мәнерлік, фонематикалық есту. Дауыс ырғағын келтіріп дыбыстарды анық айтуға тіл сындыру жаттығу ойындары ит қалай ырылдайды, ара қайтеді. жылан қайтеді. р дыбысын айта алмайтын балаларға ра ра рар келді ұшып ара тағы басқа.. Балаларды ауызша және схемалық жазбаша сөйлеуден сөйлемдерді анықтауға үйрету, берілген сөздерден сөйлем құрау, сөздерді буынға бөлу, балаларды сөздің дыбыстық құрылымымен танысады. немесе әріпке суретті қос .суреттке- суретті қос деген сияқты ребустар шешу суреттегі жануарға немесе затқа дыбыстық талдаулар жасау .слайд Бала заттың бейнесін ғана емес, оның қимыл-қозғалыстары туралы да ойлайды Бейнелі ойлау – б жасар бала ойлауының негізгі түрі. Бала бойына ерекше әсер етіп тұрткі болатын айналадағы өлі және тірі табиғаттардың сан түрлі құбылыстары. К.Д. Ушинский – баланы табиғатпен жастай таныстыра дамыту, оның өзіндік логикалық ойын, сөз қорының, санасының жетілуіне әсері мол екенін көрсеткен.

Логикалық ойдың, пікірдің дамуы баланың келешекте рухының жоғары болуына, батыл пікір, нақты шешім айтуына және оны дәлелдеп беруге жетелейді. Сондай-ақ, кімде-кім баланың тіл қабілетін дамытқысы келсе, ең алдымен оның ой қабілетін дамытуы тиіс, - деп көрсетеді

Сондықтан да педагогикада бала ойынына ерекше мән беріледі, өйткені ойын үстінде қалыптасатын балалық шақтың түйсігі мен әсері адамның көңіліне өмірбақи өшпестей із қалдырады. Бала ойын арқылы өзін толқытқан қуанышын немесе ренішін, асқақ арманын, мұрат-мүддесін бейнелесе, күні ертең сол арман қиялын өмірде жүзеге асыруға мүмкіндік алады. Сөйтіп бүгінгі ойын, бейнелі әрекет ертеңгі шындық ақиқатқа айналатын кезі аз емес. Ойын мектеп жасына дейінгі баланың жеке басының дамуына игі ықпал ететін жетекші, басты құбылыстың бірі деуге болады. Бала ойын арқылы өзінің күш-жігерін жаттықтырады, қоршаған орта мен құбылыстарды ақиқат сырын ұғынып, еңбек дағдысына үйрене бастайды. Былайша айтқанда болашақ қайраткердің тәрбие жолы, тәлімдік өнегесі ойыннан бастап өрбиді.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту сөйлеуге үйрету, даярлық топқа арналған бағдарлама мазмұнына сәйкес педагогикалық – дидактикалық принциптерді басшылыққа алып жүргізіледі. Даярлық топтағы балалар мектепте оқуға ой еңбегіне дайындалатын болғандықтан баланың сөздік қорын молайтып қана қоймай, әр сөздің мағынасын дұрыс түсініп қолдана білуге үйрету көзделеді. Балаларға антоним көркем сөздерді қолдана білуге үйретуді қамтиды.

Тіл дамыту сабақтарында сөздік қорды молайту тіл дыбыстарын дұрыс айтуға үйрету, тілдің грамматикалық жағын қалыптастыруды қамтиды.

Мұғалім сабақ жоспарын жасағанда сабақтың мақсатын өтілетін материалдық сипатын ескере отырып, әрбір сабақта төмендегідей 3 - 4 міндетті көрсетуге тиісті.

1. Сөздің дыбыстық жағын меңгерту, дыбыстарды дұрыс айтуға төселдіру.
2. Сөздік қорды молайту (сөз саны 4 – 5-тен аспауы тиіс) үйренген сөздерді пайдалану.
3. Байланыстырып сөйлеуге үйрету. Даярлық топтардағы тіл дамыту сабақтарының негізгі мақсаты – балалардың байланыстыра сөйлеуін жетілдіру.

Сөздік қорды байыту - айналадағы өмірмен таныстыру. Шығарма оқу, есеп, сурет т. б сабақтары мен тіл дамыту кезінде жүргізілетін әр түрлі жаттығулар барысында да іске асырылады.

Кейбір балалардың әсіресе үйден келгендіктен сөз ішіндегі кейбір дыбыстардың айтылуын, артикуляциясын дұрыс қолдана білмейтіні де кездеседі. Ондай балалардың көпшілігі р, л, с, ш, з, ж

дыбыстарын алмастырып айтатыны байқалады. Қатаң, ұяң, үнді дыбыстарды айтуға қиналады. Сондықтан даярлық топта сөздің дыбыстық жағын қалыптастырудағы, ең алдымен сөздің дыбысталуын дұрыс айтуды жетілдіруге үнемі назар аударылып отыруы тиіс. Ол үшін сөз ішіндегі дыбыстарды дұрыс анық айту, үн, дауыс қарқынын қалыптастыру басты мақсат болып табылады.

Сөзді дұрыс естіп, сөз дыбыстарын өзгертпей қайталауға, сөйлескенде асып - саспай үн ырғағын өзгерте отырып, анық, ашық айтуға үйретіледі. Сонымен қатар тіл мүкістігі бар балармен жек жұмыс істеуді мұқият ескерген жөн. Сауат ашу сабақтарында сөздің дыбыстық құрамына талдау жасату, ойындар өткізу. Мысалы «Телефон» ойыны. Даярлық топтағы оқушыларға ұқсас с - ш, з - ж дыбыстарын ажырата білуге жаттықтыру. Аталған дыбыстарға жиі қатысатын өлең, тақпақ, жаңылтпаш айтқызу.

Мысалы: Тау дәу болады, дәу тау болады.

Бір топ сөзден тек қана с, ш, з естілетін сөзді табу(сәбіз, сағыз, жалау, жүзім, жүгері) басталатын сөздер ойлап табу. Әріпке байланысты жұмақтар шешкізу

Жанында жаздың шуағы,

Жаңбырмен жүзін жуады.

Екі орақ пен бір таяқ

Белін бірге буады.

Ол қандай әріп болады?

Ал зердеге салайық,

Болады екен қай әріп? (Ж ж)

Бақылау жұмысын жүргізу. 13 - 14 сөз жатқа жазу. Суреттің атын өздігінен жазып көрсету болып табылады. Осындай жұмыстардың нәтижесі мектепалды даярлық топ балаларының сөйлеу қабілетін дамытары сөзсіз.

* * * * *

«ТӘУЕЛСІЗДІК ДЕП СОҒАДЫ ЖҮРЕГІМІЗ»

*Алматы қаласы, Алатау ауданы, Ұлжан-1 № 152 мектеп - гимназия
Бастауыш сынып мұғалімі Суатбаева Венера Тынышбаевна*

Тәуелсіздік – кез келген адамның, ұлттың, халықтың, елдің еркіндігі. Өзінің алдында дербестігі. Тәуелсіздік – сіздің тыныстап отырған, еркін әрі бақытты күн кешіп жатқан Отаныңыз. Әлемде екі жүзге тарта тәуелсіз мемлекет бар. Олардың өзі тілі, діні, ділі, салты мен дәстүрі, ғұрпы, мәдениеті дамыған. Оған қоса ішкі және сыртқы экономикасы да қалыптасқан.

Қазақстан – өз әнұраны, елтаңбасы, көк байрағы мен ұстанымы бар зайырлы мемлекет. ТМД елдері арасында тәуелсіздігін 1991 жылы 16 желтоқсанда жариялаған күннен бастап бұл елдің өз халқы, өзіне тән ұлты мен тілі бар. Тәуелсіздік не үшін киелі ұғым?

Тарихтың тереңіне үңіліп, әрбір тас бетінде қалған таңбаларға қарап бабаларымыз жасап келе жатқан дәуірлердің есебінде кеткен шайқастар, аштық, жау тылында қалған жұрттың әрбір қаны мен көз жасына қарап тәуелсіздіктің қандай керемет ұғым екенін сезінесіз. Біз бейбіт елдің ұрпағымыз, біз еркін елдің ұландарымыз. Бірақ бізге дейінгі осынау ұлан-байтақ жерді, елді аманаттап келе жатқан батырлар мен ұлы тұлғалардың төккен тері өз алдында бір төбе.

«Кие» деген сөздің өзі үлкен мәнге ие. Оның астарында тоғысып кететін бүкіл бір тағдырдың тауқыметі мен қасиеті жатыр. Сондықтан да еркіндікті аңсап өткен хандарымыз үшін, біз үшін тәуелсіздікке баға жетпейді.

Елдің еркіндігін аңсау бар, оған жету бар және оны ұстап қалу деген жауапкершілік бар. Үш түрлі кезеңнің үш түрлі тарихы бар. Біз дәл осы кезеңнің үшіншісіндеміз. Яғни, келешекке бастаушы, келешекті жасаушы ұрпақпыз. Ендеше қолда бар алтынның қадірін білу оны келесі бір дәуірге аманаттау және жеткізу – мойнымыздағы парыз.

Біздің Отанымыз – әлемнің дуалы ауыз саясаткерлері, өркениет төріндегі мемлекеттердің басшылары, көрнекті қоғам қайраткерлері жиі-жиі бас қосатын сыйлы да беделді шаңыраққа айналды. Мұның бәрі, ең алдымен, Ұлт көшбасшысы Н.Ә.Назарбаев ұстанып отырған сындарлы саясаттың нақты жемісі. Елбасымыз әлемді таңғалдырған ел жетістіктерінің астарын «Қазақ халқы сан ғасырлар бойы өзінің егемендігі мен тәуелсіздігі үшін күресіп келді. Өзінің ең жақсы қасиеттерінің: қатер төнген сәтте бірігіп, ұйымдаса білуінің, сондай-ақ басқа халықтармен бейбітшілік, келісім мен тату көршілік жағдайында тұруға деген ынта-ықыласының арқасында ол тарих тасқынының астында қалып қоймай, өзінің мемлекеттігін қалпына келтіре алды» деп ашып берді.

Халқымызға ғасырлар бойғы арман болған тәуелсіздік, егемендік ұстанымдарын биікке көтеретін бұл күн – біздің Отанымыздың әрбір азаматы үшін қастерлі мереке. Азаттық аңсаған елдің сан ғасырлық мақсаты орындалды. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заң қабылданды. Елдіктің, мемлекеттіліктің барлық нышандары, белгілері орнықты. Кейбір сарапшылар «тәуелсіздік бізге Алланың берген сыйы», «егемендік оңай уысқа түсті» дегенді айтып жатады. Иә, біз өткен ғасыр соңында Кеңес Одағы аумағында орын алған дағдарыс жағдайында тәуелсіздікке ие болдық. Алайда, оған жету үшін ғасырлар бойы қаншама күрестер жүрді. Сансыз қан төгілді. Елім деп еңіреген әрбір қазақ елдіктің жайын, ел болудың қамын ешқашан ұмытпады. Сондықтан, Тәуелсіздік халқымыз үшін тосыннан пайда бола қалған үлес те, сый да емес. Тәуелсіздік ғасырлар бойы толастамаған айқастың, елім деп еңіреген ерлердің қаны арқылы келген жеңіс. Сонау ғасырлар қойнауының қатпар-қатпар белесінен келген тарихтан – өз жерін жау табанына бастырмау, ұлын құл, қызын күң етуге жол бермеу, батырлық ержүректік, жауына қаталдық, досына адалдық, ұлтымыздың жауынгерлік үлгісі бізге аманат болып жеткен. Дегенмен, әлемнің тоғызыншы территориясын сақтап қалып отырған қазақтың бойындағы қандай күш? Әр кезеңде орын алған қиын-қыстаудан жол тауып шығуға қанат бітірген қандай құдірет деген сұрақтар туындайды. Ең алдымен, осының бәрі ұлттың асқақ рухының арқасы! Рухы биік халық қиынға қайыспады, ауырға мойымады. Қазақ халқы үшін ежелден «Азаттық», «Бостандық» ұғымдарының маңызы тіптен бөлек. Талай соғыс, зұлмат, нәубет кезеңдер болды. Жүз жылға созылған Жоңғар шапқыншылығы кезінде Жәңгір, Тәуке, Абылай хандардың басшылығымен ат үстінде ұйықтауға мәжбүр болған қазақ батырлары соңғы демі қалғанша жаумен жұлқысты. Халқымыз «ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұлама» заманында да мойымады, болашаққа деген үмітін жоғалтпады. Азаттық қазақтың ежелгі арманы еді. Түлкі бұлаң тарихтың нешеме бұрылысында ел азаттығы үшін талай тарланның тақымының тері кеппеді. Бертін келе атасы Абылайдан қалған Ақ туды қолына алған қазақтың соңғы ханы Кенесары халқын бодандық қамытынан құтқару үшін атқа қонды. Бостан күндер бастан ауып, бодан күндер басқа түскен кер заманда да еркіндік пен елдіктен ешуақытта үмітін үзбеді. Кенесары азаттық үшін күресте айрықша қылыш сермеді. Ондаған жылдар бойы жау қолынан қаза тапқанша рухы асқақ есіл ер арыстандай арпалысты. «Ер қонысынан айырылса, ел ырысынан айрылады» дейді дана халқымыз.

Өткен ғасыр басында Ресейдің бодауына түсіп, санасы сарсылған, ерік-жігері жаншылған қазақ халқын дербес ел етуге ұмтылған Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш арыстары басын бәйгеге тікті. Қазақтың басын біріктіріп ерікті ел болуын көксеп, бойларындағы бар қасиетін, ақыл-ойын, өнер-білімін, жігер-қайратын, бүкіл саналы өмірін қазақ халқы мен алашқа арнаған халқымыздың нар тұлғалары ақтық демі қалғанша тәуелсіздік үшін күресті, өздерінің жандарын ұлы күресте құрбан қылып, бүгінгі егемен елдің негізін қалауға өз үлестерін қосты. Олар келер ұрпаққа қиыннан қиып жол салып, еркіндіктің отын өшпестей тұтатып кетті. Елбасы Н.Назарбаевтың «Алаштың» басты мақсаты – қазақ қоғамын бірте-бірте өзгертіп, заманға бейімдеу еді. Бұл біздің жедел жаңғыру, яғни модернизация бағытымызға да сай келеді... Алаш арыстары бізге мемлекеттік идеясын ту етіп көтеруді табыстап кетті... Алаштың асыл аманаты бізге тарихи-мәдени бірегейлігімізді, қарапайым тілмен айтсақ, қазақы қалпымызды қасиеттеп сақтауға міндеттейді. Алаштың асыл аманаты бізді ауызбірлігімізді күшейтуге шақырады» деген сөзі Алаш арыстары атқарып кеткен еңбектің мән-мазмұнын айқын көрсетіп отыр. Халқын, өз ұлтын жан-тәнімен сүйген, елді еркіндікке жеткізем деп арпалысқан Алаш көсемдерінің саналы ғұмыры бүгінгі ұрпаққа үлгі-өнеге.

«САМОПОЗНАНИЕ» ДЛЯ ДОШКОЛЬНИКОВ

Город Шымкент Ясли сад 20 «Казына»

воспитатель дошкольной группы Бейсенбаева Айнагул Бекмуратовна

Современная педагогика ставит одной из приоритетных задач воспитание ребенка на основе познания общечеловеческих ценностей, многовековой народной мудрости. Надо помочь детям раскрыть природные способности, чтобы они могли развить в себе лучшие качества, найти свое призвание, свое место в жизни.

Реализация проекта по нравственно-духовному образованию «Самопознание», автором которого является Первая Леди Республики Казахстан Сара Алпыс кызы, - одно из практических решений этой задачи. Программа продолжает традиции гуманной педагогики, равноправного и творческого сотрудничества взрослых и детей. Она основана на возрождении общечеловеческих ценностей через систему образования, включая все уровни - дошкольный, школьный, вузовский. Детей с малых лет учат человеколюбию, позитивному восприятию мира, познанию самих себя. Образование служит интересам личности и общества и играет важнейшую роль в формировании, гармоничном развитии ребенка.

Академик Шалва Амонашвили в трактате «Школа Жизни» объясняет значение образования как процесс питания, облагораживания души и сердца ребенка всеми лучшими, возвышающими и одухотворяющими потоками человеческой культуры и цивилизации, обогащение его духовного мира.

В основе гуманной педагогики, прежде всего, раскрытие внутреннего мира ребенка через общение, которое несет детям радость жизни, способствует развитию свободной, творческой, самостоятельной личности.

Программа нравственно-духовного образования «Самопознание» помогает ребенку понять себя, раскрыть свои способности, сохранять свое достоинство, чтобы в любой ситуации оставаться Человеком в высшем смысле этого слова.

Гармоничное и всестороннее развитие детей с малых лет -это возможность жить нравственно, духовно, в любви, в согласии с окружающим миром, так, чтобы было меньше ошибок, страданий, насилия; чтобы в жизни было больше радости, творчества, инициативы.

Известный педагог В.А.Сухомлинский отмечал, что детство -это «важнейший период человеческой жизни, не подготовка к будущей жизни, а настоящая, яркая, самобытная, неповторимая жизнь. И от того, как прошло детство, кто вел ребенка за руку в детские годы, что вошло в его разум и сердце из окружающего мира, - от этого в решающей степени зависит, каким человеком станет сегодняшний малыш».

Актуальные вопросы нравственно-духовного образования детей в возрасте от 5 до 7 лет нашли отражение в экспериментальной программе «Самопознание». Ее цель — познакомить дошкольников с общечеловеческими ценностями, научить строить добрые взаимоотношения между взрослыми и детьми, сформировать интерес к восприятию, осмыслению, познанию самих себя и этого мира, чтобы жить в нем с любовью и радостью, чтобы совершать хорошие поступки, творить добрые дела. «Самопознание» - это не только знание о себе, а осознание себя как Человека.

В дошкольном возрасте закладываются основы общей культуры и формируются основные черты характера, создаются осознанные представления о таких понятиях, как добро и зло. Дошкольники способны воспринимать и усваивать нравственно-духовные ценности: дружбу и любовь, справедливость, взаимопомощь, доверие, доброту, честность, трудолюбие.

У них развивается познавательная активность, закрепляются навыки дружелюбного отношения к близким, знакомым людям, к миру и к самому себе. В этом возрасте дети знают некоторые правила поведения и стремятся их выполнять, проявляют искренний интерес к познанию всего, что их окружает, к взаимоотношениям в детском коллективе, в семье. В этот период у них развиваются представления о хорошем человеке: его мыслях, желаниях, поступках. Однако для становления личности ребенка недостаточно одних лишь знаний и представлений. Поэтому в экспериментальной образовательной программе «Самопознание» серьезное внимание уделяется игровой деятельности детей, обучению их правильным действиям, хорошим, нравственным поступкам в различных жизненных ситуациях. Ссоры при общении, которые, порой, возникают у дошкольников, можно предотвратить, если научить их позитивному восприятию мира, доброжелательным отношениям с ровесниками и взрослыми.

С 2000 года Министерство образования и науки Республики Казахстан проводит эксперимент по введению предмета «Самопознание» в детских садах, школах и вузах страны.

С 2003 года экспериментальная программа нравственно-духовного образования осуществляется по единому тематическому плану для всех уровней образования. Такой подход позволяет учитывать возрастные особенности детей.

Программа предмета «Самопознание» для дошкольников представлена двумя ступенями: для старшей группы детского сада - «Здравствуй, Человек!» и для предшкольной группы детского сада или предшкольного класса - «Здравствуй, мир!»

Экспериментальная программа основана на принципах гуманной педагогики и личностно-ориентированного обучения.

В старшем дошкольном возрасте дети активно включаются в коллективную деятельность, они все отчетливее понимают свое место в социальных группах: в семье, среди сверстников. Поэтому важно на этом этапе обучить детей доброжелательному общению, хорошему поведению, пробудить в детском сознании стремление жить в мире и согласии.

Обучение дошкольников самопознанию в этот период ориентировано на развитие и совершенствование их мыслительной деятельности, на создание положительного эмоционального восприятия мира. Программа «Самопознание» реализует важнейший принцип гуманной педагогики - диалог взрослого и ребенка.

«Самопознание», по сути, является интегрированным предметом и формирует позитивное отношение ребенка к миру, предоставляет ему возможность обрести практические навыки, закрепить полученные знания в жизненных ситуациях.

«Самопознание» помогает сформировать у детей первичные жизненно-значимые представления и практические умения в сфере нравственно-духовного опыта.

Основной целью программы «Здравствуй, мир!» является приобщение детей дошкольного возраста к общечеловеческим ценностям, к современной культуре поведения, что поможет регулировать взаимоотношения между людьми, между человеком и окружающим миром, а также поможет осознанию своего уникального «Я». «Самопознание» способствует воспитанию в ребенке хорошего, доброго, отзывчивого, неравнодушного человека через раскрытие его личностных качеств. Важно, чтобы дети не только усвоили определенный объем знаний, но и применяли эти знания в повседневной жизни.

Через обучение ценностям у детей складывается определенное, нравственно-духовное мировоззрение. Они учатся осознанно смотреть на мир, на людей, живущих и действующих в этом мире, на самих себя; они учатся нравственно оценивать свои действия, а также поступки других людей.

Задачи программы предполагают:

- знакомить детей с нравственно-духовными ценностями;
- формировать у детей общие представления о человеке, о взаимоотношениях между людьми, о нормах доброжелательного общения со взрослыми и сверстниками;
- развивать у детей нравственно-духовные представления о человеческих качествах: доброте, взаимопомощи, любви, дружбе, правдивости;
- прививать детям умения созидательной, творческой деятельности — как самостоятельной, так и совместной, в группах со сверстниками и в семье.

В целом содержание программы «Самопознание» для пред-школьной группы детского сада и предшкольного класса «Здравствуй, мир!» направлено на:

- благополучное эмоциональное восприятие мира детьми;
- гармоничное развитие детей, укрепление их физического и психического здоровья;
- осуществление тесного взаимодействия воспитателей с родителями, с членами семьи.

Разделы программы состоят из циклов тематических занятий, которые по своему содержанию и методике соответствуют возрастным и психофизическим особенностям детей дошкольных групп и классов.

Занятия по самопознанию должны соответствовать принципам работы с дошкольниками 5-7 лет. На занятиях необходимо:

- создавать ситуации для осознанного, нравственного выбора поступков ребенка и развития творческой инициативы;
- предусматривать двигательную активность детей;
- создавать условия, при которых ребенок научится выражать свое мнение при общении с детьми и взрослыми;
- создавать атмосферу дружелюбного диалога между детьми, воспитателями и детьми.

Желательно, чтобы педагоги трудились в содружестве с детскими психологами и поддерживали связь с родителями. Важно учитывать такие факторы, как эмоциональность детского мироощущения, способность детей жить, творить «здесь и сейчас», неподдельность и пристальный интерес детского мировосприятия; склонность к подражанию старшим, следование авторитету

в образцах поведения.

Воспитателям, учителям следует всегда помнить о том, что они соприкасаются с тонким, внутренним миром ребенка, требующим особой деликатности, как со стороны взрослых, так и со стороны детей. Поэтому педагогам необходимо создавать атмосферу доброжелательности, уверенности и позитивного настроения на занятиях по предмету «Самопознание».

Учебно-методический комплекс программы нравственно-духовного образования «Самопознание» для детей дошколь-ных групп и классов «Здравствуй, мир!» состоит из методического пособия для воспитателя, учителя, хрестоматии, альбома для раскрашивания, комплекта дидактических материалов. Все компоненты УМК являются взаимосвязанными и используются на занятиях в детском саду, школе и дома.

Изучению программы «Здравствуй, мир!» в дошкольной группе или дошкольном классе отводится 32 часа. Материал систематизирован в соответствующих разделах:

1. «Мир любви и добрых чувств» - 9 часов
2. «Счастливый человек» - 7 часов
3. «Доброе сердце» - 6 часов
4. «Мир природы» - 5 часов
5. «Здравствуй, страна!» - 5 часов

В старшей группе детского сада система ценностей предмета «Самопознание» была представлена в названиях разделов такими понятиями, как «человек», «семья», «друзья», «природа» и Родина. В дошкольной группе и дошкольном классе названия разделов отражают процесс преобразования общечеловеческих ценностей во внутренний мир детей - мир любви и добрых чувств, где главным субъектом познания и деятельности является счастливый человек с добрым сердцем, любящий и людей, и природу, и свой край, и Родину. Таким образом, на второй ступени нравственно-духовного образования - в дошколе — в полной мере начинает осуществляться процесс самоосмысления, самопознания.

МАЗМҮНІ

1. *Қайралапова Қуаныш Байдрахмановна*
2. *Амантай Жұлдыз Ағыбайқызы*
3. *Тоқаболат Айсұлу Үсентайқызы*
4. *Ділданова Надира Көмекқызы*
5. *Байзах Үміт Әзімбекқызы*
6. *Құлтаева Толқын*
7. *Сейдуалиева Аида*
8. *Қарабекова Бұлбұл*
9. *Шәмшат Ұлбазар Жиенбайқызы*
10. *Калдыбекова Жанат Байжановна*
11. *Мамырова Гулмира*
12. *Дүйсенби Қалия*
13. *Маханова Ғалия*
14. *Мәдібек Гүлжанат Зарқымқызы*
15. *Оразалиева Жәмиля Рысқұлбековна*
16. *Алиева Роза Усанқызы*
17. *Тұрымбет Рахия*
18. *Қурманова Жансая Сериковна*
19. *Жусупова Нургуль Қарибаевна*
20. *Байдилдаева Ханзада Байсалбаевна*
21. *Нұғыманова Құлжанат Кабикановна*
22. *Болдыханова Гулнарис Кабыкеновна*
23. *Керейбаева Мейрамгуль Мырзатаевна*
24. *Сейтказина М.М.*
25. *Касимова Гүльнара Сайкеновна*
26. *Туктубаева Айгуль Кабасовна*
27. *Жумаханова Гүльмайра Кабасовна*
28. *Баймуратова Гүльжан Токтаровна*
29. *Бакиева Анаргуль Раимджановна*
30. *Низамова Камола Усановна*
31. *Думиебаева Гүльжахан Сатыбалдиевна*
32. *Оспанова Гүльжанар Женисовна*
33. *Әжібаев Н.Ш, Алиханов Ж.Ж, Аманова С.Т.,*
34. *Әжібаев Н.Ш, Жұмашев Б.А, Абуов Ж.А.,*
35. *Қайруллина Ләйла Жолмұханқызы*
36. *Аманжолова Жанара Сатқаримована*
37. *Аханова Балия Балташқызы*
38. *Бабаханова Алтынай Қайратқызы*
39. *Байжуманова Шынар Кабдығалиевна*
40. *Бекбергенова Замзагуль Турсыновна*
41. *Қабдоллина Шынар Жұмасейтқызы*
42. *Комаров Максат Турағалиевич*
43. *Сүлейменова Жумабике Сейлхановна*
44. *Бегежан Перизат Аманкелдиқызы*
45. *Мусаева Улбала Абибуллаевна*
46. *Мусабекова Макпал Глеубалдиевна*
47. *Қыпчакбаева Бибитқұл Сахиевна*
48. *Қалымбетова Динара Абдихаликовна*
49. *Егембердиева Загида Манатовна*
50. *Рсқалиева Акқумис Мадиевна*
51. *Бейсенбаева Айнагуль Бекмуратовна*
52. *Аханбекова Лазат Женисовна*
53. *Токбергенова Қулайра Жидебаевна*
54. *Рустемова Бағдат Мейрамбековна*
55. *Шалабаева М.Т.*
56. *Умбетова Гүльмира Борисовна*
57. *Мақұлбекова Гүлдана Ордабекқызы*
58. *Ерғалиева Тілекші Сексенғалиқызы*
59. *Мамаков С.К, Турсунжанова Л.Н*
60. *Дияра Мирзахмедова*
61. *Лола Хамзаева*
62. *Көшкенова Жанбота*
63. *Қонақбаева Перизат Лесбековна*
64. *Суатбаева Венера Тынышбаевна*
65. *Бейсенбаева Айнагуль Бекмуратовна*